

**МӘРИЯМ  
МҰҚАНОВА**



**САҒЫНЫШЫМ-  
СӘБИТІМ**

Сообщение № 100  
меняется, expectation  
и негативные ожидания  
изменяются, изменяется  
потребность в информации  
и информационный  
сканер срабатывает.  
Все это происходит  
взаимосвязано и взаимоусловно.  
Изменяется сканер  
и сканер меняется.  
Мартин Льюис Келли  
14.06.2000

МӘРИЯМ  
МҰҚАНОВА

**САҒЫНЫШЫМ –  
СӘБИТІМ**

Алматы  
«Өлкө»  
2000

83.3(5К23)

М&4

Елбасыныздың Жарлығымен 2000 жыл – мәдениетті қолдау жылы болып жарияланғаны белгілі.

Бұл естелік кітаптың шығуына қаржылай демеушілік көрсеткен «Султак» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі 1991 жылы құрылған. Жетекші директоры Алмас Өмірзакұлы Султангазин. «Султак» ЖШС-ның негізгі қызмет түрі – аудио-видеотехникаларды тарату. «Panasonic» фирмасының дистрибутері болып табылады. Қазақ мәдениетінің дамуы үшін үнемі демеушілік қолдау көрсетіп келеді. Соның бір айғағы – осы естелік кітап. Шын жүректен алғысынызды білдіре отырып, «Султак» ЖШС-іне әрдайым сәттілік тілейміз!

34803

М. МҰҚАНОВА, Сағынышым – Сәбитім (Естелік).

Алматы: «Өлкө», 2000 – 104 бет.

ISBN 5-7667-9434-7

Халықтың зор құрметіне бөленген Сәбенің – Сәбит Мұқановтың сүйікті жары Мәриям Қожахметқызы Мұқанованың естелігі 1993 жылы «Менің Сәбитім» деген кітапша болып жарық көрген еді. Биыл жазушының 100 жылдық мерейтойы ЮНЕСКО шешімімен аталаған отін жатқан тұста естелік толықтырылып, өндөліп, қайта шыгарылып отыр.

© «Өлкө»

**Сәбит туралы естелік айтуға мен жалықпаймын, шырағым.**

Бүкіл өткен өмірім алақандағыдай, ап-айқын. Санамда құн сайын жаңғырып, небір әдемі көріністер көз алдыннан жылжы сырғанап, телевизордан өз өміріндегі өзім көріп отырғандай әсерде болам кей-кейде. Сәбит кеткелі ширек ғасырдан асса да, жатсам-тұрсын ойлайтыным өткен өмірім. Сәбит өлген жок, тірі деп өзімдегі өзім сендіргенім сондай, таңтертең үйқыдан тұрғанда шалым серуенге кетіп, қазір оралардай сезінем кейде. Төсегімдегі асығыс жинап, тездеп шайымды қоямын.

От басында Сәбен қандай еді, еске түсіріп көріңіздің дейсін-ау, қалқам, оны еске түсіруге несіне киналамын, көнілімде бәрі сайрап тұрса...

Мен үшін Сәбит тірі, оның рухымен құн сайын тілдесіп отырамын. Кеудендеңі шыбын жаңың басқа болған соң, жүре береді екенсін. «Сәбиттің қырқын бергенше шыдасам жарап еді» деп ойлаған Мәриям, міне, Сәбитсіз тіршілік еткелі де 27 жылдан асты... Сонда маған қуат беріп, екі аяғыннан тік түрғызып жүрген – осы Сәбиттің рухы. Екіншісі – Сәбиттің музейі. Өткен өмірдің көмексілентібей, кайта жылдар өткен сайын жаңғыра түсіү осы музейдің аркасы.

Сәбиттің жұмыс кабинетіне келіп, диванға отырып, жаңажағыма қарасам болды, осы кәзір өз кіріп келердей елегізимін...

Қайтплас сапарға аттанғалы ширек ғасырдан асып бара жатса да, әр жұма сайын басына барып, гүлімді қойып, құлпытасын сүртіп қайту мен үшін осы жылдарда бұлжымас қағидаға айналды. Мына өздерін қунде кеңсеге асығып жетесіндер ғой, сол сиякты, басқа шаруаны коя тұрьп, алдымен Сәбитке барамын. Бар жаңалығымды «бөлісемін», балалардың тіршілігін сөз етемін, немере-шөберелерінің өмірге келіп жатқанын айтып, «есеп» беремін. Менін өмірімнің мәні, тірлігімнің сәні – осы.

Сәбит екеуіміз 47 жыл бірге өмір сүрдік. «Мәриям, 50 жылдық тоғымызды дүрілдетпіп бір жасайықшы! Баяғыда сені алғанда тіпті ырымын да жасай алмадым-ау» дейтін. Үш-ак жыл қалып еді... Тағдыр шіркін, сол бір аз ғана жылды да қимады-ау, бізге!

Тұмысынан жетім, бірге туған тұысы жоқ Сәбит төрт үл; екі қызға әке болды. Тым жұмсақ еді, балаларға үрсып, зекіп көрген жан емес. Қайта мен қаталмын, зіркілдеп үрсып жатсам: «Мәке, осылардың бірін аға, бірін іні, бірін нағашыдай көріп, еркелетіп ұстайықшы. Осылардан басқа кіміміз бар» деп отыратын. Ал, менін оларды еркелетуге уақытым жоқ еді. Өйткені, бар шаруа өз мойнымда. Сәбиттің көңілі алан болмасын, жазуынан қалып қалмасын деп шаруашылыққа мұлдем араластырмайтынмын. Қыста жағатын отын-көмір бар ма, балалардың киім-кешегі бүтін бе, қыстық соғымның жайы қалай, мұлде шаруасы болмайтын. Екеуіміз қосылған күннен бастап біз үшін ең маңызды нәрсе – Сәбиттің жазуы болды. Ол кезде қолына қалам ұстаганның бәрі қадірлі еді-ау, шіркін. Жазушы деген жоқтың қасы, қолмен жинағандай еді.

Осы тәртіпке балалар да жастайынан үйреніп, әкелері жазу үстеліне отырған кезде үйде бар-жоқтары білінбейтін. Қонақ келген кезде де, баласы жоқ үй секілді, тым-тырыс болатынбыз. Алты баламыз бар екенін жақын жүргендер болмаса, шеттен келгендер аңғармай да қалатын. Әлде біз тым қатал болдық па, әлде сол заманның балалары ерекше ме еді, әйтеүр осылардың қалай өсіп, адам болғандарын байқамай да қалған сияктымын. Балалар жайлы кенірек тоқталсаңыз дейсін бе... Е...е, қарағым-ай, көңілі бүтін кім бар дейсін, әйтсе де «Балалардың алдында алсан екен» деген тілегімнің де шеті кетілгендей. Сәбиттің Арыстаны, Мараты мен кіші ұлы Ботажаны бұл өмірде жоқ қазір. Алғашқы көрген немереміз, атасының мойнына сап, еркелеткен Бақытжаны да о дүниелік. Осылардың қазасын көру маған оңай соққан жоқ. Бір қауым ел едік. Селдіреп-ақ қалғандаймын...

Маратым әкесінің үміт артқан баласы еді. «Ақылды тентегіміз» қолына қалам ұстап, әкесінің жолын куды. Елге танымал тарихшы, ғылым докторы атағын да алды. 69 жасында кете барды. Артында көп енбектері қалды. Жалғыз ұлы Балапаны қалды. Жақындаған келінім – Мәриям (оның аты да Мәриям) жылын беріп, басына жақсы ескерткіш қойды. Риза болдым.

Ботажан 1937 жылдың толі еді. Шілдеханасында Сәкен аға қалжындалған: «Мұның атын Бұзаужан деп неге коймадындар» деп күлтепі бар еді. Ол кеткелі де алтыншы жылға кетті. Ұзак жылдар

бойы осы Алматыдағы Ботаника бағының агрономы бол істеді. Ұлымның қолымен егілген қашшама ағаш жайқалып тұр... өзі болса 50-ден енді аса бергенде кете барды. Аздың көбеюі, көптің азаюы – Ботажанымның көзіндей бол Адай атты немерем жүр.

Сәбит балаларының бетінен қақпады. Жолдарынан да қалдырмады. Арыстан мен Маратты Мәскеуге, Алтай мен Ботажанды Ленинградқа (Санкт-Петербург) жіберді. Балалар жаман болған жок. Бәрі де өмірден өз орындарын тауып, жұрт қатарлы тіршілік етуде.

Алты бала бір төбे де, Сәбиттің өзі бір төбे еді, жарықтық. Бақшаға апаратын баладай, жұмысына баарда тамағын беріп, киініріп, папкісін қолына ұстасып, есікке шейін шығарып салушы едім. Кейін жас ұлғайған шағында: «Мәке, мені жолға салып жіберсенші», – деп отыруышы еді. Тіпті, өзі күнде мініп жүретін мәшинесінін нөміріне шейін ұмытып қалып, екі күннің бірінде менен: «Мәке, осы біздің мәшиненің нөмірі қандай?» – деп сұрап жүретін. Мен сол кезде кәдімгіләй ызы болатынмын: «Жазған-ау, осы сен не білесін? Союздың жұмысынан басқа білерің бар ма!» – дейтінмін. Ондай кезде құлетін де қоятын. Сәбиттің балаға лайық кейбір мінездерін осы күн жі еске аламын. Оның жүртттан бір ерекшелігі – қалтасына ақша салмайтын. Жұмысқа баарда «қалтаңда жүрсінші» деп, салсам да, қалдырып кетеді. «Түсіріп аламын, маған ақша не керек» дейтін. Күнде кешке жатарда: «Мәке, күлсалғышымның астына бір сом қыстыра сал. Таңертең қырыншы келемін», – дейді. «Оу, күнде бір сомдап жүргенше, алсайшы адам сиякты» десем де, көнбейтін. Таңертең ерте оянуышы еді. Менің үйқымды бұзбайын дегендей сыйбырыз орнынан тұрып, шығып бара жатады. Мен жатушы ма едім! Тұрып, үйімді жинастырып, шалымның ертегілік шайына жұмсақ нан, не ыстық құймақ пісіре қоямын. Салқын қазыдан турап, үстелді жасап қоямын. Сәбитім кешіккен соң, «көрінбей ме екен» деп балконға шықсан, қасында біреулер бар, орындықта әңгімені соғып отырады. Мені қозі шалып қалып: «Ал, жігіттер, Мәкеннің шайын ішіп кетіндер» деп ертіп келе жатады. Екеуден екеу оңаша қалатын кезіміз сирек еді. Кейде: «Бәлі, мен сені үйлітасын деп үйге кірмей жүрсем, сен талай шаруаны тындырып койыпсын гой» – деп риза кейіппен арқамнан қағушы еді. Мен де риза, ол да риза, керемет бір жаймашуак, жып-жылы күндер еді гой ол кез.

«Отыз ұлыннан осырақ шалын артық» деген сөз біздің Сәбиттей адамдарға айтылған болар-ау деп ойлаймын. Эйтпесе, шаллардың бәрі бірдей емес қой...

Қыстық соғымның да міндепті өз мойнымда болушы еді. «Соғым таңдау – ер адамның жұмысы. Өзің бар» – деп айтып көрмегіпін. Соғым түтілі, Мәриямсыз киіне де алмайтын Сәбиттен не сұрапсын! Қалам ұстағаннан басқа өнері жок еді, жарықтық!

Мен аяқ-табағымды даярлап, соғымды сойғызып алып келу үшін жиналып жатамын. Менімен көбінесе Арыстан жүреді. Сәбит болса, қипактап: «Ал, Мәке, соғымың семіз бол, көңілді орал», – деп тілеуімізді тілеп, шығарып салады. Қашан мен келгенше орнығып отыра алмай, терезеден қарауыл қарап, жүреді де қояды екен. Есіктің алдына мәшинемен келіп, түсे бастаймын. Бірден терезеге қараймын. Сәбиттің басы қылт ете түседі. Күтіп жүргенін көріп ішім жылып кетеді. Сол кезде үйдегі қыздарға: «Шешелерің келді. Тездеп тамактарыңды ысытындар. Шәй дайын ба? Соғымы көңілден шыққан болу керек, жүзі жайдары екен» – деп балаша байыз таппай, әрліберлі жүріп кететін көрінеді. Мен баспалдақпен жайлап кетеріліп, екінші қабаттағы есігіміздің алдына жеткен кезімізде, көптен көрмеген досын көргендей, есікті айқара ашып, құліп, қарсы алдында тұрады. Қайта оралмас құндер-ай! Сол кездегі ыстық ықылас, риясыз көнілге мына дүниеде тен келер ештеңе жок екен-ау!

Сәбитпен бірге талай-талай алыс жерлерге салар шектім, небір жақсы-жайсандармен дәмдес болдым. Балалардың жас кездерінде де Мәриям онша кинала қоймайтын. Үй шауасын түннің бір уағына шейін жүріп, тындырып, балалардың тамағын даярлап, құндіз түк көрмегендей кино -театрымызға барып, бақшага барып, қыдырып, өңкей жас әйелдер сак-сак құліп, шалқып жүруші едік, шіркін. Осы арада ұмытпай тұрганымда, бір қызықты айттайын. Ен кіші қызымыз Жанна 1945 жылты туған. Арыстан сол кезде 18 жаста. Жаз кезі. Алматыда футбол болады екен деп жұрт дүрлігіп жұр екен. Жаннамыз үш-ақ айлық. Сәбит: «Мәриям, футболға барасың ба?» – деді. Мен қалушы ма едім, баланы еміздім де, Арыстанға тастанап кете бардым. Футбол керемет қызық, таңсық ойын екен, жуық арада біте қоймады. Бала естен шықкан. Емшектің

сызыдағанын да елең қылмаппыш. Кешке қарай үйге келсек, баланың іші тырысып, кеуіп кеткен. Жылаған сайын, Арыстан бөтөлкеге құйып, даярлап кеткен сүйік тамакты үздіксіз бере беріпті. Өзі ашулы, әбден шаршаған. Эй, жастық-ай, десенші! Ойын-сауық десе, құлағымыз елендеп, тықыршып тұра алмаушы едік. «Пәлен жазушы Мәскеуге жиналышқа жүрейін деп жатыр екен» деп естісек болды, «жолың болсын» айтуға жиналамыз дуылдасып. Мәскеуден келер кезде, улап-шулап қарсы алып, тағы бас қосамыз. Әйтеуір, күнде қызырыс десем, өтірік емес. Бір-бірімізді көргө асық боп, ұшып тұруши өдік. Сағындым сол күндерді!

Сәбит көпшіл еді. Орыс болсын, украин болсын, қай ұлт болмасын бәрі де бізді құшақ жая қарсы алатын. Солардың бәрімен де тіл табысып, шүйіркелесе кететін. Түрікменмен кездесе қалса, түрікменнің бір тарихын, латышпен кездессе, сол латыштардың бірдемесін айта жөнеліп, аналардың аузын аштыратын. Ішімнен: «Қайдагы-жайдагылардың бәрін түгендеп, қай уақытта үлгереді бұл» деп таң қалушы ем кей кезде. Адамдармен қарым-қатынаста өте қарапайым болатын. Дүйім халықтың оны қатты жақсы көрү де содан болар. Өте қонақжай еді. Елден келген адамдардың бәрі де Сәбитті іздейтін. Кей-кейде қажып, әйелміз ғой, күнкілдеп ренжісем де, Сәбитке білдірмеуші ем. «Бәленшениң баласы үлкен қызметкер болыпты, үйіне кісі келсе жақтырмайды екен» деп айтар деп бар қонағын қабақ шытпай күттім. Сол әдеттен әлі де арыла алмай келемін. Аяқ астынан біреу Сәбиттің үйін іздел, кіріп келер деп, әрдайым қамырымды даярлап, етімді пісіріп, өзімше сактанып отырамын. Келген адам ас-су ішіп кетпесе, өрескел ұят санаймын. «Қазір заман басқа, арнайы шақырмасан, ешкім де бас сұқпайды, несіне әбігер боласыз» дей ақыл үйретушілер көп-ақ, маңайымда. Бірак, үйреніп қалған әдет, жайбаракат бәрібір отыра алмайсың. Құдайға шүкір, «Сізге сәлем беруге келдік» деп іздел келушілер баршылық. Шалдын аркасы ғой, әйтпесе, жұрт Мәриямды не қылсын.

Алыс бір жаққа жол жүрерде Сәбит мені қасынан қалдырғысы келмейтін. Мына тұрған Мәскеуге де жалғыз бармайтын. Ыдыс-аяғымды, кесе-шәйнегімді сүйреп бірге жүремін. Сәбит қазы-қартаны молырак салдырып, кездескен жүртты сыйлауға күні бұрын камданып жүреді. «Біздін

келгенімізді естісе, елдің жігіттері келеді ғой» деп отыратын. Шынында да, қайдан естіп қоятындарын білмейсін, «ассалаумагалейкум» деп алдымыздан шығып тұрады.

Кейде мен: «Осы жолы үйде қалайын. Жұрт сез қылатын шығар, қасынан қалдырмайды екен деп» десем де, көнбейтін. «Үйдің тірлігінен қажисың ғой, жур. Балаларға Арыстан ие болады. Серіп қайтасың» дейтін. Кешкі асымызды ішіп болғаннан кейін күнде кешке екеуіміз серуенге шығамыз. Дастирханды балалар жинаиды ғой деп асықтырып алып шығатын. Екі күннің бірінде театрга барушы елік. Жаңа спектакль болса, жүрттың алды болып көреміз. Осы күні сендерді байқап отырсам, театр, концертке бардық дегенді айта қоймайсындар. Е-е, замандарың осындаи болып тұр ғой, кінә жоқ. Ал, Сәбит театр десе ішкен асын жерге қоюшы еді. Мәскеу, Ленинград қалаларында болған сайын театрға бармай кеткен күніміз жоқ. Затымыз әйел болған соң, қызылды-жасылды дүниеге де қызығамыз ғой. Ол кезде жақсы дүниенің бәрі Мәскеу мен Ленинградта. Алматыда іздеғен дүниенде табу оңай емес еді ғой.

Таныстың танысын іздеپ әуре болушы ек. Қазір ғой, ақшаң болса, қалағаныңың бәрі бар. Ол кезде басқаша болатын, Содан, Мәскеуге келгеннен кейін, дүниенің дүкеніне барғым келеді де тұрады. Өзім ғана емес, қашшама жазушылардың әйелдері тапсырған заттары бар. Солардың бәрін де ренжітпей, ала баруым керек. Сәбит болса, алдымен кітап дүкеніне барады. Керек кітабының бәрін балалар мәшинеге тиеп, кітаптарды үйге жеткізеді. Музейдегі 4 мың кітап осылайша жиналған. Балашага, тамыр-таныс талай сұрап келсе де, бір кітапты бермедім. Қашсан музейте тапсырғанша, айрылып қалардай, мазам болмады. Осыны оқыған жұрт ойлар: «Не деген қаттылық, қалаларынан да аяғаны ма» деп. Шынымды айтсам, Сәбиттің қалам-қағазын, кітабын, ол түгілі жазу жазған бір парагын да жан біткеннен қызғандым. Балалардан ештеме аямайсың ғой, бірақ солар қадірлей ала ма деп қорқасын. Ол заманда жүрттың бәрі орысша оқыды. Заман орысша білгенге жол ашты. Ал, Сәбиттің кітапханасындағы небір қазақша қисса, ертегілер, батырлар жыры жылдар бойы тірнектеп жиналған дүниелер еді ғой. Оның Сәбит үшін қаншалықты қымбат болғанын мен ғана білемін. Өйткені, мен өмір бойы Сәбитпен бірге жүріп, сол кітаптарды бірге арқаладым.

Телевизор деген де кейіннен пайда болды ғой. Алғашкы

кездері балалармен бірге біз де қызықтап, көріп жүрдік. Жүре келе, Сәбитке осы телевизор ұнамауға айналды. Кейде қызықты кино болып, мен де отыра қаламын, балалармен бірге. Ондайда әрлі-берлі жүріп келіп: «Мәке, қойшы осы телевизорды. Балалар көре берсін. Жүр, екеуіміз кабинетке барайық. Әңгіме соғайық» – деп ақырын иығымнан қозғап алыш кетеді. «Мен не әңгіме айтушы едім? Үйде отырып қалған әйелмін. (Әдейі шымшып айтамын. Оқытпадың деген өкпем ғой. Қайдағы бір шұбатылған әйелдер өздерінше оқымасты болп жүр ғой. Мені оқытқаныңда бір жерден шығар едім-ау деймін ғой, бағы.) Әңгімені сен айт, далада не қызық болыш жатыр екен» – деймін. Сөйтіп, сен айт, мен айт деп отырып қызу әңгімелесіп кеткенімізді байқамай да қаламыз. Жазуын жазған кезде өзімен-өзі ғой, ал былайғы уақыттың бәрінде де ойымыз да, көnlіміз де бір болатын. Оқытпадың дегеннен шығады. Әлгіндеңідей өкпемді айтқанымда, Сәбиттің сондағы жауабы әлі күнге шейін құлағымда тұргандай: «Әй, Мәриям-ай, сен оқымасан да, өмір бойы биктे жүресін, соны есіне үста» деп еді. Шалымның айтқаны келді, көnlімді ешкім жүдегітіп көрген емес...

Сәбит менің әдемі киініп, жайнап жүргенімді қатты ұнататын. Тек көйлектің жаға-женінің тым ашық болғанын қаламайтын. Мен бір жана көйлек тіктіреп кезде: «Мәке, молдау қылып тіктір. Етегі тізеден төмен болсын» – деп отыратын. Жана көйлекті киіп, әрлі-берлі жүрсем: «Түү, жайнап кеттің ғой!» – деп балаша мәз болатын. Бірақ, менің қызыл тұстіден көйлек кигенімді ұнатпайтын. Бір жолы оған ұнамайтынын білсем де, адудын мінезіме басып, қызыл крепдешиннен көйлек тіктірдім. Қып-қызыл дейтіндей де емес, күрен қызыл. «Кәртейіп тұрган жоксын. Біз қатарлының бәрі киеді» деп қыздырушылардың да әсері болды. Сонымен, көйлек дайын. Барып алыш келдім де, шифонъерге іліп койдым, арғы жағым біртүрлі, кипактап жүрмін. Бір күні конакқа баратын болдық. Не де болса, киейін деп, жаңагы крепдешин көйлекті кидім. Жарасып-ак түр. Қымбат мата. Жұрт қызығатындай. Аяқта біз өкше, кара туфли. Қап-қара қалың шашты тоқпақтай ғып түйдім. Қырықтың ішіндегі кезім ғой. Қайран, дәурен-ой! Сол кезде ғой өзімізді көрі санаймыз. Қайдағы! Қазір ойласам, ең бір әдемі кезіміз екен. Содан, қызыл көйлекпен

Сәбиттің көзіне көрінейін. Алғашында жарқ етіп көрінгеніме таңданғандай бол, іле-шала: «Қылымсыған қатыны – қызылдан көйлек киеді» деп Шал ақынның айқаны бар еді... деп ақырын күнкілдеп, әрі бұрылып кеткендей болды. Қонақта отырған ғұрлы болмадым, маза жоқ. Көп ұзамай ауылдан көп қонақтың бірі бол, менен де кәрілеу бір женгеміз келе қалды. Қуанғаным-ай! Құрметтеп қызыл көйлекті сыйладым. Разы бол ол кетті. Содан былай қызыл көйлек кимедім.

Сәбит келіндерін де қатты қадірледі. Біреуіне оғаш сөйлеп, көңілдерін қалдырган емес. Үлкен келініміз Энгелина – Фабиттің тұнғышы (F. Мұсірепов. Г.К.) Арыстан екеуі көңіл жарастырып, қосылды. Он төрт жыл бірге тұрдық. Өзі де момындау, менің адудын мінезімді ұндемей женеді. Ишай дескен жоқлыз, біздің Баян мен Жаннамыздай болды. Әбден бауыр басып кеткенімізде, келінімізben жылап айрылыстық. Үйіміз қарама-қарсы. Балконға шықсақ, бір-бірімізді көреміз. Сол карыс жерге көшерде жаман қиналдық. Алғашқы күндері біздің үйден тамақ ішіп жүрдік. Қашан үренискеңше екі арада сабылып жүрдік те қойдық.

Арыстанның бес баласы да менің бауырымда болды десем, артық айтқаным емес. Алғашқы корген немереміз – Бакытжан, Нәйла, Кәмилә, Кәрім мен Сәкен – бәрі де бізге үйір болды.

Нәйләмді ерекше атағым келеді. Атасының үлкен үміт артқан немересі. Кішкене күнінен ерекшелесу, пысықтау болды. Оқуға да зерек, атасының шығармаларын шет ел тіліне аударып, тілмәш болсынши деп, францууз тілінің мамандығына оқыттық. Үлкенмен де, кішімен де тіл табысып сөйлесе алады, сөзі де, ісі де орнықты. Атасының музейін 15 жылдай баскарып, күйеу баламыз – Мұраттың қызмет бабымен қазір Америкада жүр.

Кәмиләм, қасымда жүрген қарғам, сенерім осы қыз. Қандай тапсырмам болса да, екі етпей орындалап, үкідей ұшып тұрады. Ақкөніл, акжүрек. Мінезі Сәбитке тартқан. Мұны берген күдайға да рахмет дег отырамын.

Орыстан келін алу біздің де маңдайымызға бұйырған. Ортанышы ұлымыз – Алтай Ленинградтағы инженерлік оқууды оқыды. (Инженерлік-күрілсіз институтының әскери-теніз факультеті. Г.К.). Оқуын аяқтаған соң, осы Валяны ертіп келді. Үкінің баласындағы үлпілдек, үріп ауызға салғандай сүйкімді бір жан екен. Жасырып не керек, Сәбит басында

қиналды. «Апыр-ай, Мәриям-ай, біздің де бала орыстан алды-ау» деп киналды. Кейін осы Валя үйге келсе, қасына шақырып алып, аркасынан қағып еркелететін болды. Көнілге құдік ала келген келініміз қазағыңдан артық болмаса, кем болған жок. Алтайымды қандай қүтеді! Өздері сондай тату. Нұрланы мен Ләйласы да тәрбиелі балалар.

Ағасынан үлгі алды ма екен білмеймін, Ботажанымыз да бір күні Люда келінімізді ертіп кіріп келді. Бір кездегі күмірсқа бел келінім осы күні байсалды бәйбіше. Обалы не керк, бетіме қарсы келіп көрген жері жок, мамалап-ак тұрады. Осыларға бір риза болғаным – аталарының қазасында дауыс сап зарлағандарын көрсөн! Айналайындар, жиналған жүртты жылатты ғой! Зарламай қайтсін, Сәбит те бұларға тұған әкелеріндей болды. Арқаларынан қағып, балаша еркелететін. Бұл күнде келіндер де аталарының сол қылығын сағынышпен еске алып отырады.

Қыздарын ерекше көруші еді. Төрт үлдан кейін тұған қыздар төтті болды. Осыларды қүйеуге берген кезімізде: «Жанымдай жақсы көретін балаларым еді, қайтіп басқаға қып, көзімнен таса қыламын?» – деп көнілі босамасы бар емес пе? Мен: «Баяғыда ғой, мені он алты жасымда ауылды шулатып, әжемнен айырып алып, жер түбі – Қызылордаға алып кете бардың. Құдай-ау, сонда орта жолда тастап кете барсан, ауылдан шығып көрмеген, бір ауыз орысша білмейтін мен байғұс, далада қаңғырып қалам-ау, ә! Ал, қазір ғой, жастары келген қыздарыңа жылап отырысың» – деп сейлей бастаймын. «Апырай, Мәке қатты екенсің ғой» – деп тағы бастайды. Осы күні екі қызым Баян мен Жанна әкелерін еске алғанда сонысын айтып, жылап-жылап алады. Баяннан Асқар атты немерем бар. Ал кіші қызым Жаннаның өзім өсірген Гауһары мен Есен атты ұлы бар.

Бірге өткізген жарты ғасырға жуық уақыттың ішінде Сәбит екеуіміз көніл қаларлықтай ауыр сез айтып көрмеппіз. Қас-қабактан үғысып, нені болса да түсіністікпен қабылдаушы едік. Таңертен үйқыдан оянғанымызда бір-біріміздің жүзімізге үніліп, қалай үйықтағанымызды сұрасып, бәйек болушы ек. Өз балаларымыздың алдында болсын, былайғы жұрт алдында болсын, бір-біріміздің қадірімізді түсіріп көрген емеспіз. Ерлі-зайыптылардың бір-біріне қадірлі болуы екеуіне де байланысты

ма деп ойлаймын. Жазушының да жазушысы бар. «Мен ақынмын, жазушымын, маған бәрі жарасады» деп жынды суға үйір болып, бала-шагасын ұлардай шулатқандарды да көргенбіз... Мениң пешенеме Сәбиттей жазушыға жар болуды жазыпты. Мандайымның бағы бар, әйтпесе бір әкеден жалғызын, туған-туыс жоқ. Осы күні Мәриямның не боларын бір құдайдың өзі біледі. Қыздарым қалжында: «Біздін папамыз болмаса, баяғыда бір сасық байдың баласына тиіп, ауылда қалар едің» деп әкелерін аспандатып отырады. Олары рас, кішкене күнімде бір байдың ұлына атастырып қойған екен. Заман өзгеріп, ол байғұс Сәбит әкетіп бара жатқанда тыпты етуге шамасы келмей қалыпты.

Біздің Сәбиттей адамға жар болу әрі онай, әрі қыын. Онай дейтінім, ол табиғатынан өте жұмсақ адам еді. Алаканы қандай жұп-жұмсақ, жып-жылы болса, жаны да сондай нәзік, мейірбан болатын. Ерек болып орынсыз не бала-шагаға, не өзіме зіркілдеп, дауыс көтеріп көрген емес. Жақының жаттай сыйлау деген осы болар, сірә. Алғаш қосылғаннан бір-бірімізді сыйлай білдік. Өзінді еркелетіп, арқаңдан қағып отыrsa, ондай жазушыға куана-куана жар боласын. Онай деуімнің мәнісі осында.

Ал, енді қыынына келейік. Тағдыр қосып, ақын-жазушыға жар болған әйелге өз қара басының камы дегенді ұмыту керек. Егер үй боламын, үрпак өсіремін десе. Өйткені, сенің құдай қосқан қосағын құнделікті қарапайым тіршілікке бейімсіздеу келеді. Оның есіл-дерпті өзінің жазуы. Қаламы жүрмей, ойындағысын қағазға түсіре алмай қиналса, жалғыз өзі ғана емес, бала-шагамызбен түгел берекеміз қашып, аяғымыздың үшінан басып қалушы ек. Өстіп жүрген адамға қайтіп қана «анау жоқ, мынау жоқ» деп тіршіліктің ұсак-түйегін айтып мазасын аласын. Біздер кең заманда өмір сүрдік. Адамдардың ниеті де кен еді. Жасырап кезімізде болмаса, таршылықты біле қойған жоклыз. Жүрттың бәрі ақын, жазушы болсам деп үмтүлатын. Қалам ұстағанның бәрі қадірлі еді. Бойында құдай берген талантты бар адам жерде қалмайтын. Ал, казір бәрі керісінше болып жатқан тәрізді. Мен білетін біраз жазушының «жазуды дөғардық» дегендерін өз құлағыммен естілім. Осыны естігендे: «Күдай-аяу, енді не істейсін? Жазудан басқа қолынан не келеді!» дептін шошынып.

Ақын-жазушы дегендеріңін былайғы жұрттан бір ерекшелігі – олар өте сезімтал. Байқамайтынды байқап, сезбейтінді сезіп кояды. Содан болар, түкке тұрмайтын нәрсеге ренжіп, болмашиға естері кетіп қуана салады. Құлуі де, жылауы да тез, киын дегенім осы. Қасындағы күйеуің күніне қырық құбылып отырса, сен де соның ынғайына жығылуын керек. Өйтпесен, үй болуын киын.

Өзінін отбасында қадірі болмаган еркектің далада да сыйлы болуы киын шығар. Бірақ Сәбит қадірін қолдан жасаған жоқ. Біз үшін Сәбиттің жазуы өміріміздің мәні болды. Сәбит алдымен маған осыны үқтыра білді. Сәбит арқылы жазушының бәрін жақсы көріп, сыйлай білдім. Алғаш қосылғаннан-ақ: «Мәке, мен алансыз болайын. Жазуыма жағдай жаса» деп еді. Ол тілегі орындалды, шаруашылыққа мұлде араластырғаным жоқ. Газды қалай жағып, қалай өшіруді де білмей кетті. Алдына дайын ас келеді. Басқаны ойлап бас катырып көрген жан емес. Мәриям – әрі еркек, әрі әйел. Міне, осылайша 47 жыл омір сүрдік.

1993 жылы Сәбиттің арамыздан кеткеніне 20 жыл болды. Тірісінде аралаған, дәм-тұзымызды бірге боліскең ескі көздердің біразын жинадым. Бар жиған-тергенімді дастарханға салдым. Өзімнің де, олардың да қанша жүрері белгісіз, тірісінде біразының бастарын бір қосайын дедім. Заман болса, мынау, құбылып тұрған. Сонда дастархан басында марқұм Мұхаметжан Қаратаев, өзі ауырып жүрсе де келген еді, өзіне сез кезегі келген кезде, толқып тұрып былай деді: «Алтыр-ай, Мәке, осы жасыма шейін талай жиынды көріп ем. Өмірден қайтқанына бір жыл, екі жыл, бес жыл дегенді естіп ем. Ал, бірақ мынадай «арамыздан кеткеніне 20 жыл болды» деп еске алғанды естіген де емен. Шіркін, Сәбен бақытты еken деп көзіне жас алды. Жиналғандардың бәрі де жылады. Себебі, бұлар жастары ұлғайып, күш-куаты кеміп, камкөңіл бол жүрген карттар ғой. Бәрінің де көкейлерінде «Біздің артымыз не болар еken» деген сауал тұрғаны сөзсіз еді. Мынау деген талай жазушының өзі кеткен соң, үйінен май иісі шықпак түтілі, есігінің қайда екенін де үмиттық қой.

Жақсы әйел кездессе – жазушының бағы. Жақсы әйел дегеніміз кім? Менің түсінігімде – ол әйел алдымен таза, үсынакты, берекелі адам болуы керек. Қазак «Шешесіне қарап

— қызын ал» дейді. Әйел адамның анау-мынау теріс қылықтарын түзеуге болар, ал салақты түзей алмайсын. Әйелі салақ үйде жылылық та, береке-бірлік те болмайды. Күйеуің жұмыстан келгенде есіктен төрге, төрден есікке шейін үйін ыбырысып жатса, өзінің шашын бодаланып, кір-кір халатпен алдынан шықсаң, пісірген тамағың дәм жоқ, тату жоқ ботқа болса, Сәбитті білмеймін, жұмсақ адам ғой; әй, өзім ерек болсам, ондай үйден өзім тұра қашар ем...

Баяғыда бала кезімізде «шіріген бай екен» дегендердің үйіне әжеммен талай еріп барған кезімізде, тіземізді бүтіп, жайгасып отыратын дені дұрыс тулақ көрмей, жиған жұқтерінің кір ісі қолқаны ататын сасық байлардың талайын қөргенбіз. Қолдағыны үқсатып, от басын жайнатып ұстau әйелдің міндеті. Ерек аз болсын, көп болсын тапқанын әйелдің колына әкеліп береді. Ал, сол азды жеткізіп, көпті көрсете білу де әйелге байланысты. Том-том кітаптары шыққан, күреп ақша тапқан талайлар болды. Солар бірақ берекелі болмады. Мол дүниені шашпай-төкпей ұстаудың өзі де өнер.

Сәбит қайтқалы 27 жылдан асып барады. Көзі жұмылған соң кітабының шығуы да сирелі. «Сәбиттің қалдыրғаны жететін шығар, Мәриямға ақша не керек» дегендерді де естідім. Ондайтарға айтарым: Сәбиттің жиған-тергені түгіл, жиырма жылдың ішінде атакты Арал тенізінің өзі де тартылып кетті ғой. Тенізден көлшік қалмағанда, Сәбиттің ақшасы не, тәйірі.

\*\*\*

...Сәбиттің балаға тән мінездері көп еді. Аңқаулығы елде жоқ анқаулық. Майын тамызып айткан сөзге жас балаша сенетін. Жап-жас қазақ жігіттерінің Сәбитті қалай қакландарына түсіргенін айтып берейін...

Сәбиттің 70 жылдық тойын өткізіп, абыр-сабыр басылған кез. Менің жұмысым бітпейді ғой, тағы да сол базарга кеттім. Керек-жарағымды алып, найқалып үйге келсем, әңгімені соғып, Сәбитті мәз-мәйрам ғып, бейтаныс екі жігіт отыр. Дастархан жаюлы. Қүрен шайды тартып, отыр, рахаттанып. Мен Сәбиттей емеспін, бірден елп ете коймаймын. Жойғана амандастып, оте бердім. «Мәке, келе қалғаның дұрыс болды-ау. Мына жігіттер Зайсаннан. Нәйла қызым озінді күттірмей. міне, ластархан жасап берді», — деді Сәбит.

«Е, дұрыс болған... Алыс жердің адамдары...» — деп сөзімнің аяғын жұта сойледім.

«Бұл жігітер мына Шамалғанға мал сатуға келіпті. Өзің билетін пәлен ақсақал, түген ақсақал маған сөлем айтыпты. Бізге арнап бір ту байталды қоса жіберіпті. Тағы бір аңшы қарт бар еді, сол кісі Алтайдың қызыл тұлкісінің терілерін таңдаш салыпты. Ертең мына жігітер байталды сол жакта сойып, мүшелеп, бір-ақ алыш келмекші... (Мен көз киығыммен жігітерге қарап қоямын; жылтырлау ма, қалай...) Қазір бір қыын жағдайға душар болып түр екен; әкелген малдарының справкасы дұрыс емес деп, 500 сом айып салыпты. Қысылғаннан маған келген ғой. Ертең малдары өткен соң, қайтарамыз деп отыр. Мәке, әкеле ғой», — деп Сәбитім ұшып отыр. Арғы жағым онша ұнатынқырамаса да, енді не істейсін, амалсыз ақшаны санап, әкеліп бердім. Сәбитке аналардың козінше не дерсін.

Әлгілер акша қолдарына тиісімен-ақ, лыпылдал: «Уақытымыз тығыз, милиция малды ұстап отыр. Апай, ыдыс-табағынызды дайында берініз, ертең түске шейін байталды сойып алыш келеміз», — деп сарнап түр. Жарайды деп біз кала бердік.

Таң атты. Тұс болды. Байталдың етіне арналған тегенетабақ дайын. Кеш болды. Тым-тырыс. Сәбит әлі жайбарақат. «Бүгін үлгермеген шыгар» — деп қояды ара-арасында. Бір күн күткен ештеме емес, бір апта күтіп, бір айдан соң құдерін ұзді. Ренжігенін білдіргісі келмейді. Мен анда-санда шымшылап, күлкі үшін тиіспін қоямын: «Тұу, мына байталдың семізін-ай, шіркін! Тұлкі жағалардың құлпыруын! Жаксы болды ғой, қымбат велюрден пальто тіктірейін», — деп әжуалаймын кеп. Сәбит қысылғаннан: «Антүргандар, алаяқтар екен ғой», — дей береді төмен қарап. Міне, осындаі қуларды. ла көрдік. Маған батқаны — жәрәйді, мені алласын. Эйелмін ғой. Халықтың аузында жүрген Сәбитті алдауға қалай ғана дәттері барды екен десенші!

Сәбиттің тағы бір қылышы есіме түсіп отыр. Осы күнгі музей ашылған үтеге 1965 жылы көштік дедім ғой. Жаңа үтеге кірген соң бір жаксы жиһаз алайық деп, осы күні музейде тұрган (конак үйдеті) гарнитурды алдық. Сәбиттің кабинетіне де шет елдік әдемі үстел, кітап жинаитын шкаф алдық. О

кездегі дүниелер қандай, шіркін! Қырық жылдай болды, әлі күнге өндөрін берген жоқ қой!

Бәрін орын-орнына қойып, жинап жүрміз. Бір кезде Сәбит бұрыннан тұрған, Алтайдан өзі арнайы сұрап алған, қолдан жасатқан бір ескі этажерка бар еді, соны сүйрелеп апарып, дәл төрге, жазу үстелінің қасына апарып қойып жатыр. Тым ескі екені су жаңа дүниенің қасында көрініп қалды. Алтай өскери қызметте көшіп-қонып жүрді ғой. Тұрактап бір жерде тұрмаған сон, мебель де жинай алмайды. Солдаттардың колынан шықкан этажерка. Сәбит соған қызығып, әдейі сұрап алған. Балалар, әсіресе, кіргиз қыздар: «Папа, мұлде келіспейді ғой, түрі жаман», — деп шу ете қалып, жағаларын үстады. «Қайтер екен» — деп мен тұрмын. Сәбит болса аспай-саспай: «Маған әдемілігі керек емес. Мына этажеркаға үйреніп қалғанмын. Құнделікті қажет кітаптарымды, қағаздарымды қоюға өте ыңғайлы», — деп бой бермей қойды. Алғашында бәріміз де риза болмай, жұрт көрсө күледі-ау деп, менсінбей жүрдік. Сәбиттің қаперіне де кірмейді. ЦК-ның Секретары келсе де, сол этажеркасын жатып кеп мақтары даусыз еді. Ол үшін жып-жылтыр, қарасаң жузін көрінетін гарнитурының түкке де қажеті жоқ еді. Сол этажерка музейде, Сәбит өз колымен қойған жерде әлі тұр.

Сәбит қайтыс болғаннан кейін бір жыл бойы үйден шықпай қара жамылып отырдым. Барлық шаруаны түзде Арыстан, үйде қасымдағы Нәйла немерем тындырып отырды. Кісі аяғы саябырысғанмен де, басылған жоқ. Жоқтауым да таусылмады. Іштегі өрт басылар емес. Біреу шын жаны ашып келеді, біреу осы қалай екен дегендей сынай келеді. Сол бір күн күндерде ылғи қасымнан табылып, көнілімді аулап, жұбаныш болған бір адам бар. Ол — марқұм тұған құдам Бутин Мәжікен деген кісі. Ұлы Ерік пен біздің кіші қызымыз Жанна үй болып, отау тіккен еді. Жанна келін боп түскен сон, көп ұзамай Мәжікен тамак өнеркәсібі министрінің орынбасары бол, қызметі жогарылады. «Келіннің аяғынан» деп өздері ырым ғып, Жаннаны жақсы көріп кетті. Құдам керемет пысық адам еді. Бауырмал, үнемі көнілді жүретін. Жәй жүрмейді, жұртты құлдіріп, езу жигызбайды. Сәбит қайтқан алғашкы кезде таңертең бір, кешке бір соғады. Толып жатқан шаруаның бәрі әйтеуір сонын аркасында озінен-өзі тынып жатады.

Ақылшы бол, жаңыма сүйеу болғанын қайтып ұмытармын. Сәбиттен кейін, бір жылдан аса өзі де қайтыс болды. Өмірінің соңғы сәтіне шейін мойымай, «Мәкес, өмір сүргім келеді» деп сөйлеп жатты. Менің қолымды екі алақанының арасына сап, Ерік пен Жаннаға ымдап, бірдеме дегісі келді. Бірак, айта алмады. Сірә, «ренжітпендер» деп мені тапсырды-ау деймін.

Сол құдамыздың есімде қалған бір қалжының айта кетейінші. 70-жылдық тойды өткізіп, ун деп жүрген кезіміз. Үйде Сәбит екеуіміз едік. Тұнгі сағат 10-ның кезі. Қыс. Бір кездे телефон шылдырлады. Мен барып алдым. Мәжікен құдамыз: «Мәке, Сабен екеуініз біздікіне келе қалыңыздар. Марғайша екеуіміздің бір сюрпризіміз бар. Келмесендер болмайды», – дейді. Телефонмен айта берсөнші, кеш бол кетті десем де, бой бермейді. Даусында бір құпия бар секілді. Бұл не болды екен, не де болса қуаныш тәрізді деп екеуіміз такси ұстап жетіп бардық. Барсак, қазанда ет қайнап, иісі бүркырап жатыр. Мәжікен қоңілді. Спортық костюмін киіп алып, жайран-жайран етеді. Марғайша да, мандайы жіпсіп, жаңа түскендей бол, сызылып ол жүр. «Ие, кәне әлгі сюрприздерініз? Жеті түнде жеттік қой!» – десек саспайды. «Е, асықпандар. Кәзір айтамыз. Жайласыңдар», – деп созылып болмайды. Ас үй жаққа барып, Марғайшадан жұқалап сұрап көрсем: «Өзі айтады, асықпа», – деп маңайлатпайды. Сәбит екеуі әнгімені соғып, мәз-мәйрам. Ет келді. Ішетіннің түр-түрін әкелді, дастархан кайысып түр. Тамактың министрінің орынбасары болған соң, үйінде не болмайды дейсін. «Ау, зарықтырмай айтсаншы әлгі сюрпризінді» деп тықақтап мен қоймаймын. Сейтсем, Мәжікен: «Сәбе, Мәке! Мына бізде – үлкен қуаныш. Марғайша – екікабат» дейді. «Кет әрмән, құлығын қара ойлап тапқан» деп мән-жайды түсіне қат, рахаттанып күлгениміз-ай! Сонда Мәжікен: «Өздерің айтыңдаршы, тұнгі сағат 11-де ет жейміз десем ғой, аттоңдарынды ала қашасындар. Ал мен, мына асты сендермен бірге жегім келеді. Не істеу керек? Сонан соң, Марғайшага айттым: сен, кыскасы, екікабатсың. Сәбендерді шакырып алып, соны жуамыз дедім. Бар болғаны сол», – құдамыз айласын асырып, бізді жеті түнде етке лықылдата тойғызып, үйге әрен дегенде жеттік. Керемет көпшіл еді, марқұм. Жас кетті. Сәбиттен 10 жастай кішілігі бар еді. Күйеу балам Ерік те әкесіне тартқан, еті

~~Тұрғынға болғаны. Ол да жастай кетті.~~

~~Бір күн «Академияданмын»~~ деп біреу келді. Жүзін төмен

34803

салып сейлейтін, қара бұжырлау ма, қалай? Сәбиттің әлі жылын да бермедік-ау деймін, осы. Әлгі жігіт: «Алай, Сәбенің архивінде Ахмет Байтұрсыновтың, Мағжан Жұмабаевтың кітаптары бар деп естідік. Сол дүниелерді маган берсеңіз, қарап шығайын» – дейді. Ақырдым кеп: «Әй, сендер дүние іздегіш болсандар, Сәбиттің тірі кезінде неге ізdemедіндер? Неге өзінен сұрамадың? Мені тұк білмейтін, сауатсыз, жаман кемпір деп отырсың ба? Әлде, енді Сәбит жоқ, жиган-тергені кім көрінгеннің қолында кете береді деп пе едіндер! Жоғал, көзіме көрінбей!» – деп қуып шыққандай болдым. Сәбит мұнданай кезде: «Сабыр ет, Мәке!» – деп басып отырушы еді. Артықтау кеткенімді кейін сездім. Құйік көтерген әйелде қайбір сабыр болушы еді. Беті жасырынбай жатып, тұртпектей бастағандары жаныма батты.

Осы оқиға маған үлкен ой салды. Ойлай-ойлай ой үшіншіна жете алмадым. Қаншама бала-шагамның ортасында отырсаң да, елсізде қалғандай болдым. Сәбиттің көз майын салбыратып, өмір бойы жазған, жиган дүниесін өзім тірі тұрсаң – сактауға тырысармын. Ал, мен кетіп қалсам, не болмак! Сәбиттің пәпкі-пәпкі қолжазбаларын, төрт мындаған кітебі бар кітапханасын қайтсем шашпай-төкпей, ұстағанның қолында, тістегеннің аузында кетірмей сақтап қаламын деп тұндер бойы көз ілмей ойландым. Жақын көріп жүрген жазушылардың бір-екеуімен музей ашу жайлы ақылдастып ем, «Қайтесің соны, үйіңен айрылма» деп ақыл берді. Сәбитке өзімнен басқа жанашир жоқ екенін сездім де, ақыры бір шешімге келіп, белді бекем буып, Д.Қонаевтың қабылдауына сұрандым. Көп қиналғаным жоқ. Үлкен кісі өте жылы қабылдады. Музей ашу туралы етінішімді бірден макұлдалап, бұл мәселе тез шешімін табады деді. Көп ұзамай қаулы да шығып, оған Б.Әшімов қол қойды. Ол кісі Сәбит қайтыс болғанда іссапарда жүріп, жерлеуіне қатыса алмаған екен. Өзі келіп маған көніл айткан еді. Сол кезден бастап ол кісімен кездескен сайын жылы жүзбен амандастып жүреміз. Өте бір сылайы, мәдениетті адам. Осыдан соң-ак, көніліме қанат бітіп, өмірге жана келгендей боп, жұмыска қызу кіріспін кеттік. Музей ашамыз, үйді тапсырамыз дегенімде балаларымның ешқайсысы бір ауыз сөз айтпапды. Оларына рахмет. Ырын-жырын болмады, әкелерінен қалған дүниеге таластапды, көргенсіздік көрсеткен жоқ. Бәрін менін еркіме беріп қойды.

Сәбиттің бағына Өзбекөлі Жәнібеков деген азамат кез болды. Сол кезде мәдениет министрінің орынбасары еді. Қашан музей жұмысы аяқталып, есігі ашылғанша тыным көрmedі. Тұнгі сағат 11-де келіп, күні бойы істеген жұмысымызды тексеріп кетуші еді. Қызыметкерлер аяқтарынан тік тұрады. Әкесінің музейін ашып жатқандай жанашыр болды. Бертінде қайтыс болды ғой. Газеттен оқыдым да, есіме алдым. Құдай өзіне көп өмір бермесе-дағы, істеген көп шаруасы ел есінде. Балаларына ғұмыр берсін! Менің аналық тілегім – осы.

Үйімізді тапсырып, киім-кешегіммен осы күнгі аядай пәтерімек қоштім. Кең сарайдай алты бөлмеге үйренген басым, бөлмелері шағын мына үй шынында да тауық қорадай көрінді. «Сәбит үшін нені болса да қиып кетуге әзірмін. Мені кім біліп жатыр, ақсақалды бүкіл ел, байтак Қазақстан біледі. Артында қалған үлкен бір ескерткіш болсын», деп көңілімді бекітіп, сол ой жаныма қуат беріп, әлі келе жатырмын.

Музей ашылғалы да 22 жылға таяу. Құдайға шүкір, қазір көңілім орнында, халық музейді біледі. Сәбитті іздеушілер жок емес, бар! Қадірін білмей сөйлегендерге де ренжімеймін. Өз пікірін ашық айтатын заман деп жүрсіндер ғой. Тек аруақты корламаса болғаны!

Өзім жасым ұлғайса да, ауыртпалығымды ешкімге жүктей қойған жокпын. Келін-балаға, қыз-күйеуге телміріп көрген емеспін. Өз тізгінім өзімде. Жүрем деген жағыма жүріп кетем. Тек кейде екі аяқ дегенге көнінкіремейді. Нешауа, Мәриям оның да бабын табады... Қалай табатынымды өзің білесің ғой... (Апай рахаттанып күліп алды. Құлқісінің сырлы мынада: аяғы қақсан ауырып, жүрруі киындаған кезде бір шетөшкес ак арақты алады да, оған анальгинді қосып, екі тізеге шылқыта жағып, таңып тастайды. «Ал, енді қайтер екенсін! Арап ішкен соң, рахаттанып, жүріп кететін шыгарсын» деп бізді құлдіріп отырады. Г.К.)

Гауһар атты немереммен тұрамын. Титтейінен өзім өсіріп ем. Енбегімді ақтады... Бәрі де жақсы, бәрі де бар-ау, тек Сәбиттің орны болек...

\*\*\*

Менің әжем Зейнеп ер тұлғалы, өр мінезді адам еді. Мен сол кісінің бауырында остим. Қожахмет атты жалғыз ұлынан

қалған жалғыз қыз едім. Әкем төрт жасымда соқырішектен қайтыс болыпты. «Жалғыздан қалған жалғызы» деп әжем мени 14 жасыма шейін ер балаша киіндіріп, шашымды тықырлап алғызып, шолжандап өстім. Бүкіл бір ауылдың еркесі болдым. Тұған шешеме салқындау едім. Енесінен қаймығатын шығар, ол да мені тарта қоймайтын. Әкем өлтеннен кейін, ауыл болып ақылдасып, ағайын боп келетін бір момындау адамға шешемді қосып, оны біздің үйге кіргізіпті. Малға қарап, суды жайғап, кіріп-шығып жүреді. Әлгі байғұска мениң іstemегенім жок көрінеді. Оның кім екенін мен қайдан білейін. Қызметші деп ойлайтын болуым керек. Күнде бізben бірге тамак іshedі. Қанша білмеймін дегенмен, шешем екеуінің ыңғайын сезетін шығармын деп ойлаймын осы күні. Әйтпесе, қарадай оған өшікпеймін гой. Бір күні тағы да дастарханға жиналдық. Жанағы да келіп жайғасып жатыр, «Әже, бұл кісі неге біздің үйден ылғи шәй іshedі? Неге өз үйіне бармайды? Кет үйінел!» – деп, іргеде ілулі тұрган қамшыны ала сала, тартып-тартып жіберіппін. Сонда әлгі өгей әкеміз ләм демеген екен... Әжемізді қатты сыйлағаны гой, әйтпесе қанша дегенмен де, кеудесінде жаны бар адам емес пе.

Әжем ақылды, нағыз бәйбіше адам еді. Небір атқамінер, иғі жаксылардың әжемнін алдына келіп: «Бәйбіше, ақылдаса келдік», – деп отырғандарын талай көрдім. Атамыз ақша санай алмайтын момын адам болыпты. Әжеміз үйдің де, түздің де шаруасын дөнгелетіп үстайды екен. Есім кіріп қалған кезде мен әжеме: «Әже, тұқ білмейтін момын адамға қалай күйеуге шықтың?» – деймін. Сонда ол кісі: «Е-е, қалқам, менен сұрады деймісін. Малын санап беріп, әкемді риза қылған соң, алды да» – дейтін терен күрсініп.

Сәбитке 16 жасымда шықтым ғой. Екеуіміздің үйлену тарихымызды Сәбит «Өмір мектебінде» тәптіштеп жазды, қайталамай-ақ қояйын. Сол кезде әлі де балалалығым қалмаған ерке қыз едім, шалбарды тастап, қыздың көйлегін кигеніме де аз ғана уақыт болып еді. Ағайындарымыз «жалаңақ кедейге қыз бермейміз» деп күнкілдегенмен, күш – Сәбитте. Қызылотауға шакыртып, сол жерде Зәңс-ке де тіркеп жіберді. Әйтеуір, Сәбит маған бір қағазға қол қойдырып жатты. Ол не қағаз, білмеймін. Басымды тәмен салған қалпы, үн жок, тұн жок, Сәбитке еріп жүре бердім. Қызылордаға алып кететінін

күні бұрын білгенбіз. Ағайын-туған жылап-еңіреп, мен бір айдауға кетіп бара жатқан адамдай, улап-шулап шығарып салды. Мәриямда үн жоқ, мылқау адам сияқты. Сәбиттің бетіне дұрыстап қараған да жокпын. Шынымды айтсам, кескінсіздеу көрінді. Бетінде корасан дағы бар, үстінде қысық жаға солдат көйлек, галифе шалбар. «Тағдырдың жазғаны» деп кетіп бара жатқан жайым бар. Бір ауыз орысша білмеймін, ауылдан аттап шығып көрмегенмін. Үстімде етегі шұбатылған қазакы көйлек.

Ол кезде Қызылордаға Новосібір арқылы бір жұмадай жүріп барасың. Поезд дегенді де бірінші рет көруім. Есек арба сияқты, кез келген бағанға тоқтап, сарылып тұрып алады. Кинель деген жерде басқа бір поезға ауысып мінетін болдық. Сәбит билеттерді тіркетіп келемін, сен қозғалмай отыр деп кетіп қалды. Ығы-жығы адам. Шабадандарды қасыма қойып, шоқып отырмын. Келем деген Сәбит кешікті. Элі жоқ, әлі жоқ. Бір кезде келді-ау. «Қорықтың ба, Мәриям? Билекте белгі соғатын жерде кісі көп екен», – деп бетіме жалтақтап қарап қояды. Жылы сөзіне ішім жылып қалса да, жауап бермеймін.

Поездың іші толы адам. Осы күнгі жүк таситын вагон қандай, дәл сондай вагонда келеміз, бір жерге келіп ұзак тұрып қалдық. Сәбит қайнаған су алып келейін деп тағы да бір жерге кетіп қалды. Бір кезде қарасам, поезымыз ақырын жылжып барады. Сәбит жоқ, енді қайттым? Жыларман халге келдім. Бізben бірге келе жатқан қартандау бір татар бар еді. Жол бойы Сәбит екеуімзеге көзінің астымен қайта-қайта қарап, жылтың-жылтың еткен біреу еді. Онша ұнатынқырамай, сүйктау қарап келе жатқанмын. Сол: «Байын сені тастан әдейі қалып қалды. Секір, секір!» – дейді. Секірейін десем, поезд қатты жүріп кетті. Жылап жібердім. Сәбит шынымен мені тастан, кетіп қалған екен деп ойладым. Үп-ұлken адамның сөзіне қайтып сенбессін... Бір кезде басымды қөтерсем, қолына шәйнегін ұстал Сәбит кеп түр қасыма. Мен шыдай алмай: «Мына кісі маған: байын әдейі қалып қалды, сені тастан, секір, тез секір деп еді, мен корқып секіре алмадым» деп айтып салдым. Сәбит жанағы адамға ренжіп сөйлемеді. Сакалды басынызбен неге жаман сөйлейсіз. Ауылдан шықпаған жас азам екенін, жаңа қосылғанымызды біліп отырсыз. Ұятыңыз

жок, нашар адам екенсіз деп әжептөүір сөйледі. Маған қарап: «Секірметенің дұрыс болған. Мен сені тастап ешкайда да кептеймін. Кешікsem поездың соңғы вагонына ілгемін» деп қасыма келіп, жылы жүзбен жұбата сөйледі. Әлгі кісі қысылыңқырап қалды. Менен өжеттік күтпеген болу керек. Біраздан соң, жузі шыдамады-ау деймін, келесі вагонға ауысып алды.

Сонымен Қызылордаға да келдік. Сол кездегі Астанамызғой. Сәбиттің пәтері барак тәрізді ұзынша үйде екен. Қөрші есікте Фаббас Тоғжанов татар әйелімен тұрады. Балалары жок, өздері гана. Сәбит күні бойы жұмыста. Мен орысша тіл білмеймін. Содан ба, Тоғжановтың әйелімен аралас-кұралас боп кете алмадық. Оның үстіне мен тым жаспын, сірә, мені онша менсініңкремей жүрген болу керек. Тағы бір қөршіміз – Абдолла Асылбеков екен. Әйелі, қыздары бар. Сол қыздардың үлкенінің жастары мен шамалас-ау, сірә. Өйткені, мен солармен бірге жүремін. Абдолла марқұм жақсы кісі еди. Тұскі үзілісте үйіне келіп, қыздарымен бірге какао ішеді екен. Сонда ол кісі мені де шақырып, какао береді. Менің тым жастығыма жаны ашитын болу керек. Маған мұсіркеп қарап қоятын.

Алғашқы кезде кәлімгідей қыыншылық қөрдік. Ауылдан шықпаған, қала тәртібінен бейхабар, оның үстіне 14-ке шейін ереккішора боп еркін өсken даланың қызына ми қайнаған Қызылордадан бір-ак шығу оңай болған жок. Әжемнің дайын тамағын ішіп, шолжаңдап жүрген маған енді әйел боп, тамак пісіру де қыын шаруа болды. Осыны сезген Сәбит мені әрі жалғызырамасын деп, әрі көп нәрсенің жайын үйретер деп бір орыстың әйелін тұрғызды. Жаңағы әйел тамактың тұртұрін пісіреді. Ол кезде ет мол. Тоңазытқыш деген жок. Тамактың бәрін базардан әкелеміз. Құн ыстық. Бір қойың 3 сом тұрады. Сактайтын жер жок, ішек-қарның тастаймыз амалсыз. Тіл үйрену қыын-ак болды. Орыс әйелмен ымдалаң тұсінісеміз. Ішім пысқан соң, жан-жағыма қарағыштап, қөршілердің өзіммен шамалас қыздарымен таныстым. Әлгілер қыыршақ ойнайды. Қызығып кетіп, мен де солармен косылып, қыыршакты әрі айналдырып, бері айналдырып, киім пішіп, тігіп кешке шейін солармен жүремін. Кешіке Сәбит жұмыстан келгенде қөреді. Бірак бұның не деп бір ауыз соз айтпайды. Қызметші әйел басын шайқап, бұл қашан әйел болады

дегендей Сәбитке бірдемелерді айтып жатады. Ерек бол зіркілде ол сөйлемеді, әйел бол жылап-сықтап мен жүрмедин. Міне, алаканына салып, әлпештеген деген осы шыгар.

Сөйтіп жүргенде, Арыстанға аягым ауырлады. Мендегі өзгерісті тез байқаған Сәбит тағы да бір күн: «Мәриям, киін, дәрігерге барамыз» – деді. Бұрын барып көрген емен. Ақ халат киген орыс әйел ана жер, мына жерінді шұқылап қараган сайын, үялып өліп барамын. Біраздан соң екеуі қызу әңгімелесіп, бірдемелерді маған қарап қойып айтып жатты. Мен тұрмын секиіп. Әңгімелерін жобалаймын: дені сау, алаңдаманыз. Жеміс-жидекті көп жесін деп жатқан төрізді. Былай шыққан соң, ұрланып Сәбитке қараймын. Жұзі жайдары. Үйге келген соң маған: «Сен қорықпа. Көп үйықтама, жемісті жей бер» деп ақылын айтумен болды. Босанар мезгілім жақындаған кезде Сәбит демалыс алып, елге жөнелдік. Осы тұңғышымызды дүниеге әкелер кезде өлмей тірі қалдым, әйтеуір. Ұш күн, ұш түн толғатып, арканға асылып қу жаным қалды. Дәрігер жоқ. Сәбит анда-мында шапқылап, акушер таба алмады. Он жетіге толар-толмас шағым, оның үстіне бала өте ірі боп туды. Ол кезде баланың салмағын өлшеу дегенді кім білген. Әйтеуір, баланың білегі карта-карта болып, білеуленіп тұрғаны көз алдында. Қызылордан шығарда Сәбиттің ақылымен баланы орайтын орауыштарды, өзіме керекті ақ жаймаларды ала келгенмін. Бала туысымен, Сәбит шуылдан жүрген кемпірлерге карамай, менің қасыма келіп, жағдайымды сұрап жатыр фой. Сол кезде біреуі әлсіреп жатқан мені орнымнан ауыстырып, жатқызбақшы болыпты. Кіз үйдің ортасында жатқан ескі тери тулакты сілкіп жіберіп, астыма тосегелі жатыр екен. Сәбит: «Мынаны әкетіңіз. Өзінің жұмсақ көрпесі, ақ жаймасы бар», – деп қапшықтан заттарды алып, әйелдерге төсек салғызыпты. Менің есім кіресілі-шығасылы. Талай күн үйықтамаған адам. Талықсып екі күн түяқ серіппей үйықтаппын. Кейін ауылдың әйелдері Сәбитті «қатынжандысын-ай» деп әңгіме кып, күліп жүріпті.

Біраз оңалып ес жиган соң, Қызылордаға қайтуға жиналдық. Жаздың кезі. Күн ыстық. Жол өте ұзак. Бала болса тым кішкене, қырқынан жаңа шыққан. Біздің жүртінімізді естіп, ауылдан әжем келді. Алып келген сәлем-саукаты бар, Арыстанға арнаған кіп-кішкене шабадан сияқты

бесігі бар. Әлгі бесікті ырым ғып, жасы ұзак болсын деп, жеті кемпірдің емен таяғынан жасаған. Шебердің қолынан шыққан дүйіе екен. Баланы бөлеп, ыңғайлылығы сондай, дізенін үстіне қойып отыруға болады. Емізген кезде де, бесікті алдыңа қойып, қолыңа ұстай қоясын. Жаялыш дегенінің қажеті болмай қалды. Әлгі бесіктің рахатын көрдік. Қызылордаға жеткенше бала қыңқ детен жок. Желшілдетіп қайта-қайта аша да бермедік. Жып-жылы, тап-таза бесікті үйіктады да жатты. Кезінде қадірін білмей, сол бесікті сұраған біреуге бере салдым. Осы күні өкінемін. Қолдан жасалған дүниенің нарқын білмегіз. Әрі әжемнің көзі, әрі ешкімде жоқ сирек дүние. Бекер сақтамаптын. Қызылым, сен де қызығып отырсың ә, музейде тұрап еді деп...

Бірге өмір сүрген 47 жылдың ішінде тек қана оның қамқорлығын, аялы алақаңын ғана сездім. Мұндай адамды қайтіп пір түтпайсын. Осы арада Сәбиттің тағы бір жақсылығы есіме түсіп отыр. Ұмытпай тұрганда айтып алайын.

Елуінші жылдардың аяғы, өлде алпысыншы жылдардың басы маекен, анығын ұмыттым. Сәбит үйге қабағы түсіп ренжіп келді. «Әжеміз жатқан зиратты бұзғалы жатыр екен. Орнына автовокзал салынатын көрінеді. (Осы бүтінгі «Саяхат» автовокзалы. Г.К.) Сүйегі шашылып қалатын болды-ау», — деп күрсінді. Бұл уақыға бізге кәдімгідей уайым болды. Әжем Зейнел өмірінің торт-бес жылын бізben өткеріп, ең соңғы дәмін өз қолымнан татып еді.

1928 жылы қәмпескеге менің туыстарым да ілігіп, Ресейдің Түмен облысына жер аударылған болатын. Біздің жақтың қазактары ол аймақты «іш жақ» деп сөйледі. Әжем де солармен бірге кеткен кезде Сәбит өзіне сөз келерін біле тұра сол «іш жаққа» әжемді ізделп бір емес, үш барды. Жер аударылғандарды сол мандағы совхоздарға жұмысқа орналастырып, жағдайларын жасап, жұрттың алғысын алған Сәбит кейір басшылардан сөз де естіді. 1932 жылғы ашаршылық кезінде тағы да ізделп барып, осы уақытқа шейін көнбей келген әжемді көндіріп, Мәскеуге альш келді. Ол кезде Сәбит Мәскеудегі Қызыл Профессура институтында оқиды. Отбасымызбен жатақханада тұрамыз.

Екеуі бірін-бірі ерекше құрметтеді. Ұл баласының жоқтығы ма, әйтеуір Сәбит десе ішкен асын жерге қоятын. Өзінің

қызына жақтасудың орнына «мынаны тым еркелетпе, басыңа шығарма» деп Сәбиттің жағына шығып отыратын. 1936 жылы қолымызда қайтыс болды. Ақ жуып, арулап мұсылманды зиратына қойған ек. Енді сол зиратты бұзғалы жатыр.

Сәбит екі-үш күн бойы тыным көрмей жүгіріп, талай мекеменің есігін қағып, беделін салып жоғарғы жаққа дейін барып, рұхсат қағаз әкелді. Әжемнің сүйегін алғып, қайта жерлейтін болдық. Сәбит жүгіріп тағы бір жаққа кетті. Біраздан соң: «Мәке, бар шаруаны тындырыдым. Қабірші тауып, сұраған ақшасын беріп, келісіп келдім», – деп қатты қуанып жетті. Өміріндегі өзімен-өзі бол тындырған шаруасы еді. Әншейінде қозғала қоймайтын Сәбиттім, жеп-женіл бол жүгіріп жүргенін көргенде, көnlім толқып кетті. Керемет риза болдым. Шын жана шырымды және бір мәрте таныдым...

Әжемізді Ташкент көшесіндегі (қазіргі Райымбек даңғылы) зиратқа қайтадан жерледік. «Қолдан келмейтін шаруа» деп коя салса, мән бермессе, мен не дей аламын. Он жыл бұрын қайтыс болған кемпірдін сүйегін жиыстыруға кімнің жүргегі дауалар дейсің, шашылып қалар еді. Талай адамның қабірі топырақпен араласып кетті ғой...

\*\*\*

Біздің Сәбит тұмысынан акконіл, акпейіл, кең адам еді ғой. Талай адамға жасаған жақсылығы, қолының ашықтығы жайлы небір аңыз-әнгімелер де көп. Біреу өтініш айтып келсе, еш уақытта аяқсыз қалдырған емес. Елдің бір адамын кезіктірсе, танысын-танымасын, үйге шакырып, қонақ етіп сыйлап жіберетін. Жасырақ кезімізде тұрмысымыз жүдеу болды, балашага, келімді-кетімді кісі көп; ыдыс та, төсек-орын да жетіспейді. Келген қонаққа жалғыз көрпемізді жауып, өзіміз сырт киімімізді жамылып жата кетуші ек. Қөніліміз қандай кең еді! Келген қонакты қабак шытпай, тік тұрып қарсы алып, құрак үшушы ек. Қазір ғой, шақырмаса бас сұғуға да именесін. Қазаққа қонақ деген сөз құдай деген сөзбен бірдей еді біздер үшін.

Мұхтар Әуезов пен Валентина Николаевнаның үйімізде алғаш қонақ болғаны әлі есімде... ол кезде біз Мәскеудеміз, 1935 жыл. Сәбит Қызыл профессураның соңғы курсында

оқып жүр. Арыстан мен Маратым, әжем бар, бәріміз жатақхананың бір бөлмесінде тұрамыз.

Күнделікті тіршілік, Сәбит сабағына кеткен. Көп ұзамай асығып, абдырап жетіп келді. «Мәке, Ленинградтан Мұхтарлар келе жатыр. Алматыға кетіп барады екен. Жолдан тосып алып қонақ қылып жіберейік», — деді. Абыр-сабыр болып, әбігерге түстік те қалдық. Елден жырақ жүргенде елдің адамын көру, және де жай адам емес, Мұхаңдай зиялышын көру біз үшін бір мереке болды. Балаларды жуындырып, киімдерін жаңалап, өзіміз де үсті-басымызды дұрыстап, күбіндік те қалдық. Ол заманда қазіргідей дастарханға салқын тағам, ыстық ас, салат деп басты ауыртып жатпаймыз ғой. Етті мол ғып асамыз, ыстық бауырсақ пен қою шайды береміз; құрт-май, күйін келсе кант, кәмпіт қой дастарханға, болды.

Сонымен кешке қарай Сәбит қонактарын бастап кіріп келді. Мұхтар да, Валентина да жап-жас, көрсөн көзің тоймайды. Сәнді күнгөн, үлкен қаладан оқып, тәлім-тәрбие алғандары көрініп тұр. Қайта-қайта үрланып қарай берем. Қазакы мінезбен төменшектей беретін мен сияқты емес, Валентина абысыным — кербез. Құшак жая қарсы алдық. Тұннің бір уағына дейін дуылдасып, талай әңгіменің басын шалып, көңілді отырдық. Дем алатын уақыт та таянды. Ол кезде бізде кереует, диван деген жок. Төрдің алдына қос қабаттап көрпе жайып, жерге төсек салып бердім. Қадірлі қонактарым менсінбей жүрер ме екен деп, қысылып та журмін. Ертеңіне аттанарда Мұхтар да, Валентина да ризалықтарын білдіріп, көңілді аттанды. «Кеңіл сыйса, бәрі сияды» деген емес пе... Сол аядай бөлмеге қысылмай Мұхтардай қонақ алып келіп, өзіміз соған мәз болып ек. Қайран, қолдей көңіл, шіркін жастық!

Сәбит бала кезінде жетімдіктің зардабын көп тартқан адам ғой. Жас кезінде қорген қорлықтарын әңгімелеген кезде кейде көзіме еріксіз жас та алушы ем. «Өліп қалмағаның қандай жақсы болған» деймін жаным ашып. Өз басынан өткеннің әсері ме, әйтеуір жетім-жесір өтініш айтып келсе, құрак үшып жәрдем ететін. Сәбittің осы мінезін пайдаланбакшы болған кейбір атаяқтарды да қоргенімізді айтып өттім ғой. Бірде киім ілгіштегі ілулі түрган жап-жаңа польтосын алып кеткен. Соңда ашуулану дегенді білмейді. «Құрластардың калжыны шығар»

деп саспайды. Қамкорлығын көп көрген адамдар Сәбитті жоктап әлі күнгө дейін келіп жатады. Қарапайымдылығының, жұртты өзіне иіріп алатын мейірбандығының әсері шыгар...

Алпысыншы жылдар шамасы ғой деймін... Бір күні танертен есіктің конырауы шылдырлады. Ертегеліп жүрген елден келген жолаушының бірі болар ма деп, есікті ашып жіберіп ем... екі аяғы тізеден жоғары кесілген, домаланған шөркедей бір жігіт, бет әлпеті келісті қазақ: «Сәбит Мұқановтың үйі ме?» – дейді. «Ие, шырағым, жүр, төрлет», – деп ішке шақырды. Сол кезде Сәбитте «О, кім, Мәке?» – деп кабинеттен шыға келді. Сәл аңтарылып қалды да: «Мәке, шайынды қамда. Қонақ келді ғой», – деп жігітті өз кабинетіне шақырды. Ас үй жаққа барып, шаруамды ыңғайлап келсем, екеуі әңгімелесіп отыр. Жігіт қысылынқырап сөйлеп отыр екен:

– Аға, университетте оқушы едім. Лекцияға қатынап жүретін кол арбам бар еді. Соны біреулер үрлап кетіпті. Енді сабакқа баруым қындалап қалды. Басқа амалым қалмаған соң сізге келдім. Үш мың сом қарыз берсеңіз. Мүгедектерге арналған мәшине алсам ба деп едім. Қарызыңызды көп кешіктірмей қайтарамын, – деді. Сәбит жігіттің әңгімесін мүқият тындалап отыр. Келісті көркем жігіттің мынаңай қорлық күйде отырганына жаңы ашып отырганын сезіп отырмын. Сол арада ойланbastan: «Мәке, мына балага көмек берейік», – деп маған қипақтап қарап қойды. Аз ақша емес, жете таныс адам да емес. Ойлануға да болар еді. Бірақ Сәбит қызылып отыр. Бермеуге болмасын сездім де, шифоньерден үш мынды алып санап бердім. Жігіт дайын шайға да қарамай қуанып, рахметін жаудырып шығып кетті. Ол кеткен соң екеуіміз «есіл азamat-ай» деп әңгімелесіп біраз отырдық.

Арада біраз уақыт өтті. Үш мың жайлы үміттып та кеткенбіз, бір күні үйге әп-әдемі орыс келіншек келіп тұр. Сөмкесінен ақша шығарып: «Қүйеуім сіздерден қарызға ақша алған екен. Машина алдық, оқуын да бітірді. Ақшаныңызды әкелдім, көп рахмет», – дейді. Сәбит екеуіміз азар да безер болып ақшаны алмадық. «Қарызға берген жокпыш, сыйлағанымыз» десек те әлі келіншек бой берер емес. Пысық келіншек «алмасаныңдар қүйеуім ренжиді» деп безек қағады. Ақыры, Сәбит жол тауып: «Жарайлы, бір мынын алайын. Екі мыны мәшинелерін мен

дипломына берген көрімдігіміз болсын. Біздің қазақта сондай дәстүр бар. Алмасаң болмайды», – деді. Сөйтіп, өз акшамыздан өзіміз әрен «құтылғанбыз».

Е-е, айта берсем әңгіме шыға береді ғой. Ол заманда Мәскеуге жиі барамыз. Бірде Сәбит жиналысқа кетті. Мен үйде қалдым, бара сала қалай орналасқанын айтып, телефон шалған. Он күндей жүріп оралды. Келе сала: «Мәке, Мәскеуде мен елдің бір жігітін үйлендіріп келдім. Тында, қызық болды», – деп әңгімелей жөнелді. «Әбділдә Ботпаевты білесің ғой, елдің азаматы, Фабиттің туысы. Сол Мәскеуде оқуда екен. Маган келіп, амандасып, өзінің үйленгелі жүргенін айтты. Қалыңдығы орыс қызы екен. «Жаксы болған, бақытты болындар. Той қашан?» деп сұрадым. Әке-шешесі жок, жалғызлікті жігіт екенін білемін ғой. «Сәбе, тойдың қажеті жок қой деймін. Аздаған отырыс жасап, неке қағазын аламыз», – дейді. Сол жерде мен: «Әбділдә, шырағым, біздің қазақта «Қалыңсыз қызы болса да, кәдесіз қүйеу болмас» деген мақал бар. Қайдағы бір жетім казак, кедей студент демесін. Қыздың әке-шешесін, туған-туысқанын, жора-жолдастарынды осы «Мәскеу» мейманханасының ресторанына алып кел. Жаксылап сыйлап жіберейік, шығынын өзім төлеймін», – дедім. Әбділдә азар да безер болды. Оған боламын ба?! Ресторанға жаксылап заказ бердім. Сөйтіп, бір топ орыс құда-құдағиларымның ортасында ресторанда той жасап, шалқып қайттым. Сол мейманханада Тайыр да жүр екен. Оның болғаны да жақсы болды. Тойды дүрілдетіп өткіздік. Мың сом ақша төледім, ақша қолдың кірі емес пе... Мәке, сен ренжіме, жетім жігіт қой. Қалыңдығының алдында маңдайы жарқырап жүрсін...», – деп Сәбитім сөздің майын тамызып сойлеп кеп бергенде, райымнан қайтып-ак қалғаным. «Осы саған-ак кездеседі де жүреді екен», – деп біраз бүркүлдасам да, сонынан: «е, жарайды, дұрыс болған екен. Әке-шешесінің аруагы риза болар» – деп басылдық.

...Жарықтық біздің Сәбит өте қарапайым еді ғой. Аты шыққан жазушы, Мұқанов десе танымайтын ел жок. Небір жайшылықта сызданған министрлерінің өзі Сәбитті көргенде қоғадай иіліп сәлем беретін. Обалы не керек, халқы тобесіне көтеріп құрметтеді, қадірлеуіндей-ак қадірледі. Осындағы құрметтің адамы болған соң, меніңше, өзін аздалап паңтау үстал,

сырбаздау болса деймін. Жок, Сәбит еш өзгермеді. Үлкенмен де, кішімен де, жаспен де, кәрімен де жалпылшап, жұғысып жатады. Кейде жас балладай анқау. Анқаулығы сондай, Мәскеудің көшесіне үйде киетін пижамасымен шығып кете жаздағаны бар еді. Мен кез кеп қап, абырой болды, әйтпегендеге солай кете бермекші...

«Өмір мектебі» Мәскеуден орысша шығатын болып, сонын жұмысымен екеуіміз тағы бардық. Мейманханадымыз. Ертеңгі шайын ішіп болып, Сәбит қағаздарына шүкшишп отырды. Мен түске шейін дүкен аралап келе кояйын деп, оған ескертіл, көшеге шығып кеттім. Почтаға бір қағазларды апарып салағой деген Сәбиттің де тапсырмасын орындаپ, қайтып кеп, лифтімен өз қабатымызға қөтерілейін деп түрсам, көрші лифтіден Сәбитті шығып келеді, үстінде пижамасы. «Мәке, келіп қалдың ба? Баспадан звондады. Шакырып жатыр, мен тез барып келе кояйын», – дейді. «Әй, Сәбит! Үстіне қараши. Осы қалпынмен кете бермекшімісін?!» – дедім. «Ойбай, байқамаппын ғой. Ұят бола жаздағанын қараши», – деп шалым менімен бірге қайта котеріліп, бөлмемізге келдік. Мұнтаздай ғып киіндіріп, таксиге салып, коя бердім. Бала сияқты еді дегенім осы. Жазуға, жұмысына катты беріліп, өзге ештемені кейде андамай қалатын кезі жиі болушы еді.

Менің Сәбитке бір ренжіген жерім бар еді. Қызық болсын, соны айтып берейін... бірді айтып, бірге кетсем, ренжіме. Қанша дегенмен естелік айту, өткениң бөрін еске түсіру де онай шаруа емес екен. Ойыма келе калғанда айтып калмасам, ұмытып қалармын деп корқып отырамын.

Елге жі барамыз ғой. Сәбит елге асығып түрушы еді. Көбінесе жаз кезінде аралаймыз. Бірде қыс ішінде жол түсті. Елуінші жылдардың ортасы болар. Шәкен қайнұмын үйіне түстік. Сәбит келіпті деп жан-жақтан кісілер қаптап келе бастады. Қай жаққа жол журмейін, мен ыдыс-аяғымды, әк дастарханымды, майлық-сұлығымды ала журемін. Ауылдағы абысын-ажынға салмак түсірмеймін, әрі тазалық жағын да катты қадағалаймын. Шынымды айтсам, елдегі келін-кепшіктің ұстаған қазан-ошактарына риза болмай отырушы ем. Колдары тие бермей ме, әлде мән бермей ме, әйтеуір тазалыққа жоқ еді. Мен конак болып отырушы ма едім; білекті сыйбанып, етті өзім жайғастырып, әк дастарханымды жайып, үстелдің дұрыс жасалуын қадағалап, зыр жүгіремін.

Амандастың кісілердің бірі Сәбитке жата жабысып, қонаққа шақырыды. «Әйелім сырқат, дегенмен де үйіме келіп, дәм тат» деп болмай қойды. Мен бармай-ак қояйық, әйелі ауру адамды несіне әуре қыламыз десем де, Сәбит көнбеді. Шын ықыласымен шақырып отыр, барамыз деді.

Солтүстікте кәшөүә шана деген болады, соған қос атты жегіп, Шәкен үшеуіміз шығып кеттік. Қар қалың, күн сұзық. Үлкен тұлышқа оранып, Сәбит екеуіміз қатар отырмыз. Шәкен түрегеп ат айдал келеді. Баратын жеріміз ауылдан төрт шақырымдай, келдік. Үй иесі жалпылдаң қарсы алды, ішке кірдік. Тұрмысы тым жүдеу, еңсөні басар қарапөленке бөлменің бір бұрышында биік төсек тұр. Үстінде күрк-күрк жетеліп бір әйел отыр. Төрге көрпелер төсеп, қонақ күткен сынай танылады. Келіп, әйелге амандастып, төрге жайғастық. Үй иесі қауқылдаң-ақ жүр. Сәбит те көнілді, бір жамбастап жатып алдып, әңгімені соға бастанды. Өзінің білмейтіні жок. Үй иесінің өзіне де беймәлім бір деректерді айтып, үрім-бұтағын түгендер берді. Ет келді. Қемектесіп жүрген бір-екі жастау әйелдер бар. Сұлгі-орамалдары қоныркай, ыдыс-аяқтары да ластау көрінді. Өзі келгісі келмеген адамға осының бәрі ұнамай отырғой. Әңгімеге онша араласпай, окшаулау отырмын. Тезірек шәй келіп, аттансақ екен деп мен отырмын. Шайды да ішіп болдық. Әлгі үй иесі Сәбитке: «Кон да кон!» деп тағы жабыспасы бар емес де!? «Қайтамыз» деп мен тызбалактадым. Сәбитім менің ызама тип: «Конілден артық ештеме жок, қонсақ қонамыз» деп сасар емес. «Желпінейік, төсек дайындастын» деп бәрі сыртқа шығуға бет алды. Сәбит маған ымдал: «қабағыңды жаз» деп белгі беріп қояды. Амал не, қонуға тұра келді. Төргі үйге жерге төсек салып қойыпты. Көрпекап, акжайма деген атымен жок, төсек-орын да қоныркайлау, онша таза дүниелер емес сияқты бол көрінді маған. Сәбит шешініп, рахаттанып аяғын созып, аппак көйлек дамбалымен жата кетті. Бұрышта бір орындық тұрган. Әлгі төсекке ақы берсең де жатпаймын деп жоламай қойдым. Ұзын шашымды токпактай ғыл түйіп, басымды орамалмен жақсылап орап алдым. Өзіммен ала жүрген халатымды сөмкемнен шығарып, әлгі орындықтың үстіне төсеп, таң атканша үйықтамай, қақайып отырдым да қойдым.

Кызыктың көкесі ертеңінде болды. Шайдан сон әлгі үйден

аттанып кеттік. Былай шыға бере Сәбит үсті-басын тырмалай бастады. Дуылдатып әкетіп барады дейді. Шәкен екеуіміз бірсес үрсамыз, бірсес мазақтап күлеміз. Сәбитке құлу қайда, үсті-басымен өлек. «Бар, тағы да қон, әкеңнің төсегіне жатқандай рахаттандың ғой» деп, Шәкен екеуіміз жол бойы табалаумен болдык.

Үйге келе сала қазанға суды ысытып жіберіп, балаша оырғызып койып, шомылдырайын кеп, көйлек-дамбалды сыптырып алып, отқа өртедік. Жаңағы қонған үйіміздің төсекорны тола қандала екен. Сәбиттің бүкіл киімін сығалап қарап, отқа қақтап, әй, тәуір-ақ әбігерге түстік. Сәбитте үн жоқ, кінәлі баладай отыр. «Көнілін қалдырым келмей, кетіп қалғанды үят көріп ем. Бір құнгे өлмеспін деп ойладап ем», – дейді.

1933 жылды Мәскеуден Сәбиттің жазғы демалысы кезінде елге келдік. Аштық кезі ғой, елдің тұрмысы ауыр. Біз аштықты көрмедин, Сәбиттің ИКП-дан алатын 60 сом стипендиясы әжептәуір. Сәбит келді деп жапырылып келіп, хал-жағдай сұрасатын ағайын-туыс сиреп қалған екен, үйлерінде кара судан басқа ештеме жоқ, өздері әрен жан сақтап отыр. Сәбитке бір шәүгім шәй да бере алмай, ұялғандарынан көріне алмай жүргендерін біліп отырмыз. Шәкен қайнағам осыны түсіндіріп, Сәбитке: «Сен ауылды қыдырма, қысылып қалады. Баяғы заман жоқ» деп жатты. Сәбит: «Мен тамақ ізdemеймін ғой. Барып жағдайларын біліп, әңгімелесемін» деп бой бермей ауыл арапап кетті. Жақын ағайының біреуінің үйіне кіріп барса, әйелі сасып қап, отта тұрған қара қазаның бетін жаба салыпты. Сәбит өзінше көнілдендірмек бол: «Женеше, қазанда не бар еді? Маған тамақ емес, әңгіме керек, ал қазанда не де болса, тәуір бірдеме бар, иісі жаксы екен» деп күліпті. Сонда, женгесі жылап жіберіп: «Сәбит-ай, сенен аяр неміз бар. Ағаң тіске басар ештеме қалмаған соң, екі күн жүріп, әрен дегенде бір саршұнақ соғып алып еді. ет болса, ұялам ба. Жұрт көрмесін деп қысылып, жауып жатқаным ғой» депті байғұс. Сонда Сәбит: «Ештene етпейді, саршұнаттың еті өте дәмді болады» деп женгесін көнілдендіріп, ағасымен әңгімені соғып, саршұнаттың етін жеп, сорпасын ішіп, қызара бортіп келіп тұр. Эй, Сәбит-ай! Құлагынды біраз шулаттым-ау! Қырық жылғының есіме түскенін карашы...

Біздің Сәбитке киім алу да онай шаруа емес болатын. Денесі мол адамға дәл келетін киім сирек. Сондықтан киім біткеннің бәрін арнайы тігіншіге тіктіретінбіз. Жап-жаңа көстөм-шалбарымен ауылда шалдардың қасына жантая кетіп, әңгімені соға беретін. Киімге осынша салақ адамның қағаз-қаламына деген ұқыптылығына қайран қаласын. Жылдары жазылып, нөмірленіп, тайга таңба басқандай... Хат танымайды деген менің өзім, қарап отырып, басымды шайқаймын. Шашау шықкан бір қағазы жоқ. «Пәлен қағазым жоқ. Мәке, көрдің бе?» деп сұрамаганын енді ангарып отырмын.

Атақ-дәрежем бар-ау, «үлкен» адаммын деп шірену Сәбиттің табиғатында жоқ дүние еді. Сәбиттердің жазушы екенін халық айтпай-ақ танушы еді. Осы күні «мен пәлен деген жазушымын, түген кітабым бар» деп өздері сарнап тұрса да, таныш жатқан халық жоқ. Жазғаны адамның жүргегіне жетпеген соң, кімнің есінде тұрсын...

Сондайларға қайран қалып отырамын... Осы күнгі жазушыларға сыйпайылық жетіспей ме деп ойлаймын. Кішік болу ойларынан шықкандай...

\*\*\*

Білмейтін жұрт Мәриямды өмір бойы қолын жылы суға малып, рахат өмір сүрді деп ойлайды. Рахат өмір өзінен-өзі келе қоймайды, соған жету үшін қаншама тер төгесін. Алты бала таптым, олардың бәрін жеткізу онай шаруа емес. Әсіресе кішкене күндерінде тұрмыс ауыр, қонақтан үй босамайды, Сәбиттің тапқан табысын тамактан асырмаймыз. Балалардың, Сәбит екеуіміздің кір-конымызды жуудың өзі бір сүргін шаруа еді. Кір жуатын мәшине атываем жоқ. Кір жуу үшін аптаның бір күнін арнау керек. Жуып, қайнатып, крахмалдау деген үлкен жұмыс. Салақ қатындар ғой, шайқай сап, жая салатын.

Қырқыншы жылдардың соны болар. Сәбит жұмысым бар деп ертемен біржакқа кетті. Мен болсам пешті жағып, суды қазанға қайнатып, кір жууга кірістім. Ақ тер, көк тер бол, жуып жаттым. Үйдің іші будан көрінбейді. Сейтіп жатқанымда есік қағып біреу келді. Үсті-басым су-су, алжапқышқа қолымды сұрте сала есік аштым. Қарасам бір жас жігіт. «Сәбит Мұқанов керек еді» дейді. Мен: «Ол кісі үйде жоқ», – дедім. «Ендеше, әйелін шакырыныз» деп ішкे қарай мойнын созып

тұр. «Әйелі де жок, екеуі тауға дем алуға кеткен» дедім міз бақпай. Менін түріме қарап қызметші әйел деп түсінгенін сеze қойдым. Сәбит Мұқановтай жазушының әйелі алқам-салқам боп, білегін сыйбанып қара жұмыс істейді деп ойлап тұрған жок. Оның түсінігінше атақты жазушының әйелі үлбіреп, үзілейін деп тұрған біреу. Жігіт сыпайы қоштасып кетіп қалды.

Кешке Сәбит келді. Әсірелеп тұрып айтып бердім. Осылай да осылай. Тұрмыстың ауырлығы сондай, ұсқынымыз да қалмапты. Жасымызға жетпей картаятын шығармыз. Сенің қалам ұстаған қолың аппақ, жұп-жұмсақ, біз болсақ, сіздің қасыңызға жүргуге де жарамай қалармыз деп өкпе-назымды араластырып, соқтым кеп. Сәбит тыңдаған отырды. Күлді де қойды.

Арада бірнеше күн өтті. Жаңағы әңгімені мен ұмытып та кеттім, нәтижесі болар деп ойлағаным да жок. Сейтсем, Сәбит үйге бір орыс әйелін ертіп келіпті. «Мәриям, өзіңе көмекші болады. Шынында ды, саған онай емес. Айтканың жақсы болды», – деп қарап тұр. Алғашында біртүрлі ыңғайсыз сиякты болып, артынан үйреніп кеттім. Үй шаруасына, ыдыс-аяқ жуға көмектесіп, жақсы-ак болды. Шаршаған, қажыған әйелдің далаға бетімен лағып кеткен сөзі деп қарамай, ойланып, мән беріп жүргенін көрмеймісін. Жанашырлығын әрдайым сезінуші ем.

Елуінші жылдарға дейін пәтердің де қиыншылығын көрдік. Орнығып, бір жерде отырмай, үнемі көшіп-қонумен болыптыз. О заманда дүние жиу деген де жок. Уайымың – тамағың мен қиім-кешегін. Аш болдық деп отірік айта алмаймын. Сәбиттің айлығы да, жазған дүниесіне алатын гонорары да жеткілікті. Көзін тойса, көнілін де тоятындаї.

Арыстан жасқа толар-толмаста, 1928 жылдың жазында Сәбит бізді елге алып барды. Осы жылы Сәбит еліне есте қаларлықтай жақсылық жасады. Жогарғы жакқа, үкімет орындарына арызданып жүріп, елін, бүкіл ауылдың тайлыштаяғымен Жаманшұбардан бұрынғы ата-бабасының ата конысына қошіруге рұхсат алды. Бұл – қазіргі Жамбыл ауданы, Сәбит аулының жері. Ертеректе әлгі ауып келген көлімсек орыстар сүттей үйып отырған елдің сулы-нулы жерлерін тартып алып, Жаманшұбарға қуып тастаған екен.

Жаманшұбар – аты айтып тұрғандай, жері ақ таңдақ, суы жок, күтәрді. Ел сол кезде жүдеп-жадап кеткен дейді. Ауылдың азаматтары жиылып, карулы жігіттер 40 шакты құдық қазса да, көл-көсір су шықпапты. Осылайша өмір өте берген, қариялар «қайран туған жер» деп о дүниеге көше берген. Атадан балаға арман боп қала берген. Сәбит болса – елдің бетке үстар азаматы, оқығаны. Елдің құйзелісі оның да жаңын ауыртып жүрген. Ақыры реті келген кезде жүгіріп жүріп, жоғарғыларға дәлелдеп, дегеніне жетіп, елді арман болған ата қоныңқа көшірді. Көшіруін көшіргенмен, талай қыншылыққа да үшырады. Үй жок, жүрттың бәрі жанталасып баспана салуға кірісті. Күз болса келіп қалды. Апыр-ай, сол жылы орыстардың талай қиянатын көзімізben көріп, құлағымызben естідік. Көшіп келген жүртқа маза бермей, шетке шыққан малы болса иемденіп кетіп, оны іздеуге шыққан казак жігіттерін үрып-соғып, іstemегендегі жок. Жақсы жерге қоныстанды деп қызғанып жатыр. Ата-бабасының жері деу ешбіреуінің ойында жок.

Сәбит елді орнықтырысымен, мені баламен Шәкен інісінің үйіне қалдырып, Ленинградқа, Әдебиет институтына оқуға кетті. Карсы болмадым. Жас баламен жалғыз қалу маған да онай емес. Бірақ, оқусыз болмайтынын да түсіндім.

...Шәкен қайным да бала-шағасымен жабылып, үй салуға кірісті. Алдымен шошала салып сонда отырдық. Үйдің іші-сыртын сылауга әк жок, еденге төсейтін тақтай да жок. Жерге сабанды қалың етіп төсеп, бәріміз аласа бір бөлмелі үйде қыстап шықтық. Шәкеннің де балалары шетінен қызылқарын жас; Солтүстіктікten қысы қандай үзак, алты ай созылып жатып алады. Қектемінің өзі қыстан жаман, халықтың «ұзын сары». деп ат қоюы бекер емес. Қыстайғы азығын таусылып, «жуанның жіңішкеріп, жіңішкенің үзілер шағында» ел қатты құйзеледі. Сол жылы көрген қыншылығымыз өлі есімнен кетпейді. Қатты жүдеп шықтық. Баланы қалай ауыртып алмағаныма қайран қаламын. Біздің осындағы халімізді білген Сәбит не де болса төуекел деп, жазға қарай Ленинградтан 20 сомға пәтер жалдап, бізді қөшіріп алды.

Көшгін көштік-ау, бірақ жағдай да төмендеп кетті. Сәбитке обал болды. Аз ғана стипендиясын пәтерге береміз, тамағымыз тақұл-тұқұл. Екінші баламызға аяғым ауырлады. Қомектесер

ешкім жок. Бір жылдай таршылық көріп, ақыры, болмаган соң, елге қайттық. Сәбит окуды тастады. Жалғастыру қынға сокты. Сөйтіп, 1929 жылы Қызылжарга көшіп келдік.

Сәбит «Бостандық туы» газетіне жұмысқа кірді. Дүниеге екінші ұлымыз Марат келді. Әжептәуір үй болып, орнығып, ес жия бастап ек, бір жылға толар толмаста тағы да көші-қон басталды. Сәбит Алматыға командировкаға кетіп еді, «Еңбекші қазакқа» қызметке шақырып, енді солай қарай көшетін болдық. Бұл 30-жылдың көктемі еді. Пәлендей дүние-мұлкіміз жоқ, көшү бізге қынға түстелі. Екі баламызды алып, киім-кешек, төсек-орнымызды арқалап, Алматыға да келдік. Дағын тұрган үй жоқ, алдымен Абдолла Асылбековтың үйіне түстік. Абдолла алыс бір жаққа командировкаға кеткен екен. Ол үйде бір айдай отырдық. Бір күні Сәкен Сейфуллиннің үйіне көшетін болдық. Ол кісі де Бурабайға жүреді екен. Үйінде Гүлбарам жеңгеміз фана. Сәкен ағалармен 1926 жылдан таныспыз. Ол кезде Қызылордадамыз. Мен түскен кезде Сәкен аға бойдақ болатын. Бірақ жүрт «Сәкеннің қалындығы бар екен. Созпарттағы қарындас» деген өлеңін сол қызға арнапты. Жақында үйленеді екен» деп гүйлдеп жүрді. Бір күні Сәбит жұмысынан ертерек келіп: «Мәриям киін, Сәкен ағаның үйіне барамыз, елден қалындығы келіпті. Үйленетін болыпты» деп куанып келді. «Сәкен ағаның таңдағаны қандай екен? Керемет біреу шығар» деп көруге ынтығып келе жатырмын. Жолда Сәбит «Сәкен аға қалындығын өзі қарсы алмай, вокзалға басқа біреулерді жіберіпті. Болашақ жеңгемізді үйінде күтіп алыпты» деп маған айтып келе жатты. Мен ішімнен: «Дұрыс қой. Үп-үлкен басымен әйелдің алдынан шықпайды ғой» деп келем. Бәрі әжемнің тәрбиесі ғой. Өзім әлі Сәбиттің бетіне дұрыстап қарамаймын, басымды төмен салып, үн жоқ, түн жоқ жүре беремін.

...Бізді есіктің алдында Сәкен аға қарсы алды. Ішке кірдік, жас келіншегі – Гүлбарам бар екен. Iрі денелі, акқұба, тоқлақтай екі бұрымы тізесіне түседі. Киім кісі қала үлгісінде. Жүріс-тұрысы еркін. Жаңа түскен адам құсап, сызылып отырған жоқ. Жүзі ашық, батыл-батыл сөйлеп, еркектердің әңгімесіне араласып, санқылладап отырады екен. Шынымды айтсам, осының бәрі маған ерсілеу көрінді. Менің тәрбиесін қазакы ауылдың тәрбиесі. Әжем құлағыма құйып тастағаны

сондай, қүйеуімнің атын да атамаймын. Ал, мына келіншек болса, Сәкен ағаға еркін сөйлеп, ара-арасында «Сәкен бұйт, Сәкен сүйт» деп отырады еken. Қайран қап мен отырмын. Тамак ішіп, қызу әңгімелесіп, кеш қайттық. Арак деген ол кезде атымен жок, қымыз ішеміз.

•

Үйге келе жатырмыз, Сәбит тым көнілді. Мені қолтықтап алды. Бұлай жұру де мағаң ерсі сияқты. Қашқалактап келемін. Сәбит маған: «Әй, Мәриям-ай, әлі үласың. Қөрдің ғой, Гүлбарам женгенді. Қандай батыл. Оқығандығының да әсері шығар. Сен де айтарынды ашық, батыл айтуға үйрен. Ынжық болма, заман өзгерді ғой. Менің атымды атауға да қысылма...» деп жол бойы мені қайраттандырып, балаша үйретіп келе жатты. Мәриям қырықтан кейін қайраттанып, ешкімге дес бермесін ол кезде Сәбен біле қойған жок. (Осылай деп апай жымып құліп қойды).

Сол Гүлбарам женгемізben 30-жылы қайта кездесіп, үйіне пәтерге тұргалы келеміз. Келдік. Женгеміз өте жақсы қарсы алды. Үйінің бір бөлмесін босатып берді. Сойтсек, ол бөлмеде Карина атты үй қызметшісі жатады еken. Бізді жактырмай ол жүр тыжырынып. Басымызда үй жок, екі баламен қысылып-қымтырылып біреудін босағасында жүргенде, Сәбитті іздең елден Игібай Әлібаев келді. Біз төрт жан, Игібай, Карина – бәріміз бір бөлмеде жатамыз. Кеш түсісімен Карина қызыруға кетеді. Түннің бір уағында үйкітап жатқан біздің аяғымызды мыжи, аттап өтіп, өз орнына барады. Бізді әдейі естісін дегендей «ит казақлар» деп күнкілдеп жатады. Амал жок, шыдайсың. Елен қылмай жүре береміз. Сол кездегі пейіл не деген керемет десенші! Қораға аласа үстелді жайып жіберіп, мәз боп күлісіп, тамак ішіп отырамыз. Сенікі, менікі деген жок, қазан ортак, пейіл кен.

Бір күні зарыктырган пәтерге де қолымыз жетті. Осы күнгі Фурманов қошесі ол кезде Лепсі қошесі деп аталады. Соның жоғарғы жағында наубайхана бар еken. Бізге берген үй сол наубайхананың корасының ішінде. Ескі, ескі де болса, өзіндікі деп қуандық. Ес қалған жок. Наубайханада істейтіндердін бәрі орыс әйелдері. Қазақ көрсө қарадай қоқыып, шаңқылдан маңайларына жолатпайтын. Ойлан отырсам, бұлардың жуасығандары кейін еken ғой, 30-жылдары қазағынды адам ғұрлы санамайтын. Ауланың түбіндегі дәретханаға балалар

менсіз бара алмайтын. Аналар құбыжық көргендей ежірейіп, үрсып жібереді.

Бір күні пешті жағып, үй жылыған соң, балалардың өздерін қалдырып, бір шаруалармен далаға шығып кеттім. Көп айналмай кайта келсем, үйдің іші көк ала тұтін. Балалар көздері бакырайып отыр. Жүгіріп аулаға шықсам, мұржаны біреулер бекітіп кетіпті. Артынан білдік, әдейі қастықпен істеген. Бұны істеп жүрген әлгі наубайхананың әйелдері. Бізден естіп құтылмақшы болған фой. Балалардың көрер жарығы шығар, әйтеуір аман қалдық.

Бұл жерге де енді-енді үйренісе бастағанымызда, Сәбит тағы да оқу іздел, Мәскеуге, Қызыл профессура институтына жүретін болды. Алдымен өзі барып орналасып, қысқа таман бізді қөшіріп алды. Пушкинская көшесі, 7-үйдегі жатақханадан бір бөлме алдық. Бір этажда жеті қөрші тұрдық. Жетеуі жеті үлттың өкілі. Ың-шыңсыз, тату-тәтті тұрдық. Мен бұрынғыдай емес, ысылып, азды-көпті өмірді көріп дегендей адам бол қалған кезім. Маған жұмыс жоқ. Орысшам өте шалағай. Арыстан мен Марат бар. Бөлмеде алғашында екі кереует бар еді. Кейіннен тағы да екі кереует қойдық. Елден Мұстафаның әйелі Сілеусін кеп қыстай жатты. Эке-шешесінен жастай айрылған Сәбит бала кезінде әкесінің інісі Мұстафаның колында болады. Сілеусін апамыз Сәбитке тумаса да туғандай болған екен. Мейірімді, жұмсақ адам. Сәбит осы Сілеусін апасын қатты қадірлейтін. Туған шешесіндегі көруші еді. Сол апамыз бір кереуетке жатады. Сәбит екеуміз қойнымызға бір-бір баладан қысып, екі кереуетке жатамыз. Сөйтіп жүргенімізде, елден бізді іздел, Нұртаза деген бай ағайынның Нәзира деген кызы келді. Оқуға түсемін деп келіпті. Сәбиттің қолынан бәрі келеді, оқуға түсіреді деп ойладап тұр фой. Оқуға өте алмаған ол, елге қайту ұят деп қыстай бізben тұрды. Ол қыз үшін төртінші кереует коюға тура келді. Өстіп бір кора бол отырғанымызда Алматыдан Гүлбарам жеңеміз стенографистканың окуяна келдім деп және келші. Жатақханаға шық, пәтер жалда деп айтуға аузымыз бармайды. Сонымен не керек, жеті жан бол аядай бір болмеде тұрып жаттық.

Сол қыста Сәбитке обал-ак болды. Жұмыс істеп, тұртпектеп бірдеме жазайын десе, үй толы кісі. Бұрышта кіп-кішкене, төртбұрышты, ұзын сирак үстел тұрады. Сәбит біздін

бәріміздің төсекке жатып, үйықтауымызды күтіп, сенделіп жүреді де қояды. Біз жатқан соң, бетімізге жарық түспесін деп, тәбедегі асулы шамды газетпен қытап, орамалмен жауып, жұмыс істеуге отырады. Жастықтың, денсаулықтың арқасында, сонда күніне 3-4 сағат қана үйықтап, ертемен сабакқа кетіп жүрді.

Сәбиттің 60 сом стипендиясы тақұл-тұқұл, тамағымызға әрекет жететін болды. Арыстан мен Маратты ауланың ішіндегі балабақшага жібереміз, сонда қолдарына ұстасып жіберетін бір пешение, пірәндік болмайды. Тағы да жүдей бастадык. Бұл жолы окууды қайтсе де тастанау керек екенін түсіндік. Не істеу керек? Басыма бір ой келді. Не де болса бағымды сынап көрейін дедім. Сәбитке ештеме айтпайын деп шештім.

Біз тұрган жатақхананың астыңғы қабатында тігін шеберханасы оналасқан. Алғаш көшіп келгенде көзім түскен. Өңкей бір әйелдер ызынданып аяқ мәшинамен іс тігіп отыратын. Ис тігуге икемім бар еді. Бастьының барып жолығып, жұмыс сұрап көрейін деп ойладым. Келдім, бастьығы ер адам екен, ұлты – армян. Жаман орысшаммен жұмыс ізден жүргенімді түсіндірдім. Машинаны көрсетіп, іс тіге алатынымды, студенттің әйелі екенімді, екі балам бар екенін ыммен түсіндірдім. Әлгі бас-аяғыма қарап біраз тұрды да, басын изеп келісімін берді. Алғашында женіл-желлі жұмыстар беріп, байқап көрді де, колымнан іс келетінін көрген соң, мәшинеге отырғызып, ертеден қара кешке дейін ызынданып іс тігетін көп әйелдердің қатарына мен де қосылып кете бардым.

Алғашқы айлығымды алып, қуанышым қойныма сыймаған кез әлі есімде. 40 сом аванс алдыым. Менің де бір кәдеге жараганымды көрсін деп Сәбитті қуантқым келді. Жатақхананың карсы алдында «Савой» рестораны бар еді. Қызыл-жасыл жарқылдаған шамдарына кешкілікте қызыға карайтынмын. Қолыма ақша тиген соң, Сәбитті сол ресторанға конакқа шақырдым. «Менің алғашқы енбегімді жуайық» дедім. Әрі тойынып тамак та ішнейікші деген ойым гой. Сәбит қуанып кетті. Ресторанға бардық. Тәбесіне шейін жалтылдаған айна, жып-жылтыр еден. Өңкей бір сылқым қыз-жігіттер. Екеуімізде ресторанға кіретіндей де түр жок кой. Сәбиттің үстінде кисық жагалы (сол кезгі сән) коңырқай көйлек. Менің де койлегім жұптыны, жұка шыт көйлек. Жуамын да, килемін. Басқа

ауыстыратын жок. Күйімді уайым қылып жүрген біз жок. Рахаттанып тамақ ішіп, көнілді отырдық. Сәбитке бір жұз грамм шарал алдық, ананы-мынаны айтып күлісіп, екеуіміз жақсы демалдық. Сейтіп, мениң аз ғана айлығым сөл де болса жеңілдік әкеліп, адам қатарына қосылып қалдық.

Сол Мәскеуде жүргенде Жанна атты қызы бала келді өмірге. Үшінші бала. Бір жастан екі ай өткен шағында, қыстың көзі қырауда елде қалған туыстарымызды іздел, ауылға бардық. Сол жолы балаға қатты сүйк тиіп, ауырып қайтты. Әкесі қызын өте жақсы көретін еді, бала күйіп-жанып қызуланған кезде, Сәбит иығынан түсірген жок. Дәрігерлер асқынып кеткен, еш көмек ете алмаймыз деді. Ақыры сол бала Сәбиттің иығында жүріп үзілді. Сізге өтірік, маған шын, сол сәбіді зиратқа апару үшін арба жалдауға 40 сом ақша таба алмадық. Әрі-бері жүгірдік, ешкімнен шықлады. Жерлес студенттердің ешқайсысында ақша жок, алағой дейтін ағайын-туыс та жок. Ойласа келе, баланы көрпеге орап, Сәбит екеуіміз трамвайға отырдық. Қасымызға бір-екі мұсылман жерлес студенттер ілесті. Трамвай татар зиратына таянған тұста түсіп қалдық. Кәдімгі тірі балаша, көрпеге ораған қалпы қөтеріп, зиратка жаяу жеттік...

Казір айтуға жеңіл, ал сол жолы қатты күйзелдік. Сәбит екеуіміз де жыладық. Әйтеуір, алдағы күнге деген сенім бар, көкіректе – арман. Қандай ауыр кезең болса да, мақсат – тек Сәбиттің окуы. Қолымызға диплом тисе, алдымыз қызылдыжасылды дүние секілді. Бәрі де болыл, бар қызыққа кенелетіндей көрдік. Кейін, шынында да солай болды гой.

Сол бір томпиган кішкене Жаннамыз есімізде жүрсінші деп 1945 жылы туған қызымызға атын қойдық.

1934 жылы Сәбиттің окуы аяқталайын деп қалған кезде Алтай атты баламыз өмірге келді. Бір қайтыны бір куанышқа жендіріп, адам тіршілік етіп жүре береді екен. Қызы қайтыс болғанда қатты жылаған Сәбит үшінші ұлы туғаңда есі кепіп қуанды. О заманда бала шектеу деген жок, құдайға күпірлік деп қорқушы едік. Құдай өзі беріп, өзі алады екен гой. Амал не! Маратым мен Ботажаным, Бақытжаным – бәрін де алақанға сап әлпештедік; солардың артында қалу маған оңай емес. Кеуденен шыбын жаңын ұшылаған соң, тіршілік ете бересің. Қалғандары аман болса екен деп, тілеуін тілегеннен басқа қолдан не келеді!

Сәбиттің окуы 1935 жылдың күздінде аяқталып, Мәскеуден Алматыға оралдық. Келісімен Сәбитті Жазушылар одағының төрағасы етіп сайлап, жұмысқа қызу кірісп қетті. Күнде жиналыс, күнде жиын, әйтеуір жұмыс көп. «Бүгін пәленнің шығармасын талдаймыз, ертең түгеннің шығармасын оқымыз» деп, қауырт жұмыстан бас ала алмай жүруші еді. Кешке үйге кеп, тамактан соң, тағы үстелге отырады. Бір бітпейтін жазу. «Мәриям, тындашы» деп бала-шагамен, ыдыс-аяқпен малтығып жүрген мені әкеп отырғызып қояды. «Қолым тимейді» десен ренжіл қалады, амал жоқ, бар шаруаны тастанап, әлті жазғанын тындастырып. Өзіңше пікір айтқан боласын, әйтеуір қөнілін қалдырмай, жігерлендіріп, рух беруге тырысасын.

Осы бір жылдары Сәкен, Илияс, Бейімбет ағалармен қатты араластық. Талай рет қолымнан дәм татты. Әсіресе, Сәкен ағамен жақын болдық. Сыйлас болдық. Сол кезде қырыққа да толмаған кездері. Әйтсе де, жүріс-тұрыстары, сойлеген создері, өзін-өзі ұстаулары үлкен, ақсақалды адамдарша әсер ететін. Адам баласында мұндағы сұлу кісіні өз басым көрмедім. Сәкен ағаны айтып отырмын. Жаспыз фой, сонда сол кісіге дұрыстап қарауға да үяламын. Ұрланып қана қараймын. Қайнағам фой, әрі өз ортасында патшадай боп отырады. Жиын-тойда жиі кездесіп жүреміз. Құрдастар өзара қалжындастып, бір-бірімен қатты ойнайды. Сәкен аға ондайда маған қарап: «Мәриям, қалқам, сен шыға тұршы. Мен бір айызым қанып қалжың айтайын. Әйтпесе, мыналардан женіліп қалатын түрім бар», — дейтін. Мені періштедей көруші еді, тұрпайы сөз естіртуге де қимайтын. Қайран, асыл ағалар!..

Бейімбет аға да көз алдында. Оншалықты құтім тілемейтін, салдыр-салактау адам еді. Жазу үшін күй талғамайды екен. Төр алдындағы киіздін үстінен етпетінен жата калып, тұқыл қарындашымен шүқшиып жазып жатқанын талай рет көрдім. Сәбит «Бейімбет әңгімете шебер» деп отыратын. Әйелі Гүлжамал казакылау адам еді. Біздер, келіншектер, анаған-мынаған еліктеп, киім-кешегімізді жаңалап, қала сөніне үмтүліп жүргенімізде, ол кісі үстінен үзын етек, қазакы көйлегін, басынан жаулығын тастанамай отті.

Сойтіп жүргенде, 1937 жылдың ланы басталды. Сәкен,

Бейімбет агалар ұсталып кетті. Қара түнек күндер жалғаса берді. Жұрттың бәрі ішінен тынып, келесі кезек кімдікі деп, күтумен жүргендей... Сәкен ағаны әкеткен соң, жағалай тінту басталды. Кімде не бар, қандай құжат бар дей ме-ау, әйтеуір, мәнайының бәрі шпион сияқты. Жан баласына сенуден қалдық. Біздің үйде Сәкен аға мен Сәбиттің бастарына шляпа киіп түскен әдемі суреті бар еді. 1928 жылы Қызылордада, бір партия жиналышынан кейін түсіпті. Екеуі де жап-жас көрсө көз тоятындар. Сол суретті ешкімге байқатпай алдым да, ауызғы үйде ілулі тұратын айнаның артына қыстыра салдым. Ойым – біреу-міреу кеп тінте қалса, көзден таса болсын, айнаны ешкім сындыра қоймас. Өзімше сақтық жасағаным ғой. Әйтеуір, тінту болған жок. Уақыт өте берді. Сәбиттің басына да зобалаң туды. Сәкенмен жақын болдың, қандай жұмыстар жүргіздіндер деп түртпектей бастады. Сәбитті қалай қинағандарына қазір арнайы тоқталамын. Әлгі суреттің тағдырын айтайын деп отырмын.

Жылдар өтті. Сәкен аға ақталды. Ескі айна баяғыда дачаға кетіп қалған. Бір күні әлгі сурет есіме түсті. Сол үшін әдейі дачаға бардым да, айнаның сыртқы тақтайын босатып ем, әлті сурет шыға келді. Қөзіме оттай басылды. Қөнілім босап кетті. Еніл тезірек Сәбитті қуанткым кеп, үйге қарай құстай үштүм. Келсем, Сәбит кабинетінде жұмыс істеп отыр екен. Арт жағынан үндемей келдім де, алдына жаңағы суретті қоя койдым. Сәбит сасып кап артына қарады да: «Мәриям, бұл қайдан шықты?» деді. Мен бар жағдайды айтап бердім. Сәбит конілі толқып: «Әй, айналайын-ай, мынау бір керемет болды ғой» деп катты қуанды. Сол сурет музейде тұр.

1937 жылдың зұлматынан біз де шет қалғанымыз жок. Жиырма жасынан партияға кіріп, сол партияның ыстығына күйіп, сұзына тоңса да, Сәбитке де жала жабылып, біраз қыындық көрдік. Қаншама үйкесіз тұндер мен уайым-қайтыға толы күндерді бастан кешірдік. Менің сол кезде түскен бір суретім бар. Осы күні өзім қарап отырып шошынамын. Қу сүйек, тірі аруақ сияқтымын. Сәбит екеуіміздің басымызға күн туып жүрген кез ғой.

... Әлі есімде... 1937 жыл. Қазанның бесі... Сәбитті партия жиналышына шакырып әкеткен. Сағат кешкі алтыңда басталады деп еді. Қарангырық түсті, түн болды. Сәбит жок. Балалар

аяқтарының үшінан басып, әлдебір қорқынышты күтумен болдық. Тұнгі сағат төрт шамасында есік қағылды. Ашсам... Сәбит! Аппак қудай, өн жок, тұс жок. Қалшиып тұрган маган қарап: «Жүрегіме басқан жалғыз билетімнен айрылдым. Мен біттім, Мәриям!» – деді.

– Бюроға Орталық Комитеттің мәдениет бөлімінің бастығы Фабит Мұсірепов пен Илияс Қабылов қатысты. Жақын деп жүрген адамдарымның қылышы жаңыма қатты батты, жалғыздығымды анық сезіндім. Билеттен айрылып, құр сулдерімді сүйретіп, далада әрән шықтым. Даға тастай қаранды екен. Бір кезде артымнан Бейімбет пен Қалмақан Әбдіров жүгіре шығып: «Әй, Сәбит-ай, өзге-өзге, саған обал болды-ау!» – деп екеуі ере жүрді. Шамы әлдекашан сөнген тас қаранды көшемен үшеуіміз келе жаттық. Бір кезде арт жағымыздан кара түнекті қақ жарып, шамы қөзді қарықтыра, бір машина жыланша жорғалап, жылжып келе жатты. «Бейімбет, Қалмақан! Мынау зәуде болса мені әкетуге келе жатқан болар. Бала-шагаммен қоштастырмайын дегені ме?! Сендер әрірек барындар, кесірім тиер. Конілдеріне раҳмет!» – дедім. Машина жаңыма қатарласа бергені сол еді, кенет есігі ашылып: «Бейімбет, әй, Бейімбет, кел бері!» – деген дауыс естілді. Фабиттің даусы. Менде ешкімнің шаруасы да жоқ. Машина ішінде Қабылов та отыр екен. Бейімбет пен Қалмақанды отырғызып алды да, зу етіп жаңымнан өте шықты. «Бір атым насыбайдан калар коніл-ай», иесіз көшеде жер болып қала бердім. Үйге жетпестей көріп едім, келдім-ау, әйтеуір, жеттім-ау, сендерге», – деп Сәбит әңгімесін аяқтап, жылап отырған менің иығымнан құшактады. Жылаудан басқа менің көлымнан қылар амалым жоқ. Сол тұннен бастап «әне әкетеді, міне әкетеді», деп үреймен таңды атырып, кешті батырумен болдық. Көрші-қолан, жора-жолдас іргелерін аулақ сала бастады. Кейбіреулері тіпті сөлемдесуге де жарамайтын болды. Сәбит билеттен айрылған күні жұмыстан да қуылған. Күн көріс қыннады. Төрт бала бар. Ботажан сол жылдың көктемінде туған, 5-6 айлық қана. Сәбитті апта сайын шакыртып, күніне бірнеше сағат үстап жауап алады. Үйдегі жас баламды тастанап, «өлмес» деп мен де жүрем маңайды торуылдап. Үстап әкете қалса, білмей сорлап қалам ба деп ойлаймын. Сәбит далада шыккан кезде, алдынан тосяп мен тұрамын. Екеуіміз үйге

келеміз. «Әлгі сорлы бала не болды екен?!» – дейді Сәбит. Келсек, бала тып-тыныш жатады уілдеп, жыламайды. Келе тырсылдаған емшегімді беремін. Тойып еміп алып, үйқыға кетеді. Бірнеше ай бойы осылай жүрдік қой. Сонда бала шырылдаپ бір жылаған емес. Сәбит айтады: «Мәриям, осы балаға үміт артамын. Жыламаганың жақсы ырымға балаймын» дейді. Олай дейтіні, осы 1937 жылдың басында Қарағандыдан Абдолла Асылбеков үй-ішімен көшіп кеп, дайын үй жоқ болған соң, біздікінде тұрды. Жаңа туған ұлы бар екен. Ол кезде Абдолла «халық жауы» бол, ұсталып кетеді деп кім ойлаған. Сонда әлгі жаңа туған жас бала тұн баласына үйқы бермей, таң атқанша жақ жаппай зарлап шығады. Кейін Абдолла ұсталып кеткен соң ойладық: періште ғой, бір жамандықты сезіп, шырылдады ма екен, байғұс бала! Осыны көрген біз Ботажаның тыныш болғанын, зарлап жыламаганын демеу тұтып, кәдімгідей жұбаныш санадық!

Бір күні Сәбит мені қасына отырғызып алып: «Мәриям, сен енді есінді жи. Арқа сүйер ағайын-түыс жоқ. Балаларға ие бол. Қандай қын күндер болмасын, осыларды сакта. Мені ұзатпай әкететін шығар, киім-кешегімді әзірлеп қой. Аяқ астынан келіп қалса, есін кетер. Қайратына мін, сенер адамымыз жоқ қой», – деді. Сонымен күндер өте берді. Сәбитті апта сайын шақыртып, жауап алады. Әнгімелесу дейді өздері. Алдымен бір картан орыс әйел қабылдаушы еді. Бағымызға қарай, бір иманжүзді адам екен. Сәбитпен жылы сөйлесіп, түсіністікпен қабылдайтын. «Сол жылдары Мұқанов та тұрмеде жатыпты» деген қауесет шығып жүрген көрінеді қазір. Ол – өтірік сөз. Сәбит бір жылға жуық жұмыссыз сенделді. Жиі-жі шақыртып жауап алатын. Бірақ тұрмеге жабылған жоқ.

Сол жылы балаларға ауыр тиді. Тәтті-дәмдіні көздері де көрмейтін болды. Бірде Сәбитті тағы да бір жаққа шақыртып, ертемен кетіп қалған. Тұске таман келіп тұр. Қолында – үш алма. Қып-қызыл, көздің жауын алардай. Қайдан алдың десsem: шақыртқан жері бір алма бақтың жанында екен. Үйге қайтарда сол баққа кіріп, балалар сағынды ғой деп үшеуін жұлып алдым. Балаларға берші, жесін дейді. Ол кезде Алматының базары алмадан қайысып тұрады. Оны алуға бізде ақша жоқ. «Күдай-ай, қандай күйге үшіралдық?» – деп қамықтым. Балалар болса мәз.

Иә, қарағым, айта берсем, тіпті көп екен-ау. Осындаи киын-қыстау күннің өзінде де Сәбиттің қасы мен қабағына қарап, әрдайым жаңынан табылуға тырыстым. Бірге қайғырып, бірге жыладым. Сол жылдары басынā іс түскен күйеулерінен ажырап, тіпті балаларының аты-жөнін өзгертіп жаздырған әйелдерді де білемін. Жағдайымыз күннен-күнге ауырлай берді. Қатты қысылған кезде үйдегі тәуір деген заттарды сатпақшы болдым. Үйде үлкен жақсы кілем, Сәбиттің алтын сағаты болды. Осы екеуін комиссиялық дүкенге арзан бағамен өткізбекші болдым. Амал жоқ, ұялсаң да баруға тұра келді. Жұрттың бәрі таниды. Біреу табалап, біреу күліп қарайтынын білсем де, лажсыздан сондай әрекетке баруға бел байладым. Сәбит жайымды анғарды білем: «Мәке, бұл заттарды әзірге қозғамай-ак қойши. Польто тіктіреміз деп жүрген жақсы маталарың бар еді ғой, алдымен соларды апар. Елеусіздеу ғой», – деп кенес берді. Маталарды орап, сөмкеге салып алып, дүкенге келдім. Дүкенші маталарымды эрі қарап, бері қарап, тісіне басып коріп, саудаласқанша жаңым қысылышпітті. Таныс біреулер көріп коя ма деп қипактадым. Сол бір киын кезенде дүкенге өтіп кете жаздаған алтын сағат қазір музейде, Сәбиттің жазу үстелінде жатыр.

Сәбиттен жауап ала бастағанда елден келіп жатқан бір алыстау ағайынның әйелдері бар еді. Асықпай қонақтап жатқан. Сәбиттің басына әлгіндей лаң туа бастағанда, алды-арттарына қарамай елге қарай зыгтты. Талай жақын жүрген жолдастарымыз пәлесі жұғады деп Сәбиттен қашатын болды. Тек жалғыз Нұркे ғана қасымыздан табылды. Айналайын-ай, ештемеден корықпай: «Сендермен бірге боламын, не көрсек те бірге көреміз!» – деп отырып алды. Нұркес Сұлейменов Сәбиттің Дәмеш деген апасынан қалған жалғыз жиені еді. Солтүстіктің қазактары бірге туған үлкен қызды апасы дейді. Осы жақта әпке, әпше деп жатады ғой. Дәмеш апамыз ол жылдары қайтыс болған. Нұркес сол жылы жазда окуға келіп, түсе алмай, Сәбит баспаханаға жұмыска түрғызған. Нұркеден басқа да окуға келген бір-екі бала, алыс туыстар бар еді. Сәбит билеттен айрылып келген күннің ертеңіне-ак жандарынан қорқып, елге тайып тұрды. Тек Нұркес ғана қасымызда қалды.

... Күндер оте берді. Жоқтан бар жасап дегендей, сорпа-суан пісіріп, ас үйде жүр едім. Нұркес жұмыстан келді.

Қолында газетке орап алған бірдемесі бар. Ас үйге кірді. Газеттің орауын жазып: «Мәриям, мен бүгін алғашқы айлығымды алдым. Бөлкे нан, бір шөлмек арак әкелдім. Шұжық алдым. Сәбит жүдеп жұр ғой, кішкене қоніл көтерейік. Дастархан жайып жіберші», – деді. Мен жылдам әлгілерді турап, үстелді дайындал жібердім. Сәбит түпкі үйде жатыр еді. Дастарханға шақырдым. келіп, жасаулы тамаққа көзі түсіп: «Мынау не, арақ қайдан келген?» – деді. «Мына Нұркे алғашқы айлығын алышты, сен ауыз тисін деп әкеліпті», – дедім. Сәбит сәл үнсіз тұрып қалды да: «Әй, айналайын-ай...» – деді. Даусында қуаныштан ғері қамығу басым еді.

Сол Нұркे 1941 жылы соғысқа біздің үйден аттанды. Жылап-еніреп шығарып салдық. Хабарсыз кетті, марқұм. Тар жерде жоллас болған қарағым еді. Бейнесі күні бүгінге дейін көз алдымда. Үйде жап-жас күнінде түскен суреті бар. Сәбит бір сары конвертке салып сактапты. Сыртына «Нұркे» деп жазып қойыпты.

Осы арада Елеусізді де айта кетейінші. Сәбитті ізден Алматыға елден келген жетім бала еді. Әкесі алыс ағайын боп келетін. Алматыдағы жалғыз қазақ мектебінде оқыды. Дәл 10-класты бітірген жылы соғыс басталды. Біздің Арыстан мен Марат үшеуі жұбын жазбаушы еді. Сабактан шығысымен үйге келіп, өз баламыздай еркін жүріп, еркін тұратын. 1941 жылы Сәбит Арыстан мен Маратты май айында сабактан ертерек босатып алыш, Мәскеу маңындағы бір пионер лагеріне жібермекші болды. Киім-кешектерін дайындал, әбігер боп жатсақ, балалар айтады: «Мама, Елеуіш те (Елеусізді олар солай атаушы еді) бізben бірге барсыншы. Ол экзамендерін ерте тапсырып, Москванды көргісі келеді. Сіздерге айтуға үялып жур, барсыншы», – деп қоймай қойды. Содан мен Елеусіздің мектебіне барып, сынақтарын ерте тапсырттын болжа, келісіп келдім. Елеусізге де Москваға билет алыш, жолға дайындала бастадық. Балалардың қуанышында шек жоқ. Бәрі де ойдағыдай, бәрі де жаксы еді. Балаларды Сәбит Москваға алыш барып, орналастырып келді. Арада 10 күн өткен жоқ, соғыс бүрк ете қалды. Есіміз шықты. Сәбит Москвадағы таныстарға звондал, балаларды, әйтеуір, бірдеме қылып қайтардық. Жүрттың бәрі үрэйлі, көздерінде корқыныш.

Елеусіzlі, 18-ге енді толған жап-жас баланы, соғысқа алатын

болды. Өзі жетім, ауылдың баласы, артынан іздеушісі де жоқ. Сәбит екеуіміз қатты қиналдық. Жаңымыз ашыды. Соғысқа әкетпес бұрын бір айдай Алматының түбінде әскер ойнатып, жаттығу жасады. Кешкі бестің кезінде жаттығудан оралады. Өңкей өрімдей жастар шаш-шаш бол, саптеп келе жатады. Темір қакланың алдында ата-аналары күтіп тұрады. Қолдарында тамактары, су-суандары бар. Сәбит мені де күнде жібереді. «Байғұс бала, ешкімі жоқ. Қоп ұзамай оттың ішінे кіреді. Тірі қайта ма, жоқ па, бір құдайға ғана аян... Мәке, көnlі жудемесін. Күнде алдынан шығып тұрши», – деп мұсіркеп қоймайды. Ыстық тамағым сұып қалмасын деп, орап-шымқап мен тұрамын. Сонда алыстан мені көріп, ақсиып құліп келе жатады. Әскери басшылар бұларды қашан жөнелтетінін айтпай дымымызды құртады. Бір күні осы тұнде әкетеді екен деген сыйбыс шықты. Ата-аналар ұлардай шулап, есік күзеттік. Бір күн отті, тұн отті. Әкететін сыңай байқалмайды. Әбден шаршап, енді ертенге шейін тұра тұrap деп, тұнгі үш кезінде тараганымызда, тұра бір сағаттан кейін, танғы төртте балаларды тиеп, жонеп беріпти. Ертеніне келгенімізде орындарын сипап, анырап қала бердік.

Сол кеткеннен Елеусізіміз мол кетті. Бір-екі рет хат келді. Сосын токтады. Осы бір екі бала – Нұрке мен Елеусіз, шіркінай, моп-мөлдір, тап-таза балалар еді... Қай қыста, тастың астында қалды екен десенші... Соғыс аяқталып, жұрт мәз-мәйрам боп жүрген кесілдерде елеңдеп біз де отырдық. Келіп қалар ма екен, жарқ етіп... Бір күні іс тігіп отырдым да, есіме осы екі бала түсе кетті. Ішім удай ашып, ызындаған мәшиненің даусына қосылып, анырап жоктау айттым. «Қарастарым-ай, кайда екенсіндер?! Көрер жарыктарың неге сонша қыска болды...» деп дауыс сап отырсам, арт жағымнан Сәбит үнсіз таяп келіп, тыңдалап тұрыпты. Сағыншымы айттып, көзімнен жас моншактап жылап отырдым. Тықырлағанға карасам, Сәбит. Екеуміз де ләм деген жоктыз. Аузымыздан сөз шықса, жарамыз тырналардай, үнсіз қалдық. Бірақ, оның да көкірегі удай ашып тұрганы сөзсіз еді. Екеуін есіме алсам, қазір де кәрі көзден жас домалай жөнеледі, қарағым...

\*\*\*

1938 жылдан бастап Сәбит қайтадан жұмысқа кіріп, коркыныш сейілгендей болды. Сол жылдары жинальыс деген көбейіп кетті. Ерте кетеді. кең келеді. Түйілген қабагынан

ығып, дүниеде не болып жатқанын тәптіштеп сұрауға да баттайсын. Жұрт аузын ашуға қорқады; Мәскеуден келген бетте Мәриям Хакімжановамен танысқанмын. Өте зиялы, жұмсақ адам екен. Жас та болса, білері көп деп Сәбит жақсы көруші еді. Күні кешеге дейін туыстай боп араластық. Сәбит қайтыс болғанда дауыс сап жоқтау айтқаны әлі күнге шейін құлағымнан кетпейді. Сәбит екеуінің сыйластығы ерекше. Оның себебі әріде жатыр. 37-нің ланы Мәриямды да шет қалдырмағы. Тұрмысқа шыққан соң, көп ұзамай қүйеуі «халық жауы» атанип ұсталып кетеді. Мәриямның колында қүйеуінің алғашқы қайтыс болған әйелінен туған екі кішкене бала қала береді. Бейшара балалар шешеден олдей, әкеден тірідей айрылады. Мәриямның адамгершілгіне танитын жұрттың бәрі тәнні. Өзінен тумаса да, туғандай мәпелеп, сол балаларды жеткізді. «Халық жауының» әйелі деп Мәриямға да талай сұргінді көрсетті. Жұмыс бермей, күнкөрісі киындал, жоражолдастының бәрі манынан безіп кеткен тұста, Сәбит колынан келтен көметін аяған жок. Арабша газет-журналдар шығаратын баспаға жұмысқа тұрғызды. Қүйеуі ұсталғаннан кейін кең үйлерінен куып шығып, тап-тар ескі үйге кірді. Ортада темір пеш. Кәрәсін шам. Қыстың іші. Үй жылытар отын да жок. Екі баланы екі қолтығына қысып, жүргегінің жылуымен жылытып Мәриям отырады. Әлгіні көрген кезде, аяныштан адамның жүргегі қысылады. Сәбит екеуміз қараңғылықтың түсін күтеміз. Жұрт аяғы басылып, қараңғылық көз байлаған кезде, кол шанага сексеуілді тиеп алыш, Мәриямға келеміз. Жұртқа көрсетпей кәрәсін тасимыз. Біре-міреу көрсे, «Сәбіттің халық жауынның әйеліне көмектесуі тегін емес, өзі де жау» деп шығуы әбден мүмкін еді. Сол бір киын-қыстау кезенде басталған достығымыз өмір бойы үзілмеді. Ұл-қызы өсіп ер жетті. Азamat болды. Жан күйзелтер ауыртпалыққа, қаншама көрген киындығына қарамастан, екі баланы жетілдіріп, адам қатарына косып, бір-бір үй етті. Туған балаларым емес деп, сонда интернатка өткізіп жіберсе, ешкім де сөкпес еді. Ішінен шыққан балаларын да өткізіп жіберіп, өмір бойы пәлесі кетпейді деп ұсталып кеткен қүйеуінің атынан шығарып алғандарды да білемін. Олардың қасында Мәриямдікі нағыз ерлік еді. Сәбит сол үшін де жақсы көрді. Өзінің ниетіне берген шығар – балалары да тәрбиелі, көргенді. Ұлы Атымтай

да мынау деген азамат. Мәриям немере-шөбере сүйіп, өзі ел сыйлайтын ақын боп тіршілік кешті. Екеуміз апалы-сінлілідей болдық. Жасы менен әжептәуір ұлкендеу. Үлғи: «Мәке, құдайдан бір фана тілегім бар. Мені сенің алдында алса екен. Сенен кейін қалмасам екен» – дейтін. Ол да орындалды. Ауырып қайтты. Қолымнан топырақ салдым. Дұниеде катарынның сирегені қын екен. Мәриямнан айрылғанда көніл құрғыр жудеп қалды. Сәкен ағаның әйелі Гүлбарам абысының кеткенде бір киналып ем. Соңда бір қатты құлазып ем. Бейшара, ауырып жатып, соңғы сәтінде: «Мәриямға сәлемімді жеткізіндер. Мені Сәбиттің қасына қюоға рұхсатын берсін. Сәкеннің сүйегі қайда қалғаны белгісіз. Бала да жок, бай да жок. Сәбит Сәкеннің кәрі жолдасы ғой», – депті. Гүлбарамның қайтқанын естіртуге келіп отырган адам оның осы өтінішін де жеткізді. Мен: «Әрине, рұхсат. Бөтен емес, жақын женгесі емес пе. Әрі Сәкендей жақсының көзі» деп бірден келістім. Сәбитке барған сайын, Гүлбарамның да тасын сипай өтемін...

Марқұм, ер пішіндес, адуындау адам еді. Сәбит қайтқанда жоктауымды үзбей, зарлана бердім ғой. Соңда осы абысының: «Әй, Мәриям! Сен неге қоймайсың!؟ Армансыз қатынсың сен! Сағынсан, барып топырағын іскейсің, басына барып мауқынды басасың. Ау, мына біздің не жанымыз жүр!؟ Тым болмаса бір уыс топырағы болса деп армандаумен келеміз. Қай жерде, қай тастың қуысында қалғанын да біле алмай, сорлап жүрміз емес пе!» – деп ұрсып таstadtы. Осыдан соң, тоқтағандай боп, есімді жиып, бір жұтым су іштім.

Тірісінде ренжітіп, не бетіне қарсы қеліп көрген емен. «Күлеке, Күлеке» деп кішіреюмен өттім. Кейде орынсыз өктемдік көрсетсе де, жып-жылмағай ғып, тігісін жатқызып жіберуші ем. Сәбит айтатын: «Сәкендей жақсының көзі ғой» деп.

Осы Төлебаев көшесіндегі, қазіргі музей орналасқан үйдеміз. Қыстың кезі болатын. Үйде жайбаракат отыр ем. Сырттан айғай салған бір дауыс естілді. Шықсам – Гүлбарам. Маған айтады: «Мына есігіннің алды кек мұз ғой, неге тазалап қоймайсың? Сәкеннің әйелі басын жарып, көшеде өліпті деген атақта қалдырайын деп пе ен!?»... Кәдімгідей ашулы. Мен күліп: «Күлеке-аяу, келе жатқаныңызды телефонмен айта салсаныз, жолынызға кілем төсей салар ем ғой», – деп келіп,



*Сабит Мұқанов. 1923 жыл, Орынбор.*

Гүлбаярам  
Сейфуллина,  
Мәриям  
Мүқанова.  
Москва,  
1933 жыл.





Немерелері  
Нәйла, Кәмила.  
1965 жыл.




Қызы Жаннамен  
бірге.  
1946 жыл.

Мұқановтар отбасы.  
1-қатарда: онан солға  
қарай; Арыстан,  
Мәриям апай, Жанна,  
С. Мұқанов;  
2-қатарда: Марат,  
Ботажсан, Баян, Алтай.  
Алматы, 1950 жыл.



Орынбор қаласы. 1923 жыл.


С.Мұқанов. Москва, 1930 жыл.



Сәкен Сейфуллин,  
Сәбит Мұқанов.  
Кызылорда, 1928  
жыл.



Ақпан, 1943 жыл.  
I-прибалтика  
майданы.  
Солдан оңға қарай:  
Хакім Бекішев,  
Сәбит Мұқанов,  
Мәлік Фабдуллин.





*С. Мұқанов, 1954 жыл.*

*Солдан оңға қарай: И.Жансүгіров, Т.Жароков, С.Мұқанов,  
М.Каратеев, М.Әуезов. Алматы, 1934 жыл.*





Кызы Баянмен. Алматы, 1945 жыл.

Кенен Әзірбаев пен С.Мұқанов, 1969 жыл.





Габит Мұсірепов, Мұхтар Әуезов, Сәбит Мұқанов  
қаламгерлер арасында. 1956 жыл.


М.Мұқанова, С.Мұқанов. 1965 жыл.



*M.Мұқанова  
С.Мұқанов,  
1960 жыл.*



*Зада Омарова, С.Мұқанов, М.Мұқанова, Шүгайып Омаров,  
Алматы, 1962 жыл.*





Алдыңғы қатарда: Гүлжамал Майлана, Николай Тихонов, С.Мұқсанов және бір топ жазушылар.

Оқырмандар ортасында. 1970 жыл.



*С.Мұқанов,  
Н.Анов,  
Р.Рождественский,  
Қайсын Құлиев  
және басқалар.*



*Сәбит Мұқанов, Мұзатар Әлімбаев, Игібай Әлібаев  
«Ленин туы» газетінің редакциясында — 1967 жыл.*





С.Мұқановтың 70 жылдық тойында.  
Мәскеу, 1970 жыл.



Медеуде.  
1970 жыл.

күшактай амандастым. Лезде жадырап, күліп сала берді. Мәриям да, Гүлбарам да сырлас, әзілін де, ашуың да жарасатын жақын жандар еді.

\*\*\*

Сәбит кайтқаннан кейінгі алғашкы жылдары Союзда (Жазушылар одағы) қандай кеш болмасын, жиылыс болмасын арнайы шақыру жіберіп, жи шақыратын. Баруын барсам да, Сәбиттің үнірейген орнын көріп, конілім бұзылып қайтамын. Тек Сәбит кана емес-ау, президиумда қаздай тізіліп отыратын өңкей жақсы мен жайсандарды, наркасқаларды іздеймін. Сәкен, Ілияс, Бейімбет, Мұхтар, Сәбит... Өздері де бір шекелері торсықтай, көрсөн көз тоятын азаматтар еді. Арада қаншама жылдар өтсе де көмескіленбейтін, тот баспайтын асыл азаматтар екен ғой!

Қара шанырак, Жазушылар Одағы, кезінде киелі ордадай еді. Өзім үшін әлі күнге шейін солай. Сәбиттердің кезінде сәл-пәл ауыздарына жынды су тигендердің өздері ішке кіруге бата алмай, айналсоктап жүретін... Талай бастық келді, кетті. Солардың ішінде менің есімде жақсы қалғаны – марқұм Жұбан Молдағалиев еді. Жазушылардың жесірлеріне ерекше құрметпен карайтын. Жиын, бірдеме бола қалса, калдырмаушы еді. Осы күнгі Нұрлан Оразалин балам сол Жұбанды еске түсіреді. Үлкендерге құрметі бар, аруақ сыйлайтын адам.

Жазушылардың бірімен де араластық қой. Кәзір аузыма түспей отыргандары болса, құдай кешірсін. Қанша дегенмен, естелік айту, өткеннің бәрін қазбалau да онай емес екен...

Фабит пен Фабиденниң тірі жүргендері де көнілге демеу еді. Сәбиттің етene жақын жүрген достары деп қарайтынмын. Оның үстінен Фабитпен құдамыз. Қайтарынан бір жыл бұрын ғой деймін, 31 желтоксан күні кешкі сағат 6-ның кезінде Төлебаев көшесіндегі орындықта отырганын көрдім. Жұрттың бәрі Жана жылды карсы алуға дайындалып, абыр-сабыр боп жатады. Мен де дүкеннен бірдеме керек болып, сыртқа шығып ем. Жақын кеп, амандасып: «Ие, не ғып отырсың? Фазиза қайда?» – дедім. «Фазиза кешірек келетін шығар, әйелдер дачада жиналадып, сонда отыр» – деді. «Бізге жүр, Фазиза кешіксе, жалғыз отырма» – дедім. Рахметін айттып, үйде болатынын айтты. Фабит Сәбиттей емес, салқынқандылау, сырбаздау адам

гой. Адамды ішіне онша жіберіңкіремей, сырт жүретін. Сәбит екеуі бір елдін адамы, бірге өсіп, біте қайнаса да, екеуі екі мінезді еді. Сонау 24-жылдан бері қарай екеуі бірге жүріпті, өмірдің асу-белдерінен де бірге асыпты. Екеуінің әдебиет тұрасындағы айтыс-тартысын жете түсіне алмаспышын, жалпы қараптайым адам ретінде екеуі бір-біріне үксамайтын. Фабит от басына көп көніл бөлмейтін сал-серінің омірін кешті. Қара жер хабар айтпасын, семьялық өмірдің бақыты бүйірмаған адам болды. Өзі қайтыс болып, артында қалған мұрасы талантаражға ұшырап, әлдекімдердің қолында кеткенін естігенде, жаным ашыды. Өсек орттей каулас, «ойбой, Фабиттің пәлен сом ақшасы қалыпты; оған аналар пәлен алыпты, түген алыпты» деп естігенде, «озіндік өзіңе бүйірмады-ау!» деп қынжылдым. Әсіресе, Фабиттің бейтінің басын бекіту кезінде коп әңгіме жүрді гой, әйтеуір, жақсы етіп салған екен.

Марқұм, Хұсни тірі болса, жоғарыдағыдай әңгімелердің бірі де болмас па еді, қайтер еді... Газет-журналдарды үзбей қарап отырамын. Солардың бірде-біреуінен алғашқы қыздай косылған косағы – Хұсни туралы ешнәрсе көрмедім. Кейінгі әйелдері Рая мен Газиза туралы дерек келтіреді, ал Хұсни марқұм өмірде болмагандай...

...Хұсни бір аяулы жан еді. Биязы, жібектей есілген, жуас адам еді. Фабиттің қандай қылышы болса да, үнсіз төзлі. Күйеуін балаша мәпелей күтті, бір ауыз катты, қайыра сөз айтпады. Тамакты қандай дәмді пісіруші еді, ұстаған дүниесі қандай!. Жүрген жүрісі білінбейтін, зиянсыз, көнбіс адам болатын.

Екеуіміз сырлас болдық. Біз Сәбит екеуіміз Мәскеуде жүргенде Фабит пен Хұснидан хат жиі келетін. Достық қарым-қатынасымызды балалар онан әрі бекітіп, құда болдық. Немерелер келді өмірге. Солардың қызық-куанышында бірге жүрдік. Сәбит қызғаншак еді. Немерелерін қызғанып, Фабиттердің үйіне бір-екі күн қонын десен, соған келіспей, қабағы түйліп қалатын. Мен айтатынмын: «Сәбит-ау, Хұснидан үят кой. Ол болса, бар дәмдісін пісіріп, сенің балаларыңды жаны қалмай күтеді, шыда бірер күнге» десем көнбейтін. Трамвайға отырып, алып келеміз деп мені коса ала шығады. Хұсни сонда күліп: «Бәсе, Сәбит негып шыдап отыр екен десем, жеткен екенсіндер гой. Жарайды, келіндер, дастархан дайын» дейтін. Ренжу легенлі білмеуіні еді... Өмірімде мұндай

момын адамды көрмәдім. Фабит не айтса да – зан, түн келе ме, күн келе ме – бір ауыз сөз айтпайтын. Бар дәмдісін аузына тосып, үсті-басын мұнтаздай ғып күтті. Шалбарды үтіктеген кезде су емес, хош иісті өтір құйып үтіктегенді сол Хұснидан көрдім.

1949 жылы Мәскеуде қазак әдебиеті мен өнерінің он күндігі өтетін болды. Жазушы біткеннің әзірлігі өз алдына, әйелдер де қалыспай, жарыса кім тіктіріп, дайындалып жатырмыз. Күніне бірнеше рет телефонмен хабарласып, қалай дайындалып жатқанымызды айтысып, дуылдастып қоямыз. Хұснидан сыйбыс жоқ. Бұған не болды деп, хабарлассам – Хұсниым жайбаракат. «Е, сен неге тым-тырыссың? Декадаға бармаймысың?» десем, «Фабит ештеме деген жоқ қой» дейді. Мен: «Сөзді қой. Барамыз. Жүрттың бәрі дайындалып жатыр. Өзі қайда?» – дедім. «Тауда дем алып жатыр». «Жүр, өзіне барып айтамыз» деп, Хұсниды еркіне қоймай ертіп алып, тауға тарттык.

Фабит күліп қарсы алды. «Дауылдатып не қылып жүрсін?» – дейді маған. «Сенің жағдайынды білейін деп келдім. Әйел біткен Мәскеуге барамыз деп дайындалып жатырмыз. Жалғыз сенің бәйбішен жайбаракат, немене, бармай ма?» – дедім. «Өзі білсін», – дейді. Мен ыза болып кеттім. Өктемдігіме басып: «Өзі білгенің не? Әйда, давай, ақша бер. Киім тіктіреміз. Болды, болды, сараңданба. Жүрттан кем қаламыз ба? Бірге барамыз, сөз бітті» – деп, Фабиттін бар акшасын қағып алып, екеуіміз кері қайттық. Жол бойы: «Ынжықсың, неге соның аузына қарап отырасың?» – деп үрсып келем. Ақырын жымып күліп қояды сонда. Міне, сондай жан еді, жарықтық. Мен болсам, ол кезде алты баланың анасымын, жасым қырыққа енді келеді. Оның үстіне Сәбит әбден еркелетіп жіберген, бар билік өз қолымда, жалын атып тұрған кезім. Кей-кейде Фабит маған қалжында: «Сені маған жолықтырмаған күдайға раҳмет!» – дейді. «Е-е, маған жолықсан, бұрап-бұрап жөнге салар ем сеній» – деп құшырланып қоямын. Рахаттанып күліп алатын. Сәбиттің көрі жолдасы емес пе, озін көргенде Сәбитті қөргендей болушы ем. Ескіден қалған көз ғой, кездескенде бір-біріміздің колымызды алып, тәптиштеп хал-жағдай сұрасатынбыз. «Мәриям, сен мықтысың» деп колпаштаушы еді. Қызылды-жасылды дүние отті, кетті.

Сәбит қайтқаннан кейін, Фабит пен Фабиденнің жүрт

жылған бір жерде Сәбиттің ақшасын қалай ұрлағандарын айтып, құлдіргендері бар еді. Үшеуі бір-бірімен қатты қалжындастын. Сол қылықтары өздеріне жарасып тұруши еді. Осы арада айта кетейін.

Сәбит Жазушылар Одағының бастығы. Айлық алатын күні Одақтың маңына жазушы-ақын біткен тегіс жиналады екен. Кәссір қыз Сәбиттің ақшасын кабинетіне алып кеп, қағазға кол қойдырып жатыпты. Сол қезде бұлардың үстіне Фабит пен Фабиден кеп, жайғасып диванға отырады. Сәбит пәшкі-пәшкі ақшаны газетке орап, үстелінің тартпасына сала салыпты. Жайғасып отырған екеуіне бұрылып, әңгімелесе жөнелген көрінеді. Хатшы қыз есіктен қарап, Сәбитті бухгалтерияға шакырып жатқанын айттыпты. Ол шығып кетеді. Бұл екеуі кала береді. Фабит: «Сәбиттің ақшасы көп көрінеді. Байқадың ба, санаған жок. Аздап, білдірмей алайық», – деп тартпаны ашып, газеттің орауын жазып, будыраған ақшадан бір-бір пәшкіден калталарына сұнгітіп жіберіп, жып етіп, түк көрмегендей орындарына отыра қалады. Үшеуі қатты ойнайтын. Сәбит кайтып келіп, ойында ештеме жок, әңгімені соғып, біраз отырады. Бұлар: «Ал, жарайды, біз қайтайық», – деп сырбазданып шығып кетеді. Былай шықкан соң, Фабиден Фабитке: «Әй, Фабит, сенің алған пәшкең қалындау сиякты, сен маган жұқасын бердін», – деп қиғылық салыпты. Сонда Фабит: «Атаңның аузын бәлен қылайын, немене, сен айлығынды алып тұрсың ба? Бұл қай сасқанын», – деп жатып кеп үрсыпты. Осы уақығаны Фабит айтып, жұрттың шегін қатырып, құлдірмесі бар емес пе. Сол арада мен де: «Айтқандарын жақсы болды. Сәбиттің ақшасын енді мына жесіріне қайтарындар» – деп жабысып жатырмын. Фабит: «Ол қай заманғы ақша. Мәке, мен жәй мойныма қарыз болмасын деп айтып жатырмын. Сен де қызықсын», – деп жолатпай койды. Осы күні қалжындастар адамымыз да қалмады. Е, дәурен-ай, десенші... Айтпақшы, Сәбиттің тағы бір қылығы есіме келе қалғанын қарашы...

Ертеректе, 50-ші жылдардың іші болар. Олай дейтінім, казіргі Арыстандар тұратын үйге 1956 жылы коштік. Ал оған дейін. Артилерийскийде отырдық. Қыстың бас кезінде Сәбит екеуміз тағы да елге кеттік. Содан әрі Мәскеу бармақшымыз. Кетер алдында соғымды соыйып, етін терісіне орап, үлкен

верандамыз болушы еді, сонын бір бұрышына жиып, тастан кеттік. Ол кезде Алматының қысы катты. Әлті орап кеткен етіміз тас бол қатып жатады. Мұздатқыш деген жок. Жол жүрер алдында бала-шаға, көрші-қолан, осы Фабиттер бар, бәрі дуылласып, соғымның етінен дәм татып, тарақсан. Содан біздер кете бардық. Елге барып, Шәкен қайнымның үйінде үш-төрт күндей болып, Мәскеуге тарттық. Біз кетісімен Шәкен қайнымның адресіне, біздің атамызға телеграмма келеді. Фабит салыпты. «Все, что было на веранде — украли!» деген сөз түр дейді. Шәкенге әңгіме қып, соғым сойғанымызы, верандага орап, тығып кеткенімізді айтқанбыз. Сол жерде Шәкен уайым жеп, қыстық тамактарынан айрылып қалды-ау деп қинальпты. Бізге, Мәскеуге, хабарласайын десе, адресімізді білмейді. Сонымен, жіпсіз байланып отырады. Бірнеше күн Мәскеуде болып, Алматыға оралсақ, Фабит мұртынан құледі. Телеграмма алдындар ма дейді. Қайдағы телеграмма дейміз біз. Мән-жайды үққан соң, ал құлейік кеп... ерінбей-жалақпай телеграмма салып жүргенін көрмеймісің. Біздер осылайша қалжыңдасуши едік...

Обалы не керек, Фабит мені сыйлайтын. Қанша өктем сөйлесем де, бетімді қайтарып көрген емес. Сәл келіспей қалғандай жағдай болса, өзі кешірім сұрайтын. «Мәриям, мен сені ренжіттім ғой, кешір» деуші еді.

Фабит 80 жасқа толған тойын откізер алдында мені шақыртты. Той «Алматы» ресторанында отетін болған екен. Барған соң Фабит маған: «Мәриям, дастарханның жайын өзің барып көрші, ұятқа қап жүрмейік, бәрі мол болсын» – деп тапсырды. Ресторанға барып, бәрін жайғастырып, еттерді сұрыптап, қыскасы, басынан аяғына дейін өзім қарап жүрдім. Той өткен соң, Фабит телефонмен хабарласып: «Мәриям, саған рахмет. Бәрі жақсы болды, үйге келіп, дәм іш. Бірге отырайық» деп өзі шақырды. Көнілі түссө көл, көнілі түспесе шөл бол отыруши еді, жарықтық!

Сәбіттің достары көп еді, алайда мен үшін Фабит пен Фабиденниң орны ерекше-тін. Бірге жүріп, біте қайнаган кәрі жолдастарымыз ғой.

Фабиденде алғаш көргенімде қайратты шашын «ежик» етіп қырықтыған, кең иықты, жап-жас сары жігіт болатын. Бұл – 1926 жыл. Сәбит екеуіміз Қызылордаға келгенімізде

алдымыздан шыққан тілектес достарымыздың бірі – Габиден болатын. Келіншегі Зейнелмен де осы жолы таныстық. Ә дегенмен шүйркелесіп, ескі таныстырыша араласып кеттік. Ол заманда «руын кім, қай атаниң баласысың» деп ешкім де сұрамайтын. Екі қазак бірін-бірі көрсе, құшак жая амандастып, бірін-бірі бауыр тартып тұруши еді.

Габиден кейін Қарағанды, одан Новосібір жакка кетуге мәжбүр болды. «Әкесі қажы болған» деген желеумен біраз қысымды басынан кешірді ғой. Кейін заман тыншып, саябырсыған кезде Сәбит Габиденді Алматыға шақыртып, жұмыска орнығына комек етті. Келген бетте дайын үй жок, алдымен біздікіне тұсті. Жаздық ұлken верандамыз бар еді, олар бала-шагасымен сонда орналасты. Алты айдай бірге тұрдық. Сол көшіп келген жазда Зейнел екі тізеден баса алмай, катты ауырды. жап-жас адам. Сібірдің сұғыны откен болу керек. Сәбиттің ақылы бойынша есік алдына бір мәшине құм төгілді. Сәбит пен Габиден жұмыска кетісімен Зейнелді басын ғана қылқитып, құмға коміп тастанымын. Басына құн отпесін деп, қалкалап қоямын. Құн керемет ыстық! Жалаңбас жүре алмаушы ек. Біраздан соң Зейнелді ыстық құмнан шығарып, орап-шымқап үйге алып келемін. Дәу самаурын екі інінен дем алып, дайын тұрады. Қаймақ катқан күрен шайды армансыз сораптаймыз кеп. Зейнел ағыл-тегіл терлейді-ай... Сол ыстық құмнан сауығын, жазылып кетті. Кәдімгідей шина болды. Осы құні өзіне айтсам, «қалай ұмытпағансың» деп таң қалады.

Марқұм Габиден менімен катты қалжындасадатын. Сәбитпен аралары жақын, жастары шамалас, күрдаспыз деп жүретін. Менімен алысып-жұлысып, айтысып-тартысып жатқанда Сәбит маған «қой» деуді білмейтін. Жаман еркектерше қызғаныш білдірмеуші еді. Сол Габиден менімен ойнаймын деп бас бармағын шығарып алғаны бар. Соны айтып берейін.

Қыс іші, елuge тоғмаған кезіміз-ау деймін. Фабит, Габиден, Тайыр бәріміз бір үйде конакта болдық. Дуылласып, оте кеш тарадық. Бәріміз көнілдіміз. Сыртқа шыға келсек – жер лүние аппақ! Қар жауып тұр! Трамвайлар әлдекашан токтаган. Айнала мұлтіген тыныштық. Бұымыз бүркырап біздер келеміз. Тобықтан келер мамық қарды басуға қимайсың. Бір кезде Габиден: «Оу, жігіттер, не тұрыс? Мына көбік қарға

келіншектерді бір-бір матырып алайык. Құлқілері жақсы екен. Кәне, көрелік!» – демесі бар емес пе. Сол-ақ екен, альса-жұлыса кеттік. Қайратты-ак ем. Сорын құргыр, бір кезде маған Фабиден тап бола кетті емес пе. Қалай екенін өзім де байқамай калдым, әйтеуір, колыма басбармағы іліне кетті. Шал беріп ұстай алдым да, ондырмай бұрап кеп жібердім. Фабиден баж ете калды. Қара құшке салып жіберсем керек, басбармағы шығып кетіпти. Ер емес пе, ауырғаның білдірмей күле береді. «Ендігәрі жоламайсын, бәлем!» – деп қоямын. Сәбит: «Мәриям, сенің колың қатты. Байқамадын ба?..» деп қызылып калды.

Сол басбармақ бүтілмей, шор бол бітті. Кездескен сайын Фабиден құліп, жұртқа көрсетіп: «Мынау Мәриямның ескерткіші. Байқандар, бұл пәленің колы қатты» – деп қалжындаپ отыратын.

Зейнелмен жиі хабарласып турамыз. Жиын-тойда бас косып, әңгімеміз таусытмайды. Бала-шагамыз да туыстай бол араласып, өмір бойы бірге келе жатырмыз.

\*\*\*

Сәбит 15 жыл Жазушылар Одағын басқарды ғой. Жұмыстағы кеңесеці оз алдына, кешкүрим үйіміздің есігі де бір жабылмаушы еді. Әсіресе, ақын біткен Сәбитке оте-мөтे үйір болды. Шашубай, Кенен, Иса, Нартай, қойшы әйтеуір, мен ақынның дегеннің бәрін шулатып алып кеп тұратын. Қолымнан дәм татпағаны кемде-кем.

Жамбыл атамыз да Алматыға келсе, алдымен біздін үйге түсетін. Сәбитті еркелетіп «Балуан-Шолағым» дейтін еді.

Бертін келе, Жамбыл атамыз картайды, денсаулығы да сыр бере бастады. Көзі қоруден, құлағы естуден калды. Бірақ, қөнілі сергек, қөкірегі ояу, ширак адам болатын. Ол кісіге арнайы бекітіліп берілген К.Барлыбаев деген дәрігері болды. Жамбыл ауырып қалыпты деген хабар келсе болды, Сәбит Барлыбаевты ертіп алып, Ұзынағаш қайдастын деп жонеледі.

Соғыстың алдында «Жамбыл сырқат көрінеді, ауруханаға салмаса болмас» деген хабар жетті. Сәбит дереу ЦК-га барып, бекітілген кара ЗИМ-ді алып, Барлыбаевты отырғызып алып, Жәкен аулына тартты. Алматыға алып келіп, ауруханаға сатды. Күн сайын халін біттіп Сәбит, Фабит, Фабидендер барып

тұрды. Біраз уақыт өткен соң, Жәкен тәуірленіп, ауылына қайтатын болды. Тағы да сол Сәбит, қасына Фабиденді, нөкерлерін алып, Жәкенді аулына алып жөнелді. Бұл не деген ерке шал деп мен жүремін.

Ұзынғашқа баар жолдағы қызықты оқиғаны кейін Сәбит маған әңгімелеп берді. Естіген жүрттың бәрі шек-сілелері катып, күліп жүрді. «Құлсан қарігі күл» деген сөз бұрыннан бар ғой. Шынында да, кәрі кісі баладай анғал болады екен. Қазір өзіміз бастан кешіп жүрміз. Сәбittің сол әңгімесін айтайын деп отырмын.

Алматыдан шыға Жәкен Сәбитке: «Әй, Балуан-Шолак, менің ұлым Алғадай осы Алматының түбінде әскер ойнап жатыр. Жақында хабар келіп еді. Күннің шыжыған ыстығында, тапа-тал түсте пөлен шақырым жерге куалап, өкпелері өшкенше жүгіретін көрінеді. Қазір мені сол әскер ойнап жатқан жерге апарындар. Қемәндірін шақырып алып, сөйлесейін. Балаларға обал ғой», – дейді. Сәбittтер бір-біріне қарап не істерін білмей дал болады. Қырсық шалдың мінезі мәлім. Дегенін істеткізбей коймайды. Бір кезде Сәбит Фабиденге сыйырлап: «Әй, Фабиден, сенің түрің орыстан аумайды, сап-сарысын. Қозі нашар көретін Жәкен түглі, алғаш көргенде менің өзім сені орыс екен деп қалғанмын. Былай істейік. Жәкен командирмен сойлеспей кетпеймін деп отыр. Сен командир боласын. Қазір біз Алғадайдың командирін қайдан табамыз? Тапқан күннің өзінде не дейміз? Әскер тәртібін Жәкен түсінбесе де, біз түсінеміз ғой. Шын командирге күлкі болғанша, егер үрлығымыз ашыла қалса, Жәкеннен бір үріс естірміз», – депті. Осыған уәделесіп, әскери мекеменің тұсынан оте бере, мәшинелерін тоқтатыпты. Сәбит Жәкене: «Тәте, сіз отыра берініз. Күн ыстық. Орамалынызды сулап берейін, төбенізге басыныз. Мына Фабиден барып Алғадайдың командирін шақырып келеді», – депті. Фабиден мәшинеден түсіп, ары қарай кетіп қалады. Шамалыдан соң, аяғын салмақпен басып, шашын коқырайта тарап, Фабиден келе жатыпты. Бұларға онша жақынданқырамай, әрірек тұрып: «Здравствуйте, товарищ Жамбыл Жабаев» деп әскерше санқылдап сөлем беріпті. Жәкен көзін сығырайтып, тесіле қарап. «Балуан-Шолак, аударып жеткіз мынаган. Ана өрімдей балаларды мынау күннің ыстығында, тапа-тал түсте

ойнатпасын. Өлтіреді ғой, бұл қылыштарымен. Айт, кеш түсken соң, ыстық қайтқанда ойнатсын. Жамбыл Жабаев бүйірдады деп айт», — деп шегелепті. Сәбит күлкі қысса да, сыр бермей, аударып беріпті. Соңда «Фабиден командир»: «Есть, товарищ Ж.Жабаев. Отныне они будут заниматься только вечером», — деп екі өкшесін сарт еткізіпті. Сонымен, Жәкең де риза, бұлар да риза, «уф» деп ауылға қарай бет алышты.

Жәкеңе талай рет күліп ем. Қазір өз басыма келді. бірде: «Әттен, екі тізем ауырып тұрады. Әйтпесе, ана тұрган атқа ырьып мінер ем», — дейді. Соңда жасы тоқсаннан асып кеткен кез. Мен: «шалдың дәмесін қара, атқа отыру — ойында» деп күліп ем. Осы күні еске алып, күліп қоям. Менің де екі тізем болмаса, басқа қиналар жағдайым жоқ; жүгіріп-ак кеткім келеді; әттен, аяқ дейсін де отырасың...

Жасы келген Жәкең де құбылмалы кісі болған екен. Өлең сұрай барған жүртты қоңілі түссе қабылдап, түспесе теріс қарап жатып алады екен. Жаздын бір күнінде Сәбиттер екі-үш кісі бол, Жәкең үйінің алдына барып тусе қалыпты. Алдарынан баласы Тезекбай мен келіні Күлән жүгіріп шығып, бәйек болып қарсы алады. Жәкеннің қабағы онша болмаса керек. Келініңе: «Әй, Күлән, тезірек шайынды қамда. Қымыз жоқ шығар, бұлар жұмыс адамдары, уақыттары жоқ. Қайтатын болар» деп елден бұрын сойлеп жатыр дейді. Тезекбай болса, бұларға қарап, күліп, «шалды тыңдамаңдар» дегендей ым қағып, көзін қысыпты. Келесі бір үйде кой сойылып, иісі бүркүраған бір мес қымыз тұрганын Тезекбай Сәбиттерге сыйырлап айтып кетеді. Күләннің асығыс шайын ішіп, бұлар Жәкеңмен коштасыпты. Есік алдына ғүрілдетіп мәшинені әкеп қойыпты. Алматыға аттанып кететін адамдарша жақсылап коштасып, қол бұлғасып кете барыпты. Үйді айнала бере, манағы қойы сойылып, казаны қайнап жатқан үйге түсіп, таң атқанша той-думанмен мәре-сәре болып, ертеніне бірақ аттаныпты. Міне, құлсөң көріге құл деген осы емес пе. Ақындығын, таланттын жазатын, баға беретін адамдар көп болар. Мен атамыздың қарапайым адам ретіндегі бейнесін еске түсірдім, тілге тиек еттім.

Жамбыл атамыздан бастап Кенен, Шашубай, Нұрмолда, Иса т.б. ақындарды қозіміз көрді, жырларын тамсана тыңдадык. Әне, нағыз ақындар солар еді. Ақындар жиыла қалған жерде

біздің бағатынымыз – Шашекен еді. Нағыз әртіс болатын. Қасын жоғары көтерсе – тақиясы кейін сырғып, төмен түсірсе – тақиясы бері сырғып жұз құбылып отыратын. Шашекен отырғанда құлкіден ауыз жаптаймыз. Табиғат сыйлаған дарын! Жұрт аузында Шашекенің неше түрлі қылығы жайлыштың мәнгімелер көп болатын. Есімде қалғанын айта кетейін.

Шашекенің жасырақ кезі болса керек. Аулынан Алматыға қарай келмекші боп, үлкен жолдың бойына шығыпты. Автобус өтіп кеткен болу керек. Әрлі-берлі жүріп жатқан мәшинелерге қол көтерсе, ешкайсысы тоқтамапты. Әрі тұрады, бері тұрады. Ешкім алмайды. Бір кезде ыза болған ол анадайдан көрінген жеңіл мәшиненің алдынан шығып, тас жолдың ортасына екі аяғын жоғары көтеріп, төбесімен жер тіреп тұра қалыпты. Бұны көрген мәшине тоқтап, Шашекенді отырығызып алған екен. Өзім ойлаймын: Алматыға жеткенше мәшиненің иесі құлкіге қарқ болып, риза боп жеткен шығар.

Ақындардың ішінде бізлер Кенекенмен, Кенен Әзірбаевпен жақын араластық. Жарықтық, қыздай сыйылған сыйпай адам еді. Өте мәдениетті, аузы таза адам болатын. Даусы құлакқа жағымды, қоңыр даусымен таң атқанша ән айтудан жалықпайтын. Мен озім қатты айғайлаң айтатын әндерден горі, Кенекеннің сазды, майда әндерін ұнатушы ем. Тойларда колына домбыра ұстап әншілер шыға қалса, Кенен атамыздың әндерін айтпас па екен деп, дөмеленіп отырамын.

Елуінші жылдардың іші. Сәбит – Одакта бастық. «Кенекен ауру, тессек тартып жатып қалыпты» деген хабар алдық. Олар Отарда тұратын. Хабар жетісімен Сәбит мені мәшинеге отырғызып алып, солем-саукатымызды коржынға салып, жөнелдік. Халдері шынында да нашар екен. Өзі де, әйелі де ауру. Іздеп келгенімізге риза бол, қуанып қалды. «Ата мекенім – Кордай. Сол жерден қоңыс тебуйіме комек ет», – деді Сәбитке.

«Мына тұрларімен қайтіп тастан кетеміз. Мәке, алып кетейік. Алдымен емдеть керек. Кордайға үй салу жұмысына озім жүгіремін», – деді Сәбит.

Әйелі мен Кенекені Алматыға алып келіп, Министрлер Кенесінің ауруханасына орналастырдық. Сәбит дәрігерлермен де өзі сойлесіп, қатты қадағалап, тапсырып жүрді. Біраз уақыт жатып емделіп, сауығып шықты. Құн сайын барып, хал-

жағдайларын біліп тұрдық. Емін алып болғаннан кейін, Сәбит таудағы санаторийге екі жолдама тауып, өзі барып орналастырып келді.

Кенекенің өтініші бойынша Қордайдан үй салдыруға Сәбит көп көмек етті. Үй біткен соң, ұлан-асыр той жасалып, ақын атамыз бала-шагасымен жана үйге кірді.

Сәбиттің 60 жылдық тойына келген барлық қонақтарды атамыз өз үйіне шакырып, ұлken мереке үйымдастырды.

Алпысыншы жылдардың аяғында, менің Шүгайып деген туысым, немере ағам қайтыс болды. Баяғыда, 1926 жылы, Сәбит мені алып, Қызылордаға бет түзегендеге, сол ағам ауылда болмай қап, қапы қалыпты. Кеш естіген ол соңымыздан қуа шығып, жете алмай қалған екен. Оқыған, көзі ашық азamatтың бірі болатын. Кейін Сәбитпен жақын танысып, дос бол кеткен адам. Сол ағамыздың жылы берілер мезгілде Сәбит екеуіміз қасымызға Кенен атамызды қосып алып, бір айдай елді. Қызылжар өнірін араладық. Ел бірінен соң бірі құлактанып, Кенекенде қолдан-қолға тигізбелі. Солтустіктің қазактары Кенен атамыздың өнеріне армансыз сусыннады. Жас жігітше қунап, ерекше шабытпен таңды-таңға үрып, өнер көрсетті. Әне, ақынға деген шынайы құрмет, елдің шексіз махаббаты сондай еді.

Телевизордан ақындар айттысы болады десе, елеңдеп отырамын. Әйтсе де, шіркін-ай, біз көрген жez тандай, күміс көмей баяғының ақындарына қайдан жетсін! Нағыз киыннан қыстылар таланттар тым сирек-ау. Иса, Шашекендерді біресе құліп, біресе жылап отырып тыңдаушы ек.

\*\*\*

Қызым, естелік айтамын деп, біраз аруақтың құлағын шулаттық-ау деймін. Ие, Смағұл Салуақасовтың жерлеуіне қатысқанымыз рас. Ол кезде Сәбит ИКП-да оқиды. Бала-шагамызбен Мәскеуде жүрген кезіміз. Шамасы, не 1932, әлде 1933 жыл. Бір күні Сәбит үйге асығыс келіп: «Мәриям, жинал. Смағұл Салуақасов қайтыс болыпты. Бүгін жерлеуге апарады екен», – деп екеуіміз үйден шықтық. Қыстың күні болатын. Мәскеудің шет жағын толық білмеймін ғой. Трамвайға отырып, одан біраз жаяу жүріп, бір ұлken кірпіш үйдің жанына тоқтаттық. Әлті үй ерекшелеге корінді маған. «Крематорий деген

осы», – деді Сәбит. Жүргім зырқ ете түсті. Өлген адамды өртеп жібереді екен дегенді естігемнін. «Марқұмды неге елге апартады екен?» – деген сұрағымды Сәбит жауапсыз қалдырды.

Біраз күтіп тұрып қалдық. Маңайда көп ешкім көрінбейді. Бір кезде анадайдан жақындал келе жатқан арба көрінді. Мәйітті сол арбага салысты. Арыстай боп сұлап жатыр екен. Арба сонында ілби басып екі-үш адам келеді. Сәбит маған сыйырлап: «Әлихан Бекейханов – қайын атасы, әйелі – Лиза, анау – баласы» деп түсіндіріп тұр. Арба ақырын жүріп келіп, есіктің көзіне тоқтады. Сәбит жақын барып амандастып, көніл айтты. Мен шегіншектеп, кейінде тұрдым. Бекейханов келбетті адам екен. Устінде етегі жер сызған, жағасын алтайы қызыл тұлқіден салған қымбат тоны бар. Кескін-кейіпі патшадай боп көрінді маған. Тәкаппар, сұық жүзді.

Бір кезде мәйітті табытымен көтеріп, ішке кіргізуғе үнгайланды. Әйелі – Лиза қаралы киімде. Табыттың басында үнсіз тұрып қоштасты. Қазақ ғұрпымен дауыс салмағаны маған ерсілеу көрінді. Іштен шыққан адамдар табытты ала жөнелді. Бекейханов та, әйелі мен баласы да есіктің алдында қалып қалды. Сол кезде Сәбит тез-тез басып, үйді айналып кетті. «Бұл қайда кетті?» – деп мен аң-таңмын. Біраздан соң келіп, көргенін айтты. Мәйіттің қалай жанғанын, табытпен жылжытып әкеле жатып, жалынға берер сәтте мәйіттің ажырап кететінін көргенін айтты. Ажыраган мәйітті тігінен көтеріп, қып-қызыл отқа сұнгітіп жіберетін көрінеді. Тірлік-ай, десенші, жамбасы жерге тиген де бір медет екен гой деп Сәбит екеуміз үйге қайттық. Бар көрген – білгеніміз осы.

\*\*\*

1956 жылы Сәбит Қытайға баратын болды. Үнемі менімен бірге жүріп, үйреніп қалған адам, біраз «қалай болар екенмін» деп толқып жүрді. Ақыры, Мәскеуден баратын жазушылар бар, топ болып жүріп кетті. Ол кезде Қытайға бару онай шаруа емес. Сәбитті бір қауым ел боп шығарып салдық. Үш айдай уақыт аралалы. Қасымда Сәбиттің жоқ болғаны маған да онай емес, қабағым түсіп, ешкімге ашылмай үйде жүр ем. Бір кезде телефон шылдырлады. Барып трубканы алсам, Сәбиттің даусы. «Мәке, Мәке, сенбісін?!» – деп айғайлайды.

«Ие, менмін». «Өй, айналайын!» – деді, дәл осылай. Мен жылап жібердім. Ол мені жұбатып, өзінің Үрімшіден сөйлесіп тұрғанын, пәлен күні шекарада болатынын, сол күні менің келуім керектігін айтып, сөйлеп жатты. Қуаныштан жылап тұрғанымды, сағынғанымды мен де айтып жатырмын. Сонымен, трубканы салып қойдым. Сәбитпен сөйлескен соң, күш-куатыма, қайратыма мініп, бір түрлі айбаттанып кеттім. Сол кезде Арыстан кіріп келді. Екі баланың әкесі, білдей бір заводтың бастығының бірі болса да, мен үшін бала ғой. Әкесімен жаңа ғана сөйлескенімді айта қоймай, қытырып тұрмын. «Мама, мама, мен естіп қалдым, папаммен сойлестің бе?» – деді. Дұрыстап жауап бермей, қырындау қарап тұр ем: «Мама, саған не болды?» – деп сұрады. Мен: «Әкелерің кеткелі үш ай. Сол уақыттан бері сендерден бір жылы сөз естімел ем. Жаңа ғана шалым сөйлесіп, «айналайын, сол!» деді. Сендер ғой, шешелерің қандай күйде жүр, бір мезгіл назар да аудармайсындар, деп арқаланып сөйлеп таstadtым. Арыстан құлді де, арқамнан қағып қойды.

Айтқан күнінде қасыма тұнғыш немерем – Бахытжанды алып, Арыстан, Тұрсын деген шопырымыз бар, бәріміз Үрімші жақтағы шекараға жөнелдік. Біраз казак жазушылары шығарып салады деп Сәбит ескерткен. Елдің дәмін татсын деп мол қып қазы-карта, ет, бауырсақ пісіріп алдым. Ішімдік те бар. Сөмкені толтырып алып, машинамен жөнелдік. Шекараға да келдік. Шошайып кішілеу бір үй тұр екен. Қасында күзетшілері. Келіп сөйлесіп, жағадайымызды айттық. Олар да біледі екен ішке кіргізді. Үстел бар екен, соған әкелген тамағымызды жайып, етті турап, қазыны жарқыратып жасап, жайнатып жібердім. Күзette тұрғандарды да жарылқап таstadtық.

Бір кезде темір тордың ар жағынан келе жатқан мәшинелер көрінді. Келіп тоқтады. Үпір-жұпір бол түсіп жатты. Сәбит келеді. Жан-жағында адам. Жақындалап кесі тұрды. Қытайы бар, үйғыры, қазағы бар, оздері бір топ. Біз бер жактамыз. Бір Үлкен бастыққа барып, Сәбит сөйлесіп жатты. Шығарып сала келгендерді нұскап, дәм ауыз тиіп кетсін деп жатқанын естіп тұрмыз. Үлкен бастық рұхсатын берді. Содан әлгі Үрімшінің қазактары үстелге жайғасып, дәм ішіп, байғұстар, жылап отырды. «Қайран тұған жер!» – деп қабыргалары қайысқанын көзім көрді. Солардың ішінен есімде Зия Сәмәди мен Бұқара

Тышканбаев қалыпты. Кетерде бәрі күшактасып, жылап қоштасты. Туған жердің топырағын орамалға түйіп, темір тордың ар жағында қол бұлғап қала берді...

Кейінірек солардың біразы елге оралды ғой. Сәбит: пәлен келіпті, түген келіпті, — деп қуанып отыратын.

Қытайдан келісімен Сәбит үйде отырмайтын болды. Кездесуден — кездесу, және біздін Сәбит әңгіменің майын тамызып айтады ғой. Жиылған жұрт қыран-топан құліп жатады. Әр кездесудегі әңгімесі әр түрлі, әрленіп, өндөліп отырады. Қазаға жазып, күнібұрын дайындалған емес. Осы сапардан оралысымен «Алыптың адымдарын» жазуға кірісті. Жұрт кезінде колдан-колға тигізбей оқыды. Орысша да басылды. Сәбит қызыға кіріскең дүниесін жылдам бітіретін. Уақытпен санаспай, жұмыс істейтін. Шабыттана кіріспіп, тез бітірген кітабы осы Қытай туралы енбегі болды.

Ал, енді қиналған дүниесі — «Аққан жұлдыз». Сонау Ленинградта жүргенде архивтен шықпаушы еді. Шоканға катысты деген дүниенің бәрін қопарды. Қытайға да сол «Аққан жұлдыз» үшін барды. Шокан жүрді деген жерлердің бәріне де баруға тырысты. Мәскеуде де талай жыл архивте отырды. Сәбиттің Шокан туралы жүргізген зерттеулері жайлы жазған қалың күнделігі бар. Латын әрпімен, кей жері араб әрпімен толтырылған. Бұл күнделікті Сәбит 1934 жылы бастапты. Жақында музейге тағсырдым. Өзім кетіп қалсам, бір жерде шашылып қалар деген ой ғой. Қөпке шейін қимай жүрдім...

«Аққан жұлдызды» аяқтай алмасын сезді. 60-қа шейін бітіруім керек еді деп өкініп отыратын. Жасы үлгайып, оның үстінен жүргегі де сыр бере бастады. Өмірдегі жалғыз өкініші бол кете барды...

\*\*\*

Сәбиттің 60 жыллық тойы отті. Есте қаларлықтай болды. Маусым айында Сәбит екеуіміз «круиз» сапарымен саяхатқа шығатын болдық. Өмірдің қызығы деген осы шыгар. Дүние жүзін де аралайық деп шешітік. Он сағаттан астам самолетпен үшіп. Владивостокқа жеттік. Осы арадан «Калинин» теплоходымен Жапония жагалауарына бет алмақшымыз. Самолеттен түсіп, теплоходқа жайғасайық деп бет алғанымыз сол елі. «Сабит Муқанов, из Казахстана» деп бір ойел зыр

жүгіріп шақырып жүр. «Құдай-ау, Владивостокта бізді білетін кім бар?» деп ан-тан біз тұрмыз. Әлгі әйел бізге жақында, амандастып: «Мен Гұлбарам Сейфуллинаның сінлісімін, атым – Зина» дейді. Сойтсек, ол Гұлбарамның жалғыз ағасынан қалған үш қыздың бірі екен. Владивостокта тұрады екен, қүйеуі суда жүзелі, моряк дей ме, немене. Біз Алматыдан Владивостокқа бет алғанда Гұлбарам телефон шалып, айтқан фой. Алдынан шығып, амандас, көріп қал, атаңды деген. Жаңағы жерде Сәбит тәптіштеп хал-жағдайын сұрап, ол бізді үйіне шақырып, біз раҳметімізді айтып, сонымен кемеге де келіп жайғастык.

Тұ баста Сәбит екеуімізге жеке қаюта берілетін болған. Біз ауыр шабаданымызды қөтеріп жеткенше жеке орнымызды біреулер иемденіп қойыпты. Солармен айтысқанша, бұйырганына баармыз деп екеуімізге айтқан торт кіслік қаютаға келсек. Юрий Беляев деген орыс жазушысы жас келіншегімен отыр. Сәбит екеуі бір-бірін таниды. Амандаса кетті. Жасы ұлғайып қалған адам. Ал, келіншегі жап-жас. Әй, бір 25-30 жас айырмашылығы бар-ау деп ойладым. Анау біреумен сойлесе қалса да, қүйеуі қызғанып, екеуі үрсысады да жатады.

Біз жайғасып, киім ауыстырып легендей, біраз желпініп алдық. Сыртка, палубаға шығып тұрдық. Кок теніздің келбетін, табиғаттың сұлулығын тілмен жеткізу киын! Өзімізді жұмактың ішінде жүргендей сезіндік. Қайта айналып келсек, әлгі Беляевым отыр. Түріне қарап шошып кеттім. Тыр жалаңаш шешініп тастанап, жалғыз тыртиған тар плавкимен отыр. Күн Керемет ыстық. Сәбиттің үстінде арнайы осы сапарға арнап тіктірген жұқа пижамасы бар. Сыпайы ғана, әрі терлемейді, матасы жұп-жұқа. Ал мынау олай емес, осы жерде жалғыз өзі ғана отырғандай. Тіпті, айылын жияр емес. Қорер көзге ерсі. Не істерімді білмей, қарадай өзім қысылып барамын. Сәбит акырын ғана шығып кетті. Менің бірнәрсеге дайындалып отырғанымды сезді. Сол сәтті пайдаланып, мен: «Товарищ Беляев! Вы не простой человек. Вы – писатель. Все понимаете. Вам не стыдно, перед женщиной сидеть в таком виде. Я простая женщина, даже я понимаю, что так не красиво. Для женщины Востока это очень оскорбительно» деп қатты ызбарланнып бетіне айтып тастанадым. Қайдан шықса, онан шықсын деп түсімді

сүйтіп, тұра қарадым. Орысшам да шалағай. Бірак, ойымды жақсы жеткіздім. Сол сәтте өзі қысылып қалды да: «Я извиняюсь, простите меня. Вы пока выйдите, я переоденусь» деді. Сыртқа шығып, Сәбитке айттым. Дұрыс дегендей, басын изеді. Біраздан соң, Беляевым да сыртқа шықты. Жанағыдай емес, тізесіне түсетін шорты киіп алыпты. Бұнысы да жетісіп тұрған жок, дегенмен де, алдындағысынан тәуір. Кейін Сәбитке мені нұскап: «Какая у тебя жена!» деп басын шайқайтын көрінеді.

Каютаның ішіндегі жуынатын жерде жалғыз айна ілулі тұр. Айнаның алды тола жаңағы жас келіншектің сауыттары. Бетіне, қолына, мойнына жағатын түрлі-түрлі крем. Неше түрлі себінетін іссу, құдай сақтасын, магазиннің витринасы сиякты. Таңертең тамаққа барап алдында жуынып, енді шашымды тарайын деп кірсем, бір босамайды. Сыланып жаңағы келіншек тұрады. Амал жок, кол айнамды үстелдің үстіне сүйеп, шашымды тарап, жып-жинақы етіп туіе коямын. Соңда жаңағы маған, қалай әдемі прическа жасаіссыз деп сұрап қоймайды. Өзі сайтан сиякты, сұлу келіншек. Менен бетінгезе қандай крем жағасыз деп сұрайды. Крем жағудың не еkenін білмеймін десем, тан қалады.

Көп ұзамай теңіздің қарадауылы басталып, құн-тұн демей соқсын-ай кеп. Бәріміз қаңбақша домаладық. Біраздан соң барлық жолаушылар бір-бір креслога таңылдық. Сәбит алғашында отырғысы келмей, мені айналшақтап, жүріп алды. Біраздан соң өзі де домалай бастаған соң, еріксіз таңылды.

Дауыл тынып, жүрт естерін жия бастады. Мен жиyrма килоға жүдеппін. Тал шыбықтай болды да қалдым. Үйден киіп шыққан киіміміз бөтен біреудің киімі құсап, бәрін жаңалауға тұра келді.

Сол жылы кеме үстінде Сәбиттің 60-ка толғанын тойладық. Су үстіндегі той қандай болады еken, оны да көрелік деп, арнайы дайындықпен шыққан болатынын. Үйден мол қылып дәм алып шыққанбайз. Бұқіл кеме экипажын, үш жұз елудей сапарластарымызды дастарханға шақырдық. Кеменін ресторанын жалдадық. Ол бір керемет той болды. Сәбитке үкіметіміздің жоғары наградасының берілуі туралы хабарды да сол кеме үстінде, радиодан естідік. Сол-ақ, еken, күттіктаушылар келе бастады. Радио арқылы берілетін

телеграммалар да үйіліп қалды. Капитанымыз жайдары, жайсан жігіт еді. «Радиоканалымызды Сәбит Мұқанов басып алды, бізге жол жок», – деп жүртты күлдіріп қояды. Тағы да мол дастархан жайып, той жасадық.

Үнді, Египет, Түркі елдерін аралап, қырық жеті күн дегенде Одессаға келіп түстік. Сол сапардан Сәбит өсерлі оралды. Қойын кітапшаларының бірінен сон, бірін толтырды. Қашама кимас жақын достар тапты. Ұзак уақыт олармен хат жазысып, хабарласып тұрды. Сол сапардан алып келген әр түрлі буклеттер, суреттер, естелік қолтанбалар – бәрі де музейде сактаулы. Музейге келушілер Қытай сапарынан келген сувенир сыйлықтарды, Үнді елінің ескерткіші – түрлі теңіз тастанын, т.б. әдемі заттарды қызыға тамашалайды.

\*\*\*

Сәбит мінезінің жұмсақтығы мен қарапайымдылығына қарамастан, кей-кейде бет-жүзін бар демей, тіліп түсетін де кезі бар еді. Бір оқиға есімде калыпты. Оны ұмыта алмайтын себебім, сол жолы Сәбит аса қатты қүйзеліп, қажып қалды. Мұншама конілі түсіп, қиналғаның кейінгі кезде сирек көруші едім. Оқиға былай болды. Елуінші жылдардан бастап, қазак мектептерінің жаппай жабылуы науқандық сипат ала бастады. Ана мектеп жабылыпты, мына мектеп жабылыпты дегенді екі құннің бірінде естітін болдық. Бар баламыз орысша оқып, орысша сөйлейтін болды. Қазақша оқығанының кадыры болмай қалды. Сәбит осыған іштей қүйзелүмен болды. Бірақ осыны партия саясаты емес, қолында билігі бар шолак белсенділердің ісі деп сенетін.

1969 жылы КазПИ-де (қазіргі АЛМУ) Щербаков деген біреу педагогика саласынан кандидаттық диссертация корғалты. Ол білім беру министрінің орынбасары, қолында үлкен билігі бар адам көрінеді. Сәбит ол кезде жеттіске келіп қалған, журістүрьесі ауырлау. Коп жиындарға канша шақырса да, бара бермейтін. Щербаковтың авторефераты қолына кездейсок түсken еді. Сәбит оқып шығып, қатты ашуланды. «Мыналар Қазактардың тамырына балта шабайын дегені ме?! Қазақ мектептерін жабу керек, олардың болашағы жок легенді айткысы келеді. Жок, мен корғауға қатысайын. Фылыми Советтің мүшесі емеспін, дегенмен де өз ойымды барып  
9-416

айтамын. Мынаған жол бермеу керек!» – дегені әлі есімде. «Шақырусыз барып, жексүрүн болып нен бар? Сенен басқалары жоқ па? Неге солар сөйлемейді? Сен ғана отқа түсесін де жүресін», – деп мен де сойладым, тыңдамалы. Қорғау болатын күні қағаз-калаңын сайлап, айттар сөзін қағазға түсіріп, ұлкен дайындықпен кетті. Есіктен шығар алдында тағы да райынан қайтар ма деп: «Жасың 70-ке келді. Енді қалған ғұмырында ешкіммен алыспай-ақ тыныш өмір сүрмеймісің? Өзіңе тағы бір жау тілеп алғалы жүрсің ғой», – дегенімे де карамай, шығып кетті.

Бірақ ақсақалым осы жолы қатты жеңіліс тауып, үйге шаршап оралды. «Қазак мектептерінің жабылуы – ұлкен қателік» деп қанша шырылдағанмен де, диссертация қорғалып, асыра макталып, бекіп кетіпті. Мына төменде келтірілген үзінділер – сол жолы сөйлеген сөзінен келтіріліп отыр. Баяндама орысша. Қолжазбасы музейде сактаулы.

«... Патша өкіметі тұсында ашылған алғашқы орыс мектептері отар (С.М.) халықтар үшін миссионерлік мектептер еді. Бұдан 200 жыл бұрын тіпті орыстың реакцияшыл тарихшысы, князь М.И.Щербаковтың өзі... кірме (?) халықтар үшін ашылған миссионерлік мектептер осы халықтарды құлдандырудың бірден-бір жауыз тәсілі деп жазды. 100 жылдан соң осындай пікірді сібірлік бурят ағартушысы Доржи Бонзаров және басқалар айтып кеткен. Патшалық Россияның мектептеріндегі миссионерлік бағыт XIX ғасырдың аяғына дейін жалғасып келді, кейін ол «орыстандырумен» алмасты. Диссертанттың жер-көкке сыйғызбай мактап отырған «орыс-қыргыз» немесе «түземдік» мектептері – осы соңғы айрықша реакциялық ағымның жемісі...».

«... Диссертант өз еңбегінің өн бойында қазак мектептеріне тіл тигізіп, оның жүздеген педагогтар отрядын, партия, комсомол және басқа үйымдарын, акыр аяғында оның миллиондаған окушыларын, осы мектептерде оқып, білім алғыш, оміріміздің барлық саласында енбек етіп жатқан шәкірттерін жоққа шығармақшы... Осы маңызды мәселені назарынан тыс калдыра отырып, диссертант саяси қателікке үринган...».

«Диссиденттің пікірінше, нактылы интернационалдық тәрбиені қазак балалары тек қана аралас мектептерден ғана ала алмашины. Оның пікірінине. «Кез келген коп ұлтты

мемлекет жағдайында барлық ұлттарға түсінкті болатын бір тілдің қажеттігі сөзсіз туындаиды» дегіді. Диссертант бұнысымен не айтысы келеді?..»

«Әлде, тек қана отаршылдардың тілдерінде гана сөйлеп, жазу керек пе?.. Қазак мектептерін тарату туралы диссертант ашық айтпағанмен де, бүкіл диссертацияның ішкі мәні осындаиды...».

«... Ұлттық мектеп – кез келген халықтың, ұлттың мәдениетінін қайнар көзі. Мектеп – тілдің, өдебиет пен баспасөздің, өнердің көптеген түрлерінін, тіпті, акыр аяғында ұлттың ұлт бол сакталуының негізі...».

«... Жастардың интернационалдық тәрбиесі деген касиетті ұғым желеу болған күннің өзінде де, мен ұлттық қазак мектептерінің жабылуына үзіллі-кесілді қарсымын...».

«... Менің партиялық ар-ожданым бүндай идеялық түрғыдағы қателіктерге төзбейді. Сондықтан да мен өзімнің ой-пікірім мен қарсылығымды ашық айтуды керек».

Міне, осындағы түйдек-түйдек ойларын ашық айтЫП, үйге қажып оралды. Ауыр ойға батып, ұзак уақыт үнсіз отырғаны коз алдыымда... Қазір заман өзгеріп, қазак мектептері қайтаған ашыла бастады ғой. Жұрттың бәрі балаларын қазақша оқыта бастады. Қуанып отырамын. Сәбиттің сол жолы енбекі текке кетпегендей көрінеді. Өз балаларымыз орысша оқыды дедім ғой. Үлкеніміз Арыстан да орыс мектебінде оқыды. Содан Мәскеуте барып, окуга түсті. Сонда Сәбит баласына: «Арыстан сен орыстың арасына барып, қазақшаны мүлдем ұмытып каласын. Сондықтан, сен хатты бізге тек қазақша жаз. Қателерің болса, бола берсін. Ойынды қазақша жеткіз, қысылма. Үйрәніп кетесін» деп қатты тапсырды. Содан Арыстан келтін-келмесін хатты бүркүратып қазақша жазатын болды. Алғашында сөйлемдеріне мәз боп құліп отыратынбыз. Сәбит қателерін көрсетіп, жауап жазып жібереді. Сөйті-сөйті, акыр аяғында Арыстанымыз қазақша хатқа жүйрік болып алды. Кейіннен тек қазақша сөйлейтін болды.

\*\*\*

Сәбит кольна қалам ұстамаса отыра алмайтын. Бір күн әлдене шаруалар күлтіп, қағазға қарай алмай, жазу үстеліне отыра алмай қалса, қабағы түсіп, ренжіп жүріп алатын. Бір күн уақыттымың текке кеткені-аій, ешнорсе жаза алмадым деп күйінетін. Ал Жұмысқа қызу кірсіп, қаламы жүріп отырган шағында қасына

баруга тайсалатынбыз. Сыртынан анда-санда қарап қойып, тамағын қайта-қайта ысытып, қашан өзі орнынан қозғалмайынша, дұйыс бермеуші едік. Жазуын догарып, кабинетінен шыккан кезде жүзінде шаршаудан гөрі қуаныш басын, көзінде үшкін ойнап, күліп шығатын кездері аз емес-тін. Ондай да біз де жадырап қоя беретінбіз. Ал, кейде көніл күй болмай, өзіне-өзі разы болмай қалған кезінде балаларға шейін аяқтарын үшінан басып, сыйырлай сөйлесүші едік. Былайынша салақтау көрінетін адам қағазы мен қаламына келгенде үқыпты-ақ еді. Устелінің үстіндегі бір парап қағаз орнынан қозғалып кетсе, бөлеге қалатынбыз.

Осы күні сендер хат жазуды ұмыттындар гой. Телефонмен сөйлесе қоясындар. О заманда хат дегенің төпеп келіп жатады. Сәбит тіпті оқып үлгермеуші еді. Әсіресе, ел ішінен хат жиі келеді. Көбінесе көмек сұрап жазады. Баласының жазушылыққа талабы бар екенін айттып, окуга түсіруді сұраушылар тіпті көп еді. Мен осы күні ойлаймын: жүрттың бәрі сол заманда ақын, жазушы болсам деп армандастын. Жазушымен кездесуге халық ынтығып түрушы еді. Енді кеп осы заманда неге бұлардың қадірі түсіп барады? Сәбиттер анадайдан келе жатқанда жүрттың бәрі танып, қоғадай жапырылып сәлем беріп, қолын үстап қалуға тырысып жататын. Танымайтын біреулерден келген хаттарды ерінбей-жалықпай оқып, жауап жазып отыратын. Бір хатты былай тастай салмайтын. Жинай берігіті. Бізде осында мол дүниенің бар екенін біліп, бірде Орталық архивтің қызметкерлері келді. Хаттарды мәшинеге тиеп әкетті. Өздері әбден ретке келтірген соң, Сәбитті шақырды. Барса, жаңағы хаттар 141 том папкі болыпты. Жылдарға бөліп, реттепті.

Хаттардың көпшілігінде Сәбиттен көмек сұрап жазатының айттым гой. Осы Қазақстанды былай қойып, басқа республикалардан да келіп жататын. Үлкен бастықтарға сөзін жеткізе алмагандар Сәбитке шағынады. Ал ол болса, қаралайым халықтың қамы дегенде жанып кететін. Үлкен басын кішірейтіп, біреудің тапсырғанын толық орындаマイынша байыз таптайтын. Әсіресе, жетім-жесір шағым айттып келсе, аяқ асты етіп көрмеген екен. Осы арада мен өзіне Алтынсары атты балаға жасаған қамқорлығын айттайын деп отырмын. Бәрі хаттан шығып жатыр ғой.

1961 жылды елге жолымыз түсіп, Суаткөл аулына токтадық. Сәбит келіпті дегенді естіп, жүрт түс-түстан ағылып келе бастады.

Жәй келмей, жергілікті басшыларға деген өкпе-арыздарын да атып жатыр. Сәбит бәрін де жалықпай тыңдал, ақыл-кеңесін беріп, өзі де қойын кітапшасына бірлемерлерді тұртқілет жазып отырады. Алты жасар зағип баласын ертіп, Мұржықов Қабден деген келіп амандасты. Екі көзі бірдей соқыр кіп-кішкене сүйкімді баланы коргенде Сәбит көп ойланып жатпастан Алматыға алып кетеміз деп бірден шешті. Ауылдық жерде ол бала білім ала алмайды, кор больш қалады деп ішінен шыққан баладай, жүргі ауыра отырып, ақыл-кеңесін берді. Мектеп жасына толысымен бізге алып кел деп үйдің адресін берді. Көп ұзамай-ақ, құзде Қабден әйелімен екеуі баланы алып, бізге келді. Сәбит зағиптер қоғамына барып, жағдайы түсіндіріп, бала солардың арнары мектебіне қабылданды. Қамқоршысы, өкіл әкесі боламын деп, толып жатқан бір қағаздарға қолын койды. Барлық жауапкершілігін өз мойнымызға алып, Сәбит екеуіміз баланы алып қалдық. Қоштасарда анасының зарлағанын көрсөн... төбе күйкән шымырлайды-ау...

«Шырагың болса, құлыным,  
Киянда бұлай қалар ма ең.  
Құлыны өлген құландаай,  
Құлазып елге барап ма ем!  
Кеуденің көзін кеңітсін,  
Жанарлығармен тең етсін!»

Біз де жыладық. Қайтіп шыдап тұрарсың... Тұмысынан кемтар қылып қойған сон, не істерсін тағдырға!..

Сол бала титтейінен өз балаларыммен бірге есті. Әсіресе, Ботажанмен көп шүйіркелесетін. Жеті сайын барып, жағдайын біліп, кейде қасындағы жолдас баларымен бірге үйге алып кеп, мереке жасаушы едім. Әттен, екі көзі демесен, мынау деген азамат болды. Оныны класты бітірген сон, Сәбит университетке түсіне көмектесті. Бала окуға түсті деп, әкесінен сүйінші сұрап жазған хаты музейде сактаулы. Мына бір хатты папкілерін актарып отырып, тауып алды:

**Күрметті Қабден!**

Сенің хатынды бүрнагы күні алдым да, кешие Алматыдағы засип балалардың мектебіне барып қайттым. Аттынсарыны көрдім. Ол соқтауылдай жігіт болып қалынты. Биыл онжылдықты бітіреді...

Казіргі жігіт болған Аттынсарыны көргенде, менің есіме сенің

оны сегіз жасында Алматыга алып келгенің түседі. ·Шешектен көзін шел қантап көрмей қалған баланы біз Алматыдағы көз институтына, оның профессоры – Рошинге көрсеттік. Олар қарай келе көрудің үмітсіздігін айтты. Сонда балаңның да, сенің де жылан жібергендерің күні бүгінге дейін мениң көз алдыымда. Одан үйге келе шешесі – Әсия да қослып жылады. Мен баланы аягандықтан және болашагын ойлагандықтан соқыр балалардың мектебіне тастап кетуді ұсындым. Сендер тіл алдыңдар, оған міне он жыл өтті. Балаң орта мектепті бітіргелі отыр. Содан кейін қандай жогары мектепке түсіруді де ойланудамын. Өзінің юрист боларлық талабы бар көрінеді. Ақылдаса көрерміз. Қалайда жогары білім алдыру қажет. Меніңше, тек көзі көрмеуі гана болмаса, басқа кемшілігі жоқ сияқты. Окуга үқыпты, зерек. Бұдан былай да өркені өсе беруіне, дені сай болуына, алыстағы ауылда жатқан әке-шешесі – сіздердің де аман-сау болуларына тілектеспін!'

*Сәлеммен, Сәбит Мұжанов.*

9-март, 1971 жыл.

Сол Алтынсары баламыз Сәбит қайтыс болғаннан кейін Каз-ГУ-дің юрфагін бітіріп, колына дипломын алды. Осы кезде ел жақта, кызмет істеп жүр. Үйленген, балалы-шағалы.

Қалдық деген де бір баламыз болды. Осы күні Қазақ ширкінің бастығы деп естілдім. Өте сирек хабарласады. Өмір болған соң, осы да. Тірлік, жұмыс деп шашқылаپ жүретін шығар. Жагдайымды білмейді деп ренжімеймін. Эйтеуір, жүргегінің түбіндегі Сәбиттің жақсы тығы жатқан болар маздал... Осы балаға Сәбиттің спортқа құмар, өнерлі балта, болайын деп түр, жетімнен көмегімді аяғаным болмас деп жүгіргені есімде. Томендергі хатты оқып корші:

**Күрметті Раббас туыс!**

Сіздің 15-мартта жазған хатыңызды алдым. Сіз сұрастырыған Хамит Бегеновтың баласы – Каірдақ біздің үйге коп қатынасын жүретін бала. Ол кәзір спорт институтын аяқтауга жақын. Өзі ірі денелі, сал, тәртіпті, акылды бала бол өсіп келеді. Казір Қазақстанда қазақ тілінде цирк ұйымдастырылатыр. Бұл бала осы өнерді қуатын сияқты. Кәзір орталық қалалардың біреуіне өнерін оркендеп түгел кетуге даярланып жүр.

Оның шешесі Бәтегел мен әкесі Хамитті (Бошан) алғаш қосып, тойларын біздің үйде жасаған болатын. Мынау Каірдақ әкесі

өлгеннен кейін он бес күнде тұганы мәлім. Шешесі тұган шағында өлген. Содан «Балуан» колхозындағы бір кемпір-шал асырап алғы өсірген. Бала сол колхоздағы қазақша онжысылық мектепті бітірген, содан Алматыда оқып жүр. Біздің үйдің баласы сияқты. Оның әке-шешесі жақсы кіслер еді гой. Бұл да соларға тартып, жақсы бала болатын сияқты. Егер хат жазғыларың келсе, оның адресі: Алма-Ата 2, ул. Красина, 78. Эстрадно-цирковая студия, Бегенов Калдық.

Сіздің хатыңызды алғаннан кейін, өзін тауып алғып, хат жаз дегенмін. Оны орындаған болар.

Бошаның Бәт деген апасы барын құлагым шалған еді, бірақ кімге қосылғанын білмейтін едім. Ол кісіге сәлем айтартсың.

**Тұыскандық сәлеммен Сәбит Мұқанов.**

31.03.1969 жыл.

Мұндай хаттар архивте барышылық, өздерің кітап қылып шығарамыз деп жүрсіндер со, шығарындар. Халық оқысын. Кімдер келмеді дейсің Сәбиттің алдына. Солардың ешқайсысының өкпесі жоқ шығар...

\*\*\*

... 70-тен асқан соң, жазуды да сиретер деп ойладым. Ақылымды да айтқан болдым. Жүрек те сыр бере бастады. Конілін басқа жаққа аударайын деп, жиі-жій дем алуға кенес бердік. Балаңтар да құптап, «енді өзінізді құтініз» деп жатты. 1972 жылы екеуіміз Мәскеудің іргесіндегі Малеевкаға дем алуға бардық. Денесі ауырлап, шаршап жүрді. Үйден шығарда шабаданға қалам-қағаз салдырымадым. «Жетеді, демал. Еш нәрсе ойламай, алансыз жүр», – дедім. Малеевкадағы алғашқы екі-үш күн қонақтармен, жана таныстармен, ажын-гүйін әңгімемен отті. Байқаймын, Сәбит тықырши бастағандай. Қалам үстагысы, үстелге отырғысы келіп жүр. Байқамаған, сезебеген бол мен де жүрмін. Менің ренжігінімді біліп, айтуға бата алмай жүр. Бір құні түн ішінде кенеттен оянып кеттім. Көзімді ақырын ашып, қасымдағы Сәбиттің орнына карасам – төсек бос. Бұл кайда жүр деп жан-жағыма қарағым. Сойтсем, тұнгі шамды үстелтін үстіне койған, үлкен қара шәлі болатын, соны бүркеніп (шамның жарығы көрінбесін деп) жазып отыр. Шөлінің шетінен колы жорғалап, корініп отыр. Құлқім келсе

де, көрмеген боп, ұйықтаған кісіше жата бердім. Ертеңіне: «Сабит, осы түнде бір жарық көрдім ғой, терезенің түбіне біреу мәшинесінің жарығын өшірмей қойған ба?» – дедім қасақана. «Білмеймін, Мәке, мен ештеңе сезбестен қатты ұйықтаппыш», – дейді. Кейін шынын айтып, балаша құледі. «Мәке, қолым қышып, жазғым келіп, ансарым ауды. Сол түні төрт-бес төрттағандар туды. Сен көріп қап, қаламымды алып қояды екен деп қорықтым», – дейді. Сонда ойладым: е-е, жазушыға жазбау деген бір қиямет екен ғой, жарайды, еркі білсін дедім де қойдым.

Мениң ұрсатынымды біліп, кейбір жиналыста сөйлегенін де жасыратын болды. Шегелеп жіберемін ғой: «Енді жастар айтсын. Сен тыныш отыр. Жасың үлкен. Жағаласып қайтесін» деп ақылымды айтып, өзімше мықтадым деп отырамын ғой. Ұзамай бір жерде: «Кешегі жиында Сәбен жаксы сойледі. Қатты айтты-ау, Ә!» деп біреу соғып отырады. Е-е, бәсе, неғып тымпиып, үндемей жүр десем, айтарын айтып жүрген екен ғой. Бәсе, сойлемесе Сәбит бола ма деп мен де амалым құрып қоямын.

Біздің кезімізде карта ойнау деген бір пәле болды. Осы күнгі жазушылар ойнай ма екен, білмедім. Габит, Габидендер күні-түні ойнауға жалықпайтын. Ал, біздің Сәбит сол ойынды үйрене алмай кетті. Достары қанша үгіттесе де, елікпеді. Оның бар ермегі – маңайына адам жинап әңгімені айту. Шежіре, ескі әңгіме десе, жанып кетеді. Өмірімнің сонына таман «Қазак қауымын» жазуының сыры да осында болар. Жас балалардың өз тілін ұмытып, сөйлей алмайтынынан шошынып отыратын, бара-бара не болар екенбіз деп сөйлеп отырғанына талай куә болдым.

Сәбит қайтқаннан кейін, Габит Арыстанмән (күйеу баласы ғой) бір онаша қалған сәтінде: «Арыстан, Сәбитпен бірге қазактың талай тарихы, шежіресі кетті. Біздің арамызда халқымыздың ләстүрін, әдет-ғұрпын Сәбигтей терен білетін адам енді жок. Менің өзім кейде: «Сәбит, мен мына жерден бір сез оқыдым. Осының мәні не» десем, ол табанда жауабын айтып, түсіндіріп, мені талай тәнті гып еді деп сырын ашыпты.

Құдаій-ау, арабша толтырылған, сарғайған, әбден жұлымы шыққан доптерлерді сақтап, орап – шымқап отыратын. Тіпті кеібіреулерін оқу мүмкін емес. Жазулары оте ескі. Казір

арабша оқитын адам да қалмаған шығар... Сол дәптерлердің көбін жүрт өздері әкеп тапсыратын. Біразын Академияның қолжазба қабылдайтын жеріне өткізгені есімде. Жүрт жоғалып кеткен дүниелерін де Сәбитке айттып, сол арқылы іздейтін. Мен айтушы ем: «Сәбит-ау, ерінбей-жалықпай жүрттың тапсырмасын орындаісын да жүресін. Академияның қызметкерлеріне айтсан, өздері-ак іздел, таппай ма?»... Бір хатты жауапсыз қалдырмайды... Ерте кезде Мәшіұр-Жұсіптен хат келді деп әбігер болғанын білем. Мен ол кезде тым жастын, ол кісінің кім екенін қайдан білейін. Мәшекенің тапсырмасын орындау керек деп, жан-жаққа сұрау салып жүргенін ұмытпаптын (Осы арада мен атайға Мәшіұр-Жұсіп Көпевтің Сәбене 1931 жазған хаты бар екенін есіне салдым. Оқып бердім. Рұхсат етсөніз, хатты толығымен келтірейік деп ем, өзін біл деп келісімін берді. Төменде акын атамыздың сол хатын тұтас беріп отырмыз. Г.К.).

«Гүл қадірін кім білер, бұлбұл білер,  
Канбар қадірін Ғали мен Ділділ білер.  
Сөз қадірін сөйлеген ауыз білер,  
Шала-шарпы құлақтар дұмбыл білер».

Теміртайды олең қылып сөйлеген Сәбит Мұқанов сен болсан, бізге атаң кім, бабаң кім, «жер астынан жік шықты, екі құлағы тік шықты» ма, болмаса түптеп тартыл қозғап жүрген бір сілем бар ма? Сөзінді таныдық, өзінді таныт.

Ақында Ақмолда мен айт Ыбырайды,  
Сөздерін қөкей кесті жүртқа жайды.  
Өзгесін бас ауыртпай жсауып-ақ қой,  
Бай болмаган, бай болса бұлгар сайды.

Бұл Мәшіұрдің сөйлегеніне қырық-елу жыл болған. Өлеңдерінің ішінде айтылған сөздер:

Зар бол қалар кейбір күн бай бір пұлга,  
Үнемі қонып түрмайды дүние қолға.  
Бак пенен тақ, патшалы тиіп қалар,  
Ескерусіз есікте жүрген құлға.

Бір сөзінде:

Байлар-ау жиган малың жансың қасы,  
Садақа беріп, жүрсің, атаң басы.  
Байлардың қолындағы жиган мұжі,  
Кем-кетік кедейлердің сыйбагасы.

Міне бір сөзі:

Козгайды бейнетқорды көтерме жын,  
Өзгем өтірік болса да бұл сөзім шын.  
Өмірім қысқа болсын деп ойласам,  
Казаққа қамқорлық қып атыңа мін.

Бұл Мәшиүрдің олеңін жеттап айттып жүргүшілердің бәрі де  
оліп қалды.

Бұрынғы заманның ақындарының айттысқан олеңі бар. Құдери  
қожа мен Ұлбике қыздың айттысқаны жүз ауыз олең.

Ұлы жүз Үйсіннен шыққан Үмсын қызы бен Заман қожсаның  
айтысқаны елу ауыз олең.

Карақалпақтан шыққан Жәнкіл ақын мен Ұлбике қыздың  
айтысқаны он ауыз олең.

Каракесектен шыққан ақын Төгжан қызы бен Сүйіндіктен  
шыққан Сақау ақынның айттысқаны жестің тогызы ауыз олең.

Каракесек Камбар Жанақ ақынмен Найман ақындары  
Сабырбай, Тубек айттысқаны отыз жесті ауыз олең.

Атбасар уезіне қараган Баганалы Балталы Найманда Опан  
деген ақын қызы бен Алтайдан шыққан бір ақын жігіт айттысқан  
отыз жесті ауыз олең.

Керей Үұрдыбек ақыны болып жүрген Орымбай ақын мен  
Каракесек ақыны болып жүрген Шортанбай қожсаның айттысқаны  
жисырма бес ауыз олең.

Муса Секербай ақынны болып жүрген Құлік Жалишибай ақынмен  
Найман Тубек ақын айттысқаны отыз жесті ауыз олең.

Каракесек ақыны мен Балта ақынмен соқыр Шөжсенің  
айтысқаны жисырма бір ауыз олең.

Құлік Көтеш ақын мен Құнікей қызы айттысқан екі ауыз олең.

Бұл Мәшиүрде өзі жазған бір шекіре кітап бар, әдебиет  
тарихы болуга толық, үлкендігі табақ, қағазга табақ бойынша  
жазылған, ауырлығы қадақ жарым. Соның почтага қалай  
салынуын және сыртына наложенный платеж деп, өздерінің  
адресін жазып жіберсеңдер, дереу салынады. Және менің  
жазуымды танып оқып кісі болса.

Бұл Мәшиүр Юсұф сөзін бастырамын деп Торайғыров алып  
кетіп, аяқсыз шашылып һәр жерде қалған. Оナン սұраттып  
Тәішкенге алып барып бастырамын деп Үдішхан Омаров алып  
кетіп о да аяқсыз қалдырған.

Кызылорда баспаханада басында он екі азаматтың бірімін

деп Зияш Алдабергенов алып кетіп, о да аяқсыз қалдырган. Мәскеуде тұрамын деп Әлкей Марғұланов поштамен алдырып, о да аяқсыз қалдырган. Сонан соң бұл аузы күйгендей бол сөзін қолдан шыгармайтын болған.

Осы күнде өзі жетептіс екі жаста отыр. Үш жүзден шыққан ақындардың, өрнекті хан, үлгілі билердің, батырлардың тарихы, әңгімесі өзінде түргел.

Мен сөз үйренетін кісі емеспін. Уәлихан Омаров пен Зияш Алдабергеновтен Мәшиһүр Юсүф сөзін қайда жібердіңдер, бары болса маган жіберіңдер, жоғы болса оны айтыңдар деп, екеуінің опасыздығынан бір жауап алып берсең.

Копиясы дұрыс: (ССПК)

P.S. Бұл хатқа Мәшіһүр Юсүф кол қоймаган және қай уақытта жазылғанын көрсетпеген. Хаттың онікі екендігі біріншіден, сыртқы адресінен, екіншіден почеркінен танылды. Хат 1931 жылы апрель айында алтынды.

С.Мұқанов.  
5/У—1952 ж.

Міне, қызым, жинап жүргеннің пайдасын көріп жатырысындар. Оп-онай тауып алым деймісін! Әрине, Сәбит бәрін таїға танба басқандай тізіп кетсе, неге таптасқа! Ұқыптылығыннан айналайын, шалым!

Гүлнэр. осы Сәбиттің үйдегі архивін сұраған талай адам болды. Әлі уақыты келмегендай, тартыншақтай бердім. Қасымда жиырма жылдан астам жүрген сенің өзіне, міне, енді гана шетіп корсетіп отырмын. Сонда оның жасырып-жабатын ештемесі де жок. Әркім бір үстап, қадірін кетірмессе екен деген ой ғана.

Ал, Орталық архивке тапсырған 142 папкі хатының көшірмелері түргел осы үйдегі архивте. Сәбиттің қалдырып кеткен азығы әлі талай адамға жетеді.

Ғұламмен достығы ерекше еді. Екеуінің жазысқан хаттары, Сәбиттің Fa�ур туралы айтқан ой-пікірлері музейде сақтаулы. Жан досының казасы Сәбитке катты батты. Көзінен жасы моншақтап жылағаны көз алдымда. Таңкенттен келгеннен кейін, көпке шейін жүргегін ұстап, уфілеп, көп қайғырды. «Fa�урдай дос қайда маған!» деп құрсінүмен болды. Бір-біріне тұн ішінде телефон соғып, «қызу айттысатын» кездерін аңсан, сағынушы еді.

Осы арада мен Сәбиттің папкісін актарып отырып, өзім тауып алған мына бір сөзін келтіре кетсек деп отырмын. Доссының басында тұрып сойлеген сөзі ме екен, анығын айта алмай отырмын. Артықтық етпес. Бұрын оқымағандар болса, сауабын алармыз, қызым. Өзім осы бір екі парастақ қағазды қайта-қайта оқып, көзіме жас аламын еріксіз.

*Кош, бауырым!*

«Fa�ур Гұлам қайтыс болды!» — деген хабар маған төбемнен жайлыштың оғы үрганнан кем тиғен жоқ. Оған себеп — 35 жылдай үздіксіз дос, қаламдағас жолдастығынан басқа күні кеше гана бірнеше күн дастархандас болуын.

Мен онымен Москвадагы Внуково аэропортында кездестім. Ол да Казанга Ғабдолла Тоқайдың 80 жасақта толуы юбилейіне үшікалы түр екен.

Казандагы достар біздің бір үйге орналастырды. Үш-төрт күн дәмдес болғанда оның аузынан Таңкентте соңғы айларда болып жатқан табигаттің тенгектігі түспеді. Сонда айттатыны үнемі — оптимизм.

— Табигат адамды женуге тиісті емес, — дейді ол әрқашан. Адам табигатты женуге тиіс. Сілкініс Таңкенттің бүлдіргенімен біз бұрынғыдан да көркем Таңкент жасаймыз.

Сонымен бірге, Fa�ур үнемі көтеріңкі жағдайда жүрді. Біз жатқан үйде радио жоқ екен. Касындагы үйде бар. Fa�ур соган. тыныссыз барып, соңғы хабарларды тыңдайды да жүреді.

Ол осы сапарында эйелі Мухарамма мен бірнеше немересін Одесса қаласының қасындағы демалыс үйіне орналастырып келген екен. Жарын, балаларын, немерелерін шекіз жақсы көретін ол әр бір кеште Одессага емес, Таңкентке телефон согын, не халдер болып жатқанын біліп отырды. 27 шінші күні Таңкентке берсе станция: «телефон жолы үш күнеге жасабық» — депті. Мен касында едім. Телефон трубкасын орнына қоя берген Fa�урдың қоңыр

кескіні қөгілдір тартып, креслоға шалқая берді. Мен «Ойбай, не болды!» – деп құшақтай алдым, ыдыстагы салқын суды бетіне бүріктік. Сонда гана көзін аиқан Faфур – «дәрігер шақырайық» дегенде басын шайқады.

Аздан кейін есін жишип:

– Мен енді кемемен Еділ бойлан, Астраханьга дейін серуендеймін деген ойдан қайттым. Москвага тура үшам, – деді.

– Ташкенттің – деді ол демін соза алып, – байланыс үзілген үш күндеі халін Москвадан тез білуім керек.

Ол күнгі кеш Faфур үшін де, біз үшін де өте ауыр болды. Оның мазасыз халін көре тұрып, біз үйықтайды алмай, тұн ортасы ауганга дейін қасында болдық та, одан кейін «Барыңдар, үйықтаңдар, мен де үйықтаймын» деген соң, біз бөлмемізге кеттік те, кезекпен қараңғы коридорда құзетіп жүрдік.

Ол тұні Faфур көз шырымын алған жоқ, аз уақыт көзін жүмып қалғыган болады да, тез унілеп күрсіне бастайды...

Таңертең Faфур бір кесе айраннан басқа ештеме іштеді.

Тұскі самолетке бізді татардың жазушылары шыгарып салды. Мен Уфага үшпақтын, Faфур Москвага үшпақ. Онда кескін-кейіп жоқ... Аттанар алдында:

– Сәбит, сен бері келші! – деді Faфур маган.

Екеуіміз оңашаланып агаشتың көлеңкесіне бардық.

– Ал, достым, – деді ол көзіне жасас алып, – Ташкенттің халі менің былай да әлсіз жүргегімді езіңкіреп тұр. Каншалыққа шыдарымды білмеймін. Егерде...

– Ойбай, ар жағын айтпа! – дедім мен.

– Оны тағдырга тапсырысьык, – дей салды Faфур.

Коштасқан секундта ол үзак сүйісті де, солқылдан жылап алды... Міне, енді сүйікті Faфурдың тәні дүниеде жоқ!

Совет Одағының ең ірі акынының, галымдарының, қогам қайраткерлерінің бірі сүйікті досым Faфур Гулям туралы айтылатын сөздер көп, оларға осы сәттіе уақыт та жоқ, хал де жоқ!

Кош, бауырым, Faфур!

Топырагың торқа болсын!

11 июль, 1966 жыл. Сәбит Мұқанов.

Міне, осы бір хаттан Сәбиттің мейірімді жүргегін, досына деген адал ниетін көремін. Екеуінің басы қосылса,

айналасындағы жұрт құлқіден ауыз жаппайтын. Анық мерзімін ұмыттым, бір жылы біздін бүкіл жазушылар Өзбекстанға кетті. Қазак әдебиеті мен өнерінің онкүндігі дейімсің... Болса болар. Сәбит – делегацияның бастығы. Қасында – Фабит. Faфур бастаган озбек ағайындар құшаш жая карсы алған екен. Құнде жиын, құнде кездесу. Құнде той. Екі-үш күн өткен соң, Сәбит Faфурға: «Дастархандарыңызға, пейілдерінізге ризамыз. Өрік пен жаңғаққа, қауын-қарбызыға, шоп-шаламның неше түріне қарық болдық. Біздін қазак – етсіз жүре алмайтын халық. Орта құрсақ болып тұрганымыз. Ет беру ойларыңа келмей жүр-ау» деп досын қағытыпты. Кешкүрым уакыт болса керек. Жаңағыдай деп Сәбит қонақ үйге барып, демалуға жатып қалыпты. Ертемен біреу дүрсілдетіп есік қағып тұр дейді. Таң атпай бү қайсы, тағы не боп қалды деп үшіп тұрып, есік ашса, Faфур тұрган корінелі. «Сәбе, киініп сыртқа шығыныз. Сіздің керегініз бол тұр» лепті.

Есік алдына шықса, біздін бар жазушылар тұр екен. «Таң атпай бір жаққа барамыз ба, бұл не жиын?» депті Сәбит. Соңда Фабит: «Бірденені бұллірген сен емеспісің? Faфур досын зыр жүгіріп жүр ғой» дейді. Сол кезде Faфур келіп, бұларды бастап алып жүріпті. Біраз жер жүрген соң, анадай жерде тұрган бір сарайға келіп тоқтапты. Faфур жүртқа қарап: «Ал, Сәбе, батаңды бер. Қазак туыстарымызға арнаған бір билеміз бар еді», – деп сарайдың есігін шалқасынан ашып жіберіпті. Коздері шарадай, екі інінен дем алып, қарны жер сызған бір көк бие тұр екен. Семіздіктен арқа жоны жылт-жылт етеді дейді. Фабит Сәбитті тұртіп: «Бұллірген деген осы. Мынау аппак майды қайтып жейміз? Алдымыздан қайтып, маскара болатын болды-ау» депті. Сәбит оған: «Саспа. Бәрінің де ретін келтіремін» деп, әлгі жерде жаксылап тұрып батасын беріпті. АナンДАЙ жерде жаландыған үш-төрт қазак жігіті лайын тұр екен. Биені союға ала жонеліпті. Faфур мұртынаң құліп: «Кешке қонақасыға келінізлер. Қазактардың ет жегенін корелік» деп, Сәбитке қарап құліп қойыпты. Кешке үлкен бір бактың ішіне дастархан жайылыпты. Қонақасыға коп адамдар шакырылған екен. Қаз-катар қойылған үстелдердің аргы шетіне көз жетпейті. Бір кезде дастарханға ет толы үлкен-үлкен астаулар келе бастапты. Бие тым семіз болған екен, аппак карлай май лейді. Фабит Сәбитке тағы да тисіп: «Ет, ет деп қоймап ен-

Мынаның кайтып жейміз? Өзбектер күлкі қылатын болды» деп сибырлап қоймай қойыпты. Сәбит болса аспай-саспай етті турал, алдыңдағы астауды үйеме табақ етіпти. Ішінде кара еті өр жерден бір көрінетін астауға қол созуға ешкімнің жүргегі дауаламай отырған көрінеді. Жұрт біраз шұқылап, жетен болып отырыпты. Бір кезде Сәбит орнынан тұрып, сөз алып: «Ал, ағайындар! Конілдеріңе көп рахмет. Біздің казакта тамаша бір дәстүр бар. Оның аты – асату. Сыйлағандарының рас болса, осы отырған жүрттың бірі қалмай, менің қолымнан асату алады», – дегіп. Шетте тұрган үш-төрт жігітке тапсырма беріп, мына халықтың бірі қалмай менің алдымнан отетін болсын депті. Сәбит екі білегін түріп алышп, шетінен асата басталты. Ер-әйел, жас-кәрі демей, бәріне қос уысын толтырып алышп, аппак майды лышп еткізіп ауыздарына сұнгітіп жіберетін көрінеді. Алларындағы астаудың майы таусылып, жан-жақтағы табактардың бар май ы Сәбиттің алдына жиылыпты. Жұрт қыран-топан, мәз болып жатыр. Кейбіреулері, әсіресе, жас әйеллер беттерін басып, шыр-пыр болып қашады дейді. Оған Сәбит конуші ме еді. Соз тауып, қалайда асатады гой. Ең соңында Сәбиттің алдында қос уыс май қалған екен. Тағы да орнынан тұрып: «Ал, халайық, бәрін де менің қолымнан асату алдындар. Енлі мына қалғаның өзім асаймын» деп бір қара еті жок, оңқей аппак майды қылқ еткізіп жұта салыпты. Сол кезде Ғафур досы құліп, басын шайқап: «Пай-пай, мына казактарға дауа жоқ екен. Қасқыр сияқты екенсіндер» депті, Сәбитке қарап.

Осы әңгімесін Сәбит майын тамызып айтып, жүрттың шек-сілесін катыратын. Атғаш естігенде мен де козімнен жас акканша құлдім. Аталарының осы бір тапқырлығын сендер де айта жүрсін деп отырғаным рой, Гүлнэр.

Атакты ақын-жазушылар: Берді Кербабаевты, Сайфи Құдашты, Алы Токомбаев пен Куанышбек Маликовты, Түгелбай Сылықбековты қалір тұтты, қатты сыйлас болды. Бұлардың достығынлай достық қазіргі омірде бар ма, жоқ па, білмеймін...

Софыс жылдарында Алексей Толстой, Самуил Маршак сияқты орыс жазушыларымен танысып, ғұмыр бойы араластык. Софыс жүріп жатқан кезде күллі Мәскеу мен Ленинградтың бетке үстар қаймактары осы біздің Алматыда тұрды. 1942 жылды,

күзде солардың бәрін үйге қонаққа шақырдық. Мұхан бар, мықты деген жазушылардың ешқайсысы шет калған жоқ. Қой алып, арнап сойдыш. Қойдың басын қазак рәсімімен А.Толстойдың алдына тарттық. Эйелі Наталья Ильинична мен екеуі кеш бойы таңданумен болды. Қонақты құдайдай күтетін қазақ дәстүріне шын жүректен ризашылықтарын білдірді. Менің кос бұрым, тізеден келетін ұзын кара шашыма таң қалып, қолдарымен ұстап көріп, «жасанды емес пе?» деп сұрады. Қастарына отырығызып, шашымды мойнына орап түскен суретіміз бар еді, кейіннен соны жоғалтып алдым. Осы кеште ескерткіш болсын деп, өзінің «Хождение по мукам» атты кітабына қолтаңбасын қалдырып, сыйға тартты. Сол кітап музейде сактаулы. Келушілердің көбі сол кітапқа үніледі деп отырсын өзің. М.Шолоховтың да қолтаңбасы бар кітабы есімде. Ол жазушыны да көзім көрді.

Иван Шухов, Алексей Брагин, Дмитрий Снегин т.б. орыс жазушыларымен де тонның ішкі бауында араластық. «Омір мектебін» Алексей аударды ғой. Сәбит екеуі кейбір тұстарда айтысып та қалатын. Сәбиттің казақшасының сөлін Алексей жеткізе алмай жатса керек. Соған Сәбит көнілі толмай, жанұшырып, жеткізуге тырысып, түсіндіріп жатушы еді.

Иван Шуховпен бір елденбіз жаксы адам еді. Үйінде талай конакта болдық. Пресновка деген станицада өзінің үйі бар. Сәбиттің 80-жылдығында да, 90-жылдығында да елге барғанымызда сол Пресновкага арнайы бардым. Үйі қазір музейге айналған. Бір кездे өзіміз барып, талай дәм ішкен ақ дастарханы, салқын самалмен тыныстап, дем алып отыратын верандасы да сол қалпында.

Күні бүгінге шейін газет-журналдарды жібермей қарап отырамын. Ойым – Сәбит туралы не бар екен, не жөнінде сиякты ғой. Әсіресе, мына 100-жылдық келе жатқаннан бері газет келмей қалса, іздеп отыратын болдым. Жақында «Жас Алаш» газетіне Дмитрий Снегиннің берген сұхбатын оқыдым. Ескіден қалған көз ғой. Кездесе қалса, қолымды сүйіп, бәйек болады. Газетке суретімен шыққан екен. Әй, Митя, өзің әлі қарап түрсүң ғой деп қалжындалп, сөйлеп қоям. Газетті сактап койдым. Өзім қайта-қайта оқығым келе береді...

«Мен жазушылардың ішінде Мұхтар Әуезовпен, Фабитпен, Сәбитпен жақын араластым. Сәбит ол кезде Жазушылар

одағының тәрағасы, мен – жауапты хатшымын. Ал, ана Ұлылар – президиум мүшелері. Олар өздері маған тен сейлейтін: «Митя», «Митя» деп. Мен де оларды, әлде балалығым, әлде шалалығым – арамызда 10-12 жас айырма болса да – «Фабит», «Сәбит», «Мұхтар» деп атай беретінмін.

Біз семьямызбен аралас-қуралас болдық. Біресе Мұхтардың үйінде – Валентина Николаевнаның; біресе Сәбиттің үйінде – ақылды да аяулы Мәриямның; біресе Фабиттің үйінде – бармағы бал Хұснідің; біресе менің үйімде – Александра Яковлевнамың дастарханында бас қосып, конак болатынбыз.

Мәселен мен:

– Мұхтар, Сәбит, Фабит, сіздерді менің Александра Яковлевнам кешкі сағат 6-ға, бесбармаққа шақырады, – деймін фой. Олар:

– Рахмет!

Тура, кешкі 6-ға бес минут қалғанда Мұхтар келеді – Валентина Николаевнасымен, 6-дан бес минуттай откенде Фабит-Хұснімен. Бесбармақ дайын. Жарты сағат отеді, қырық минут отеді... Сәбит пен Мәриям жок! Әрек дегенде, шулатып, думандатып, елді көшіргендей Сәбиттер келеді. Ой, кешіріндер, кешігіп қалдық, т.б.

Бәріміз дастархан басына отырғаннан кейін Мұхтар:

– Сәбит! Сен 40 минут кешігемін деп, достарыңын ортасындағы ұлы 40 минут уақытыңды мәнгілікке жогалтқаныңды білесің бе?! – дейтін.»

Шынында да, қонакқа кешігіп жүретініміз рас. Енді шығайын деп жатсан, біреу келеді. Оған шәй бермей қалай, құр ауыз қайтарасың. Бала-шаға бар. Кетерінде олардың да тамағын даярлайсың. Өйткені, басымыз қосылса, жуық арада тарай қоймаймыз. Митя соны ұмытпаған екен.

\*\*\*

Музейге келген сайын Мәліктің, Мәлік Фабдулиннің үйінің жаңынан отем. Откен сайын терезесіне қарамай өте алмаймын. Бөтен пердеге көзім түседі... Қайран, Мәлік! Қандай едін... Орден-медальдарыңды тағынып, мейрам кезінде сыртқа шықканыңда жұрт көзін ала алмай қалушы еді...

1930 яки 31 жыл болу керек. Қекшетаудан онжылдықты бітіріп. Алматыға келген бетте Сәбитті ізден үйге келді. Ол  
11-416

кезде біз Лепсинская (қазіргі Фурманов) көшесінде тұрамыз. Арыстан мен Марат бар. Қолында дәптері бар, кішкене ғана кара бала. Сөзі пысық. Сәбитке жазғандарын көрсетіп, оқуға түсіне көмек беруін сұрап тықылдап тұр. Сол күннен бастап, өз баламыздай болды. Сәбит ҚазПИ-ге оқуға түсіне көмектесті. Біздің үйдің үшінші баласында еді. Соғысқа да бізден аттанды. Сәбит майданға командировкаға барғанда да, Мәлікті іздел барды. 1943 жылы екеуі бірге түскен суреті бар.

1965 жылы біз осы күнгі музей тұрған үйге көшкенімізде, олар да көрші үйге қоныстынды. Үйіміздің арасында үй жок. Қунде Мәлік жұмысқа кетерде бізге соқпай кетпейді. «Қарттарым, амансындар ма?» деп кіріп келеді. Кешке жұмыстан қайтқанда және соғады. Сәбит Мәлік дегендегенде ішкен асын жерге қоюши еді.

Мәліктің қазасы Сәбитке қатты батты. Көп жылады. Жүргегі де сол кезде қозгалды. Ұзамай өзі де кете барды.

Сәбитті жоктап, басымнан кара орамалымды тастамай, жыл өткенше отырдым. Кісі аяғы басылмай, келіп жатты. Анда-санда балалардан Мәліктің үйіндегі келінді – Нәзияны сұрап қоям. «Нашар, үйінің шамын да жақпай, төсектен тұрмайтын көрінеді. Мәлік өлді, мен де өлем деп, әбден жұнжіп кеткен еken» деген сездер құлағыма жетіп жатты. Бір күні, өзім жетісп отырмасам да, ана байғұсқа барайын, ақылымды айтайын деп шықтым. Бір аттам жер ғой. Келесі үй. Келсем, үйдің перделерін де ашпаған. Мәліктің жұмыс кабинетіндегі диванда жатыр. Маған енді өмір керек емес дейді, ұрыстым. «Керек болғанда енді керек. Мәлік үшін өмір сұруін керек. Оның атын сен шығармасаң, сен қаузамасаң, кім жанашыр болады. Мәлікті жақсы көргенін рас болса, қайраттан», деп қанша ақылымды айтсам да, болатын түрі жок. Әбден қайғыға бой алдырып алған. Көп жүрген жок, сол уайымнан ауруға ұшырап, ақыры қайтты.

Қазір Мәліктің үйін шетелліктер сатып алған дей ме, әйтеуір перде бөтен. Кітханасы қандай еді! Үйі жайнап тұрушы еді. Дайын музей еken ғой, қазір ойлап отырсам. Ана бір жылдары Қекшетауда Мәліктің музей ашылады еken, соған жақын бір келіні Алматыға келіп, подвалда жатқан Мәліктің кітаптарын жиып альпты деп естідім. Е-е, қайран азamat! Қандай ен! Осы күні аты да сирек естіледі...

Сәбитке жас ақын-жазушылар да үйір болатын. Мына жігіттің таланты бар, болашағы зор деп қамқор бол отыратын. Сол кездегі жап-жас Тұрсынбек Қәкішев Сәкен туралы кітап жазып, ол дүниесі Сәбитке қатты ұнап, содан бастап аралас-құралас бол кеттік. Мәлік Фабдуллин туралы да осындай кітап жазайық деп жоспарлап жүргенде, Сәбит кете барды гой.

Тұрсынбек Сәбит кеткен сон да өзінін жанашырылығын танытумен келеді. Сәбит туралы қаламынан шыққан макалаларының, кітаптарының бәрін де оқыдым. Өзінің таптағайтын дүниесі жок, Небір фактілерді тауып алғанын караши деп сөйлеп отырамын. Эсіресе, мына Сәбиттің тойы қарсаңында көп дүние жазды.

Осы арада бір жағдайды айта кеткім келеді. Тұрсынбекпен көп жыл отасқан аяулы келінім Құбірә осыдан алты жылдай бұрын кайтыс болғанда, ойладым: «Ағыр-ай, Тұрсынбекке қын болды-ау. Жәй адам да емес, кольынан қаламы түспеген, жазатын жанға жағдай, күтім керек. Балалары бар гой, бірақ олардың өз тіршілігі өзіне. Қанша дегенмен қасындағы қосағында бола ма. Бұл енді қайтер екен?! Үйленбесе қын гой...» деп бір ойлап қойдым. Сонымен күндер өте берді. 1994 жылы екеуіміз Ақмолага Сәкеннің тойына бардык. Бірге жүріп, бірге кайптық. Самолетпен келіп, аэропортқа түсे қалғанымызда, менің балаларым мәшинемен келіп, күтіп түр екен. Отрып алыш, қалаға бет түзедік. Алдымен Тұрсынбекті жеткізіп салайық, деп, солай қарай бұрылдық. Үйінің жанына келіп, тоқтай қалдық. Талай келіп жүрген үйім гой. Мәшиненің ішінде отырып, басымды жоғары көтеріп, үшінші қабаттағы терезесіне қаралым. Қап-қаранды екен. Осы арада бір ағаттық жібергенімді сезе қойдым. Үйінде ешкім күтіп отырмағанын білгенде, алдымен бізге апарып, шәйімізді ішіп, көрген-баққанымызды кайыра тәлпіштеп, сонан сон әкеліп салуымыз керек еди. Енді әдейі шақырсан да бармайды, ынғайсыз. Сонымен, біз кете бардык. Жол бойы Тұрсынбекті ойлаумен болдым. «Алтыстан келгенінде алдыннан есігінді ашып, шәйінді қайнатып отыратын адамның болмауы қандай қын. Тас қаранды үйге кірді-ау, мына бала...» деп, әлті көрініс көз алдыннан кетпей қойды. Содан біраз уақыт өткен соң, қайнам үйленетін ойы бар екенін айтқанда, қуанып кеттім. Дұрыс болған, жалғыз өзінде қын болады деп бірден құтпададым. Осы күнгі Күләш келінімді көрген жерден үннаттым. Жас та болса, көргені көп, жөн-жосықты

білетін адам екен. Азамат сыйлай алатын, үлкенмен де, кішімен де сыйласа билетін жан. Менің өзім оның әжесіндегі болсам да, әңгімелі жараса кетті. Балаларым кей-кейде: «Мама, егер сіз алдымен кетсөніз біздің папамыз да үйленер ме еді?» – деп сұрайды. Мен: «Е, үйленбегенде ше... Сендер оның тамағын аш қылмассындар, бірақ қайсың оның қасында ертеден қара кешке шейін отырасындар. Қаншама баласы болса да, оның бабын тек қасындағы әйелі ғана таба алады» десем, бәрі безілдеп қоя береді. «Қойшы, мама, қайдағыны айтпаши» деп шулады. Тағдыр басқа салса, бәріне де көнеспің. Кай кезде де, адам тіршілікті, жарық дүниені ойлау керек.

\*\*\*

Сәбит екеуімізде бірге туған туыс болған жок. Мен бір әкeden жалғызыбын. Кейінгі әкемізден Жақсылық атты інім бар. Елде тұрады. Шұғайып деген немере ағаммен, оның балаларымен қарым-қатынасымыз үзілген жок. Ағам Сәбит барда кайтты. Келісті, айбынды адам еді. Бір-бірімізді ете жақсы көрдік.

Сәбит болса, он қыздан кейінгі жалғыз үл. Біз үйленіп, үй болған кезімізде сол ағаларының біреуі де болған жок. Жастайынан шетіней берген екен.

Сәбиттің немере інісі Шәкен – Мұстафаның баласы. Мұқан мен Мұстафа бір туысады. Сәбит әке-шешеден бірдей айрылған соң, осы Мұстафаның қолында тәрбиеленеді. Мұстафаның әйелі – Сілеусін жақсы адам болған екен. Мейірімді, туған анасындаи Сәбитке қамкор болышты. Сол бір жақсылығы ма екен, Сәбит Шәкен інісінің алдында өзін өмір бойы қарыздар санап отті. Екеуі бала жастан бірге ойнап, бірге ескен. Орынбор рабғагында бірге оқыған. Окуды аяқтаған соң, әке-шешесіне карайлап, Шәкен ауылда қалады да, Сәбит жаңа өмірге қым-қуыт араласып кете барады. Оку іздел Мәскеу, Ленинград барды. Өмір өте берді. Алдына белгілі максат қойған Сәбит жазушы атандып, атағы бүкіл казаққа мәлім болды. Шәкен болса, қарапайым тірлік кешіп, ауылда жүріп жатты. Сәбит одан ешинарсесін аяған жок. Жүзден, мындалап ақша жіберіп жатты. Бар баласын оқуға енгізіп, жақсы қызметке не болуларына мүмкіндік жасады. «Жалғыз туысы фой, басқа кімі бар» деп, пендешілікпен бір ауыз сөз айттып көрмеппін. Өз балаларымыз да жетіліп, шетінен үйленіп, балалы-шагалы бол жаттык. Еркін тұрып, еркін тұрмыс кептік. Біреулердей

тықлыштап ақша жинамадық. Акша түрмис үшін керек нәрсеғой, Сәбиттің көз майын салбыратып талқаны, өзінен ешнәрсе аямау керек деп тірлік еттік. Шүкір, бәріне де жетіп жаты. Әйтсе де, судың да сұрауы бар демекші, бертін келе, Сәбиттің 70-ке тақаған шағында, Шәкен қайнұма ренжитін болдым. Өйткені, Шәкен қайнұмда тартыну жок, жазған хаты ылғи да бір көнілсіз. Акша керек, ақша жетпейді... Осындаи сарын. Сонда ақша жок емес, бар. Шүкір, жаман тұрган жок. Елдің алды болмаса, соны емес. Балалары да шаруақор, пысық. Берекесіз емес. Бірақ, сол үйреніг қалғандық. Сәбиттен алу керек. Ол үшін Сәбит – түпсіз құдық. Сәбит – міндетті. Хат келген күннің ертеңіне Сәбит почтаға кетеді. Ақша жіберген квитанциясын жазу үстелінің үстіндегі шынының астына қыстырып қояды. Алғашында айтып отырушы еді. Кейіннен жаңағыздай тәсіл тапты. Тіпті, қайтарынан аз-ақ, уақыт бұрын 1000 сом жіберілті. Ол кезде үлкен ақша ғой. Мынау деген қызметкерінің өзі 120–150 сом айлық алатын кез емес пе? Сәбит квитанциясын құлсалғыштың ішіне тастай салыпты. Мен оны кейін көрдім. Сәбит қайтқаннан кейін, біраз есімді жиган соң, жан-жағыма қарап, Сәбиттің қалам-қағаздарын, жазу үстелінің үстіндегі уақ нәрселерді колыммен үстап, өзім жылап отырмын, жиыстырып отырдым. Сойтіп отырып, мына бір хатты тауып алдым. Қарасам, Шәкенге жазған жауап хаты. Мәшінкеге басылған. Екінші данасы. Қағазға үқыпты әдетімен, өзіне бір данасын алып қалып, папкісіне салып койыпты. Оқылым да, онан сайын еїлдім: «Шіркін, Сәбит-ай, жүргегің не деген жұмсак еді? Өмір бойы өзінде қарыздар санап, кінәлі сезініп... не болды соншама?! Тым болмаса, бірге туган туысын да емес қой?.. Неге сонша жалтандашың?» деп, ал кеп жыла. Сәбиттен айрылғаным әлі де сенбей, ішім күйіп жүрген кез ғой, армансыз шерімді актардым оңашада.

Төменде Сәбиттің Шәкен қайнұма жазған бірнеше хаттарын келтіріп отырмын. Сөзім етірік болмасын.

### Шәкен!

Соңғы хатың маган бірталаіт уайым алып келді. Ермектің мертіккені, биылғы сабактан қалғаны қызын болған екен. Жазылып кетсе, оқасы жең. Сабакқа үлгереді ғой әлі. Операция керек болса Кызылжарда жасатқан жөн. Онда мамандар көп қой. Жағдайыңа қараій көр.

Мениң саған «ал» тілін болмайды. Кастан да шынымды гана

айтам. Каражасат жайы да солай. Бірден мол жіберуге мүмкіндігім аздығын хабарладым. Қазір де жиналып-терілу үстіндемін. Бір соғымдық тұлға тауып жіберсем деймін. Оның сәті ноябрьге дейін түсетін сияқты. Ноябрь басында Қызылжардың орыс театры «Сәкенди» көрсетпек, мені де шақырмақ. Шақырса хабарланам. Мүмкін спектакльді бірге көрерміз. Ауа райы дұрыс болса, бірер күнге ауыла да согармын. Тез арада онада қоймайтын ауыл болды гой ол. Амал нешік. Облыс және аудан басшыларына сан рет айттым. Көзіңе «жарайды» деген болады да, ұмытады немесе ескермейді.

Алматыдан барған қазақтарды күте алмауың ештеңе етпес. Кайсысын қабылдай беруге шамаң келеді. Аруақ шақырып барғанга: бар болса тамагыңды, жоқ болса қабагыңды бере саларсың.

Ермек жайын хабарларсың. Қатты уайымдама, саулығыңа әсері тиер. Бұрынғы бір хатымда айтқандай, сенің сау, тірі болуыңды қатты тілейтін адаммын. Бұнымда ешбір дипломатия жоқ, туысқандық, көңіл гана бар.

Үй ішіңе, балаларға сәлем.

**Бауырың Сәбит.**

5 сентябрь, 1972 жыл. Алматы.

### **Шәкен!**

Соңғы қуанышты хатыңды алдым. Ермектің операциясыз жазылattyны оте жақсы болған. Енді, қашан айығып болғанша бақылау керек. Оқуды бір жылға дөгарса да болады. Оны көрерсіндер.

Бірер күн болды, телеграмма алдым – Сауыттың Әшикары қайтыс болған. Менімен бірге тұган қызызардан қалған үл еді, біраз уайымдап қалдым. Жасы 73-те болатын. Үл баланы ол кешігін көрген. Мен жсаназасына бара алмадым. Самолетке дәрігер рұхсат етпеді, поезден кешігетін болдым. Соңдықтан ығын-шығынына ұстар деп азын-аулақ қаражасат жібердім.

Саган да, Китандагы книжкаңа 500 сом аудардым. Ойым одан артықта еді, Әшикардың жаобдығы қосарланды. Әзірге осыны қанагат қыла тұр. Тіршілік, сауық болса, тағы да қарап жатпаспсыз.

Кызылжардың шақырап-шақырмасы әлі белгісіз.

**Ағалық көңілден – Сәбит.**

23/X-1972 жс.

Алматы.

## *Сүйікті Шәкен!*

Соңғы, 28 февральда жазған хатың мені біраз ойландырып, жүдемтіп тастады. Эсіресе, соңды «мүмкін ендігі келгенде меніз келерсің» деген сөзің. Аса бір ауыр сырқаттанған кісі болмаса, өмірден күдер үзбейді гой, шырагым. Кай күні өлерін ешкім де білмейді. Қашан кеудеден жан шыққанша – үміт дүниесі. Сондықтан қазақ: «тұстік өмірің болса – кештік мал жи» деп, тіршілік қамын жасай беретін.

Сен, мысалы, өткен өміріңді жаман жасасаған жсоқсың. «не жейін, не киейін» деген сұрау ешуақыт сенің басыңа кірген емес. Әлі де ондай халге жеткен жсоқсың. Жұмыстарың көп болғаны рас. Өйтпесе, өмір бола ма? Жалпы алғанда, бір жігіт сендей-ак тұрады. Сондықтан торыға қалатын халде емессің. Бала-шагаңның әрі жасырақ, әрі барырақ екені рас. Олар да әзірге тарыққан жсоқ. Және, «тәнірі асыраған тоқтыны бөрі жемейді» дегендегі, олардың несібесі өзімен. Хамза мен Фаббас бірдей өлін, бір семьядан жап-жас саган қарап қалғанда да Мұстафаның үйі түтін түтеп отырған. Мұраттың балалары да солай жетіліп кетеді. Өйткі үшін сенің тірі бола тұруың қажет. Бұл жайды бұрынғы хаттарымда да жазғам. Мениң зор тілегімнің бірі – сенің тіршілігің. Ұсақ балалар ер жетіп, ертең солардың асырарына қарық болмасыңды қайдан білесің? Сондықтан таусыла сөйлеудің қажеті жсоқ.

Маган келгенде, мениң семьяңа да, саган да қолдан келген көмекті аяган кезім жсоқ. Енді қартайған, іскерлігім азайған, саулығым кеміген жайдыңды жасасам, оған ренжісіген қалтыңды байқатысың. Несіне ренжисің? Бұл – табигат заңы. Дегенмен, бұрынғыдай көл-көсір қараспаганмен, «жен ұшынан берууді тоқтатпастың» дегенді де жазғам. Сол сөзім – әлі де сөз.

Туган ауылдың үйлері азайып, тұрмысы, шаруасы өркендей алмай келе жатуына екеуміз де қынжыламыз. Ол да заңды. Бірақ, түзесіп жіберуге сен де, мен де, қартайдық. Басқаруыш орындардың кейбіріне айтқан боламыз. Одан іс шықпаса, амал қанша? Әлі де айтып тырбанып көрерміз. Күшті бөлім жасалса – жасалар, жасалмаса – «Тұлқиойнаққа» қосыла кетерсіңдер, оны да уақытында көрерсіңдер. Оған да қайғыра қалудың қажеті жсоқ.

Сен маган кейде сол ауылга сені мен тұсан қойғандай гып жазасың. «Сәбіт ауылы» дегенге алданғаның рас та. Бірақ

оган тоқырауыңа одан басқа себептер де аз емес қой. Енді отырғынқ келер-келмесін өзің шеш. Меніңше, қартайған шақта ажыраудың қажеті жоқ. Өлгендеге де көмілетін жер керек қой.

Ермек пен Райханның Қызылжарда оқуына жағдай жасалғанда, сәті түстей қалды. Элі де ол ниеттен қайтпаган жөн. Алдагы күзде оларды солай орналастыру керек. Болмаса, Ермекті Алматыда оқытайды. Оған тағы қонқылдаймын дейсің. Өзіңе тиімдісін істе. Өзің қалай ұйгарсан, мен көмектесуге өзірмін.

Кықасы, сен сарыуайымга түсуді қой. Қалған азгана өмірінді жігермен откізуге тырыс.

Бізде аманшылық. Марат інің бауырынан ауырып, емделіп жастыр. Ол кандидаттық дипломын алған. Өліп қала ма деген қаупім бар. Тентектігіне қарамай, ең жақсы көретін және ерек туган балам еді, қабыргам қайысады. Жазылса деген тілек үстінде отырган жайым бар.

Өзгелері аман есіп жастыр. Бұғын 14 март күні тауга демалысқа кеткелі жастыр едім, кенет жүргегім қысып, дәрігер жібермей қойды... Кешікпей кетермін. Мен де ойланғыш, қайғырғыш болып кеттім. «Мың күнгі ұшпақтан бір күнгі тіршілік», енді өндірерім из болғанмен, тірі бола тұрғым келеді. Оны тағдыр білер. Кастан көзім жұмылғанша сені жақсы көруден, халық жеткеніше жәрдемдесуден тынбасын.

Хош бол, айналайын, жүдей көрме. Элі де қатар жасап, өмір қызығын бір көруге тілектеспін!

Сәбит.

14/III—1973 ж.

Р.С. Мектеп жайынан кейін хабарласармыз, казір жазар халім жоқ, толқып кеттім.

Бұл — Сәбиттің Шәкен бауырына жазған ең соңғы хаты. Тұп-тұра бір айдан кейін, 18-сәуір күні Сәбит кенеттен, жүрек дертінен қайтыс болды.

\*\*\*

Сәбиттің жақсылығы болар, өзі кеткеннен соң да, жанашыр жандар әрдайым қасымнан табылды. Музей ашамыз деп әбігер болып жүрген күндерде көктен іздегенім жерден табылып, Хакім Бекішев деген ескі достарымыздың бірі келе қалды. Сәбит сонау 1924 жылы Орынбор рабфагінде оқып жүргенде,

жазғы демалысында елге келіп, оқуға жетім балалар жинаған ғой. Сол жетім балалардың ішінде осы Хакім де бар екен. «Жас өспей ме» дейді ғой атамыз казак. Сол жетім бала оқып, адам болып, майданға қатысып, әртүрлі әскери қызметтерде жұрді. Сәбитпен өмір бойы аралас-құралас болып, тұғанымыздан кем болмады. Запастағы подполковник, кеудесі орден мен медальға толы жайсан азамат еді. Осыдан он жыл бұрын ауырып қайтыс болды.

Хакенін бүкіл өмір жолы Сәбиттің көз алдында болды. Соғыс кезінде, 1943 жылы «Правда» газетінің тілшісі ретінде майдан шебін аралап жүріп, Мәлік Фабдуллин мен осы Хакімге кездеседі. Хакен аузынан тастанамай айтып отыратын: «Армия штабының жаңына келіп, аттан тусе бергенде біреу: «қарағым, Хакім!» – деді. Жалт қарасам, Сәбен. Көзімнен ыстық жастың қалай ыршып кеткенін байқамай да қалдым. Әкем іздеп келгендей көрінді» деп әңгімелууден жаһықпаушы еді.

1953 жылы Хакім келіншегі Камал, қайын атасы Нұргали аксақал бар, Сәбитке арнайы сәлем беруге келіпті. Соғыс аяқталғалы кездеспеген ек, қатты қуандық. Нұргали аксақалмен Сәбит бұрыннан таныс болатын. Келінді де таныймыз. Хакім алғаш үйленгенде үлбіреген жас келінді бізге алып келіп, таныстырған. Ақ қағаздай, басында аппак береті бар, екі беті алмадай жас сұлуды келіндерініз деп таныстырғанда, Сәбит екеуміз ақ жол тілеп, бата бергенбіз.

Осы жолы арнайы іздеп келгендеріне риза болып, барымызша күттік. Соғыстан аман-есен келгенінің өзі олжа, бірнеше күн бойы думан құрдық. Оның үстінен Хакімді Талдыкорған облысы, Қапал ауданына әскери комиссариаттың бастығы қызып тағайындаған екен. Олар қайтуға жиналған кезде Сәбит мені оңашалап шығарып алып: «Мәке, маған бір ой келіп түр. Нұргали аксақал үлкен басымен үйімізге арнайы келіп отыр. Хакім болса туған інімдей. Соғыстан тірі оралтуының өзі – үлкен олжа. елде отырсақ, ат мінгізер ек. Мен бір ерлік жасап, кок мәшинені сыйлағым келіп отыр», деп ақылдасты. «Денің сау болса, әлі талай «Победа» мінерміз. Болсын, сыйлайық» дедім.

Қайтуға жиналған күні танертен шәй үстінде Сәбит майын тамызып сойлеп, іздеп келгендеріне раҳмет айта отырып: «Астымдағы атам – қек «Победа». Казак құрметті қонағына

астындағы атын сыйлайтының білесіздер. Осы мәшинемді сіздерге сыйлағалы отырмын», – деді. Қонақтарымыз азар да безер болды. «Сізді жаяу қалдырганымыз болмас» десті. Біздің Сәбит қөндірмей қоя ма?! Қисынның тауып сөйлеп кеп бергенде, тілінен бал тамызады. Үлкен баламыз – Арыстан екеуміз Ілеге шейін шығарып салдық. Қоштасарда көк мәшинені бір сипап, «бізге жаман болған жоқсын, бұларға да құт әкелгей!» деп он сапар тіледік.

Кейіннен бұлар да Алматыға көшіп келді. Екі үйіміздің бірі болып араласып тұрдық. Музейге жанашыр басшы іздел отырғанымда осы Хакім кез болды. Хакенің сол жылдары жинаған дүниесін өлі күнге дейін пайдаланып келесіндер. Бір шеге қақса да, Сәбен үшін деп отыруши еді.

\*\*\*

Қызым, екеуіміздің кітап жазамыз деген ниетіміздің арқасында талай жақсы азаматтарды еске алып, бір жасап қалдым-ау. Қөрген-бакканымды түгелдей жіпке тізейін, біреуміреу ұмыт қалмасын деп те ойладп қоямын. Кешегі өткен Әблілдә, Қалижан, Фали, Сырбай, Хамит, Қабдікәрім, Faфу бәрі де Сәбиттің інісіндей еді. Олардың озара достығын бүтінде артында қалған жақын-жыуғы жалғастырып, күні бүтінге дейін бір шәугім шәйімізді бөліп ішіп дегендей келе жатырмыз. Құлжамал Сырбайды, Бәтес Қабдікәрімді, Жәмиға әкесі Фалиды, Зайда Қалижанды, мен Сәбитті айтып, Бәқиза да қалыспай, басымыз қосыла қалса болды, әңгімемізді тауса алмаймыз. Бас қосуға сылтау іздел, қөргенше асығамыз. Құрбыларыма рахмет, мені көрсе болды, құшақтап, сүйіп, шын қөнілдерін білдіріп жатады. Іштеріндегі үлкені – мен. Кейде шақырған жерлерге бармай-ак қояйын, жасым үлкен, барлық жерге жүре беруге сендердей жас емеспін гой десем де, Құрбыларым қоярда қоймай, тіпті үйге оздері келіп, алып кетеді. «Мәке, сізсіз қызық емес» дейлі.

\*\*\*

... Сенің сұрап отырғаның, әлгі Балуан-Шолактың Фалиясының суреті ғой. Ол сурет Сәбитке 1960 жылдардың ішінде почтамен келген. Үлкен конвертке салынған суретке

мен онша мән бермей кете беріп ем, Сәбит мені қайыра шақырып алды. «Мәке, мына суретке қарашы. Кім деп ойлайсың?» – деді. Көз салсам, жаулық салған бір кемпір мен шал, «ие, бұлар кімдер?» деп таңырқадым. «Бұл – Фалия. Кәдімгі Балуан-Шолактың «Айым да сен, Фалия-ау, құнім де сен» дейтін Фалиясының нақ өзі», – деді. «Ойбай-ау, мына кемпірден мен сұлу шығармын. Жұрттың аузында жүрген әнге қарағанда, адамзаттың перісі ме десем, қаралайым ғана әйел ғой!?» – дедім. Сонда Сәбит маған қарап отырып: «Әй, Мәке... Әркімнің өз сұлуы бар емес пе... Мен сені жұз Фалияға айырбастар ма екем!» – деді.

1989 жылы Кекшетаудағы «Ботакөз» демалыс үйінде демалдым. Орта жастағы бір әйелмен танысып, тамаққа бірге барып жүрдік. Әңгімeden әңгіме шығып, Сәбиттің «Балуан-Шолак» романы жайында сөз қозгалды. Сол жерде әлгі келінішк: «Менің әкем – Жирембек деген кісі. Бала күнінен Фалияның бауырында өскен. Фалия – бала таптаған кісі. Әкемді асырап алыш, туған баласындағы өсірғен. Талай әңгімелерін тыңдалап ем, апам жайындағы» – деді. «Ие, шырағым, әңгіме сенде еken ғой. Әкен қазір бар ма?» – деп сұрадым. «Жоқ, 1972 жылты дүние салды», – деді Баян. Сәбене келген суреттің бір данасы оларда да бар екен. «Нақ сол кісінің өзі» деді. Баянның мекен-жайын, көрген-білгенін қағазға жазып, алыш келдім.

\*\*\*

...Әртіс біткенмен де тонның ішкі бауындағы араластық. Сәбит сонау 1926 жылы Қызылордада алғаш театр ашылғанда-ақ Құләш, Қанабек, Шара, Елубай, Серке т.б. қоян-колтық араласып, жиі қатысатынбыз. Құләштің ән салғаны-ай, шіркін! Бұлбұл десен бұлбұл! Шара мен Құрманбектің ойнағандары қандай! Екеуі қандай жарасушы еді! Олар сахнаға шыға келгенде әсерленбей, жәй отыру мүмкін емес еді. 1936 жылты алғашқы декадага (Москвадағы Қазак әдебиеті мен мәдениетінің онкүндігі. Г.К.) біздің әртістер мен құллі жазушы кетті. Олар Москвадан өте табысты оралып, тоғдан – той, әй, бір шырқадық-ау!

«Мөлдір махаббат», «Сәкен Сейфуллин», «Қашқар қызы», «Шоқан Уәлиханов» спектакльдері койылған кезде, Сәбит

ертеден қара кешке дейін солармен бірге жүретін. Репетицияға да қатысып, әртістердің ойнағандарына риза бол отырушы еді. Театрда жаңа бір дүние қойыла қалса, алдымен біз барып көретінбіз. Ойын біткен соң, «Сәбит ағаның үйіне барып, шәй ішеміз» деп бәрі жиылыш-төгіліп бізге келеді. Тұннің бір уағына дейін отырамыз; ән де бізде, күй де бізде, би де бізде. Қайран, жастық шак, өттің дәурен демеске амалың жок..!

Шоқанның ролін ойнаған Нұрмұхан Жанторин – өте бір талантты адам еді. Шоқанша киініп, шыға келгенде, тіпті өзі ме деп қаласын. Өте жақсы ойнайтын. Кім біледі, алда-жалда Сәбиттің осы спектаклі қайта қойыла қалса, Шоқанды қандай адам ойнар екен? Нұрмұханның ойнағанын көрген жандар ұмыта қойған жоқ шығар.

Өзіміздің елде, Қызылжар жақта да, Сәбиттің дүниелері жиі қойылатын. Өзің көткен соң да, біраз уақыт қойылып жүрді. Бірте-бірте сиреді. Жастардың талап-талғамы да өзгерген шығар деп жұбатып қоям өзімді. Бірақ Сәбит жазған дүниелердің өлмейтініне сенемін. Құндердің күнінде іздеушілердің табылары сөзсіз. Бұлай деп қүшейіп отырғанымның себебін өзін білесің. Мына 100 жылдық той карсанында Қызылжарда Сәбиттің атындағы облыстық казақ музыкалы драма театры ашылып жатыр. Сол театрға осы Алматыдан оқып бітірген, коллың саласындағы, небір әдемі қыз-жігіттер қызметке кетті. Өрімдей жас әртістерге қарап тұрып, баяғы 1926 жылы алғаш театр ашылғандағы көрініс көз алдыма келді. Олар осылардай еді... Жас еді бәрі... Мен бұларға сәт сапар тілеп, Сәбиттің театры да оміршең болсын, казақ халқына адал қызмет ете беріндер деп бата бердім.

\*\*\*

1965 жылы Қызылордаға Аскар Тоқмағамбетовтың алпыс жылдық тойына бардық. Думан біткен соң, Шымкент облысының бірнеше аудандарын араладық. Сәбит жүрген жерінің бәрінде де: «жас таланттар бар ма, оларды ел ішінен табуымыз керек» деп сұрастырумен болды. Ел ішіндегі кәрікүртан, шал-кемпіртерді жиып алыш, әңгімелесуден бір жалықнайты-ау! Осы жолы «Халық мұрасы» зерттеу енбегіне мол материал алыш қайтты. Қоғатеген қызық әңгіме естіп, бір байып қайтып еді. Әсіресе, Созак ауданында болған кезіміз

есімізде калды. Оның себебі бар. Сәбиттің өнгө, күйге өуестігін білетін басшылар: «Сәбене күй тартып беретін кісі керек», — деп күйшілер іздетіпти. Сол жолғы үлкен олжамыз — әрі күйші, әрі композитор Төлеген Момбековты жолықтырдық. Төлегеннің күй тарту мәнеріне риза болып, шын талантты тапқанын біліп, қатты қуанған. Қолма-қол оның күйлерін таспаға жаздырып алыш, Алматыға алыш келді. Келісімен Ахмет Жұбановка хабарласып, өзінің үлкен олжа тапқанын айттып мактанды. Кейін, көп ұзамай-ак Төлегенді Алматыға алдырыды.

Сәбиттің камқорлығын осы құнгі Әbdіjәmіл Нұрпейісов те, Сафуан Шәймерденов те көрген. Өздері де жүрген жерлерінде айттып жүреді. Мен де еске сала кетейін, артық болmas.

Әbdіjәmіл соғыстан оралған соң, Алматыға келеді. Жазушылар одағына келіп, Сәбиттің қабылдауын күтіп отырыпты. Одактың жұмысы коп емес пе, бірі кіріп, бірі шығып жатқан жүрт. Есік бір ашылған сөтте, Сәбит шинель киген бір жас жігітті аңдап қалыпты. Алыстан келген адам екені көрініп түр фой. Сәбит ішке шакырып алыш, жөн сүрайды. Танысып, жәй-жапсарын айта бастанпты. Жазған дүниелері бар екен, соларын оқып бергісі келеді.

Тұскі тамақ кезінде үйге Сәбит оны қасына ерте келді. Майданнан келген шинельді жігіт тым сыпайы, момындау көрінді. Қолына дәптерін қысып үстап алышты. Сәбиттің көңілі құлап отырғанын байқап отырмын. Әңгімелері жарасып-ақ отыр.

Кешкे Сәбитім тағы да әлгі жігітпен келіп түр. «Мәке, мына баланың жататын жері жоқ екен. Вокзалда түнеп жүрген көрінеді. Жаксы дүние жазып жүр екен. Таланты бар, үйде тұрсын» деп бәрін өзі кесіп-пішіп, сөйлеп отыр. Қарсы сөз деген бізде жоқ. Басы артық төсек болмаған соң, үлкен, кісі бойындаған сандық бар еді, соның үстіне жақсылап төсек салып бердім. «Ақ жайма дегенді алғаш Сәбен үйінен көрдім» деп осы құнге шейін өзі де айттып, қоймайтын көрінеді. «Курляндия» атты романын біздін үйде жатып жазды. Сәбит оның жазғандарын мұқияттындаған, риза бол отыратын. Өзімізде алты бала. Әbdіjәmіл жетінші бала болды.

Оку іздеп елден келген Сафуан Шәймерденов те алғаш біздін үйле жатты. Кабылдау аяқталып, жүрттың бәрі сабакта

жүргенде кешігіп келді. Сәбит университеттің ректорына бір жапырақ қағаз жазып беріп, баланың өзін жіберген. Сөз айтпастан, окуға қабылдапты. Жазуға икемі бар жас көрсө, назарынан қағыс қалдырмайтын. Үнемі қадағалап, әкесіндегі қамкор болып жүретін.

Үйде бір қызыметші орыс әйелі бар еді. Сырттан келіп, біз жокта біреулер келді ме десем, жаңа ғана ұзын балаңыз бен қысқа балаңыз келіп тамак ішіп кетті дейді. Олары – Әбдіжәміл мен Сафуан.

Тағы бір қызық оқиға есіме түсіп отырғаны. Ұмытпасам, Сәбиттің алпысқа келе қоймаған кезі. Одакта бастық. Ертемен тұрып серуендейтін әдеті болушы еді. Сыртқа шығып кеткен. Мен ертөнді шайының қамымен жүріп, дайын болған сөтте терезеден сыртқа қарасам, Сәбит біреумен әңгімелесіп отыр. Тесілінкіреп қарасам, киім қиісі ерекшелеу біреу. Сейтсе, теміржолшының қиімі. Бас қиімін колына сығымдай үстап, Сәбитке қызу әңгіме айтып отыр. «Мынаусы кім? Эй, Сәбит-ай, таң аттай, тауып алуын» деп сейлеп қойдым. Бір кездे қарасам, әлгі шалды ертіп кіріп келеді. «Мәке, аксақал алыстан, сонау ресейдің Саратов деген қаласынан келіпті. Баласын Алматыға алып келген екен, институтқа өте алмай жатқан көрінеді. Қемек берейін», – деп шалалы шайға шақырды. Әлгі жерде танысып, мән-жайына қанықтық. «Аштық жылдары бала-шагаммен көшіп Ресей кеттім, Саратов маңынан қоныс теуіп, темір жолға жұмысқа кірдік. Сейтіп, бала-шагамды аманесен сактап қалдым. Қанша дегенмен, туған жерді ансайды екенсін. Өз тағдырым осындаи болды, тым болмаса мына кенжем елін тапсын деп Алматыға алып келіп ем. Тәп-тәүір оқитын сияқты еді. Антүрған, бір емтиханнан «ұш» алып қалыпты. Енді конкурстан өте алмаймын деп отыр. Құдай ондағ, Сәбит қарағым, өзінді жолықтырдым. Жолым болатын шығар. Әүелі құдай, сósын өзін, шырағым. Институттың басшылары сіздің сөзінізді жерде қалдырmas» деп шалтықылдап отыр. Адамның іші-бауырын ерітіп, Сәбит түгіл, менің өзім шалдың баласы окуға кірсе екен деп уайым жей бастадым. Сол арада Сәбит дереу Тау-кен институтының қабылдау комиссиясына хабарласты. Бастығы – өзіміздің Евней Букетов екен. «Ойбай, Сәбе, конкурс катты. Тексеріс көп. Колдан келмейді. Ертерек неге айтпалының?» деп

шырылдап жатыр байғұс. Сәбит те бой берер емес. «Оу, бұл шал тегін емес. Өмір бойы темір жолда істеген казак көріп пе ен. Адасқан қаздай баласын альп, елім деп еніреп келіп отыр, бұны алмағанда кімді аласың!» – деп қысып жатыр. Эрі сөйлеп, бері сөйлем акыры Сәбит: «Жарайды, түсіндім. Мен Мәскеумен хабарласайын. Рұхсатты министрдің өзінен алайын» деп трубканы орнына қойды. Қысқасы, не керек, Мәскеуге де хабарласты. Министрмен сөйлесті, келісімін алды. Мәскеуден Евнейлерге телеграмма келіп, қарттың баласы окуга қабылданды. Осы күні ойлаймын: сол адамдар Сәбитті еске алар ма екен... Эй, ұмытпаған шығар...» «Аштықта жеген күйқаның дәмі ауыздан кетпес» деген емес пе, Сәбиттің шапағаты естерінде шығар...

\*\*\*

1970 жылы Сәбиттің 70 жылдық тойын өткіздік. Отыз күн ойын, қырық күн тойың деген осындей-ақ болар. Халықтың санында есеп болмады. Жиған-тергеніміздің бәрін шаштық. Ағыл-тегіл болдық. Елден келген туыс-туғанның бәрін ертерек шақырып алып, үстеріне арнайы күм тіккіздік. Бәрін де жұнптай ғып кийндеріп, сақал-мұрттарын жылтыратып, бір жасап қалды. Тойға сонау 1931 жылы Ленинградта жалдаған пәтеріміздің иесі – Елена Лукъяновна да келді. Бишара, әбден қартайған екен. Қазақтың тойын көрмеген адам, бәріне де аузын ашып, көзін жұмумен болды. Шапанымызды жауып, сәлем-сауқатымызды арқалатып, поезға шығарып салдық. Керемет риза бол кетті.

Жетпіске келген де бар, келмеген де бар. Қайран шалым, дүниеден өтерін білгендей, көп ұзамасын сезгендей, ерекше қөніл күймен, жас жігітше жайран қағып жүріп еді. «Мәке, аянбалық» деп өзі де құліп, жүртты да құлдіре сөйлеп, тым қөнілді жүрді. Сол жолы Сәбиттің тойы бүкіл елдің, халықтың тойы болып еді.

Сәбиттің көздегі кояды деп кім ойлаған. Анда-санда жүргінің сыр беріп қоятыны болмаса, былайынша ширак, күтімі бар, сап-сау адам.

Тек дәрігерлер алыс жолға шығуға рұхсат бермеді. Осылар-ақ төндіреді де жүреді деп ренжіміз ғой оларға. Алысқа болмағын деген сон, таудағы «Алатау» санаторийіне жолдама

алдық. Өзім барып орналастырдым. Екі кісілік бөлме. Көршісі Дихан Әбілев еken. Уақыты бітіп, қайткалы отыр еken. Сәбитті қөріп, қуанып: «Сәбенмен тағы бір мерзім бірге болайын» деп уақытын ұзартып алды. Мен де қарсы болмай: «Қасында үлкен кісі болғаны жақсы болды гой. Арап ішетін жын-сайтандар болса, мазасы кетер еді» деп көнілім орнығып, үйге қайттым. Күнде бір мезгіл барып, тәмағын, қымызын жеткізіп тұрамын. Барған сайын бетіне қараймын. Бұрынғыдай емес, сұлесоқ. Жайрандан отыратын Сәбиттім жоқ. Бір жерің ауыра ма десе, басын шайқайды. Жасы келді ғой, картайған деген осы шығар деп ойлай бастадым...

Үйге де келдік. Тынығып келген адамның кейпі емес. Құрсіне береді. Ештеңеге зауқы жоқ. Дәрігерлер тап басып ештеме айта алмады. Сонымен, он күндей уақыт өтті. Жүрек түсын укалай берген соң, дәрігерлерді шакырттық. Олар келгенше диванда қисайып жатты. Қасында шокиып мен отырмын. Тіпті, әкетіп бара жатқан ауруы да жоқ сияқты. Сау деуге тағы келмейді, әрі-сәрі бір күйде отырдық. Бір кезде кольмнан сипалап отырып: «Мен өліп қалсам, сен кіммен туарап екенсін, Мәке?» – демесі бар емес пе. Бетіне жалт қарап: «Қайдағыны неге айтасың?...» деп жылап қоя бердім. Сасып қалып: «Әншейін, ойыма келген соң айта салып ем, кешір, кешір!» – деп тағы бәйек болды. Сөйтіп отырғанда дәрігерлер келді. Әрі тыңдал, бері тыңдап: «Біз сізді алып кетеміз. Зембіл алып келіндер» деп біреулеріне бүйрыйк бере бастады. Сәбит зембілге жатқысы келмедин. Аналар да бой берер емес. Сәбит бәрібір конбей қойды. Тіпті болмаған соң, дәрігерлер: «Сіз үялсаныз, біз кешкеп келейік. Карапты түскен кезде ешкім көрмейді» деп көндірді. Біз де аң-таңбыз. Тұруға болмайтынын катты ескертіп, олар кете берді. Жүргегіме қауіп әлі де кіре койған жоқ. Өйткені, Сәбит сап-сау. Жамандыққа қалай киясын...

Кеш түсіп, коз байланысымен дәрігерлер жетіп келді. Зембілге салып, үйден алып шықты. Шалқасынан жатқызып, алып кетіп бара жатқанда жүргегім бір шым етті... алғаш рет сезік алдым.

Ауруханада көп жатқан жоқ. Бір жұмаға жетті ме, жетпеді ме, түс кезінде телефон шалтып, Сәбит нашар деген хабар алдым. Конітім әлі де болса сенбей, қауіпке бой алдырматым.

Жаман ырымды бастамайын деп, өзімді-өзім сендіруге тырыстым. Таңертең ғана сөйлеп, сап-сая жатқан адамға не боп қалды деп жол бойы ойлаумен болдым. «Мәке, апрель айының партвзносы төлентен жоқ еді, соны ұмытпа» деп қайта-қайта тапсырған болатын. Сәбиттен шығысымен бірден Одакқа келіп, онысын төледім. Баспаға хабарласып, шығайын деп жатқан он алты томдықтың жағдайын да білдім. Бар жаңағызды айтЫП, кешке барамын ғой деп отырғанда жаңағыдай хабар алдым. Үйден шыққанда батылдау шықсам да, ауруханаға жете бере әлім құрып, екі аяқ басуға келмей қалды. Бойымды қорқыныш әбден билеп алғанын енді сездім. Құдайыма қайта-қайта сыйынып, ішке ендім. Палатаға кіріп келгенімде, көзіме түк көрінбеді. Ылғи бір аппак дүние. Сойтsem, Сәбиттің қалатты бір топ дәрігерлер қоршап альпты. Зембілге салып та койған еken. Сұлық жатыр. Екі көзімен есікке қарап жатыр еken. Менің келгенімді көрді. Қозғала берген зембілмен бірге қатарласа беріп ем, маган колын созып: «Мәке, қалып қалма...» деді. Реанимацияға қалай кіргенімді, мені біреулердің бөгемекші болғанын, оларға жұлқына бой бермегенімді тап сол сәтте сезбедім. Сәбиттің бас жағында есім кіресілі-шығасылы күйде тұрдым. Дәрігерлер жанталасып жатты. Менің оларда шаруам жоқ, екі көзім Сәбитте. Бір кезде жанары жұмық, сұлқ жатқан адам, көзін кең ашып маган қарады да, үзіліп жүре берді. Ойбайды салып мен қалдым. Бар көрген-білгенім сол болды. Сол бір көзқарасы әлі қүнге есімнен кеттейді. Маган бір нәрсе айтқысы келді-ау деп ойлаймын. Ойына не келді еken, айта алмай кетті-ау, шіркін!

Жерлеуіне келген халықтың санында есеп болмады. Лек-лек боп ағылды да жатты. Қадірін бүкіл халық білгізді. Өзім де армансыз зарладым кеп. Сәбиттің тіршілік тоқтап қалғандай, жер бетін қара түнек басқандай, енді қайтып жарық сәуле қөрместей түніліп ем. Қу тіршілік-ай, десенші... Кеуденен Кашсан жаның шыққанша жүре бересін, итшілеп...

Басыма іс түскен сол бір қыын кезенде Дінмұхамет Қонаевка риза болдым. Өзі бас болып, үкімет басшылары барлық құрамымен келді. Қеніл айтЫП, Сәбитті актық сапарға шығарып салды. Жерлеуі, жетісі, қырқы, жылты сияқты рәсімдердің бәріне де үлкен комек берді. Үкімет үйінің

аспаздары мен қызметкерлері аяқтарынан тік тұрып, қызмет етті. Дастарханға керекті тағамдар, сусын-сулар жәшік-жәшігімен келіп жатты. Менің зарлағаннан басқа тірлігім болмады. Қіші қызым Жаннаның аяғы ауыр еді. Екі бүктетіліп, ішіндегі сегіз айлық баласына қауып төніп, ауруханаға өкетті. Келіндер де зарлап, аталарын жоқтап жатты.

Сәбиттің басына қойылатын ескерткіші бір жылдың ішінде дайын болды. Тұрған үйіміздің қабыргасына мемориалды тақта да қойылды. Сәбиттің атына көше де берілді. Осы жұмыстардың бәрі еш киындықсыз жүзеге асып жатты. Жақсының жақсылығын қайтып ұмытарсың... Осыдан оншақты жыл бұрын Димекеннің бәйбішесі қайтыс болды. Кезінде аралас-құралас жүрген адамдар ек. Кісі аяғы басылған соң, Димекене қоңіл айтуға бардым. Мені көріп, «Мәке-ай, өзіңіз келдініз-ау!» деп, катты риза болды. Қолымды қайта-кайта қысып, Зуһраны еске алғып, біраз отырдық. Жасаулы дастарханға шакырып, дәм татып кайттым. Келгеніме риза бол, жадырап қалды.

Сәбит қайтқанда жинақ кассамызда алты мың сом ақша қалыпты. Осыған біреу сеніп, біреу сенбеді. Құдамыз Мәжікен қасына Арыстанды ертіп алғып, барып анықтағанда, сенер-сенбесін білмепті. Біздер кейбіреулер сияқты тірнектеп жинап, уыстап ұстамадық қой. Шығын шықпай, кіріс кірмес деген қагидамен жүрген кіслеріміз біз. Еркін жүріп, еркін тұрдық. Алты баламыз болды. Егер олар өз айлықтарымен ғана күн көрсе, Сәбит екеуміз шынында да миллионер болып, осы күні Мәриямның мұртын балта шаппас еді. Жок, олай болмады. Балалырымыз да, немерелеріміз де Сәбит барда еш таршылық, жетіспушілік сезінген жок. Үлкеніміз Арыстаннның бес баласын да өзім өсірдім десем, отірік емес. Галя келінім бала қызғанатын кісі емес, өзі қыздай боп қолымда он тоғыз жыл жүрді. Ұлдарды үйлендіріп, қыздарды күйеуге беріп, бәрін де Сәбит өз қолымен атқарып кетті. Тек тұнғыш немереміз, Сәбиттің жанындај жақсы көретін Бакытжаның өзім үйлендірдім. Балалардың баладығы қала ма, Сәбиттің жылы отпей жатып үйленемін деп қоймаған соң, амалсыз келістім, бірақ тойды Арыстаннның үйіне жасаттым. Экесі – Арыстан, оғаш емес. Ал, Сәбиттің кеткеніне жыл толтай жатып, каралы үйіне тоі жасау деген оте үят нарсе ғой. Осыны айтып

отырған себебім, кей жастар, жастар дейміз-ау, қырыққа келіп қалған қырқылжындардың өзі осы бір қазағымыздың қағидасын біле бермейді. Өлікті қастерлеу, артын күті дегенді білген дұрыс қой. Әсіресе, қала жастары қазақы әдет-ғұрыпты бара-бара мұлде ұмыта ма деп корқамын.

... Қызым, естелік айтуды біраз үзіп алдық. Бәріне өзің қуәсін, тұла бойы тұнғышым, Сәбиттің орнындағы Арыстаным ұзак уақыт бойы ауырды ғой. Әкесінің мына жүз жылдық тойы қарсанында ол да көз жұмды. Қолдың саласындаш үш ұлымның артында қалам деп ойлаптын ба... Тағдырдың жазуына не шара... Арыстаным тұра әкесінің жасында, 73-інде кетті. Әкесі көз жұмған – 18-сөүірде жамбасы жерге тиіді. Сәбиттің баласы деп, келмеген адам жоқ. Рахмет, халқыма! Сәбиттің жұрттың сағынады екен!

Қазір дүние, заман өзгерді ғой. Әсіресе, 90-жылдардың басында астан-кестен болдық. Ауыз өзіміздікі деп сөйлеушілер көбейді. Әткеннің бәрін жоққа шығарғысы келетіндер де бар. Заман қалай құбылса да, менің анық білерім: нендей жүк арқаламасын, нендей әрекет етпесін – Сәбит халқына, Отанына адал қызмет етті. Халықтың мұлдесін ойлады. Тұған халқына – «Өгізінмін орғе сүйрер» деп өзі айтқандай – тек кана жақсылық тіледі. Тынымсыз енбек етті. Соңдықтан да мен үшін Сәбиттің жолы – ак, адал жол. Басқасын білмеймін.

Қайтыс болар жылы қағазға көп шүкшиды. Ренжіп, қағаз-каlam алдырмауға тырыссам да, онымнан түк шықпады. Әлсін-әлсін столына отырумен болды. «Өмір жетсе, жоспарым коп» дейтін.

– Жасың жетті ғой, аз енбек еткен жоқсың, енді тынығатын кезің келді емес пе? – дегенімді, бетіме ұзак қарап отырып:

– Коп шаруам орындалмай қала ма деп корқамын. Мен кеткен соң халық іздемей ме, Сәбит не тыңдырып кетті демей ме? – деді.

«Аккан жұлдызды» коя тұрып, «Қазақ қауымына» шұғыл қірісті. Шоқанды бәрібір бітіре алмасын сезіп, қазақ халқының әлсіт-ғұрпты туралты енбекті жазып кеткісі келгені анық. Өзі кеткен соң ол кітап қыскарып, жұп-жұқа боп, аты да өзгеріп шықты ғой. Баспа да отырғандар казақ деген атынан корыққан болу керек, «Халық мұрасы» деп атапты.

Сәбиттің 80-жылдығы, 90-жылдығы да ойдағыдан боп өтті.

Президентіміз – Нұрсұлтан балам арнайы құттықтау жолдағ, оны бір топ үкімет адамдары әкеліп, салтанатты тұрде табыс етті. Керемет риза болдым.

Енді, мына 100-жылдық тойын ЮНЕСКО деңгейіне дейін көтеріп жатыр. Сәбиттің Алматыда ескерткіші қойылып, Үлкен сарайда салтанатты жиылды болмақшы. Солтүстік Қазақстан облысының әкімі Қажымұрат Нағманов балам да аянбай жатқан көрінеді. «Кім келсе де, қанша келсе де қарсы алам» депті деп жүрт гүілдеп жүр. Елінің ықыласы ерекше. «Тас түскен жеріне ауыр» дегендей, намысты қолдан бергілері көлмей жатқанын сезіп отырмын. Сәбит мені осының бәрін көрсін деп әдейі тастап кеткен бе деп ойлап қоям. Өйткені, шалым менің қамымды алдымен ойлап жүруші еді.

Баяғыды Туманяның 100-жылдығына Сәбит мені алып барып, сонда оның кіп-кішкене, қуыршактай киіндіріп, отырғызып қойған кемпіріне қарап, таң қалғанмын. Әлгі кемпірдің басына шілтерден орамал салып, бала сияқты отырғызып қойыпты. Сейлеп жатқан, шуылдап жатқан жүртта шаруасы жок, отыр. Сол кезде оның жасы да сол жүзге жақындал қалған шығар–ау. Қасында отырған қыздарының өзі кәрі болатын.

Мен де Сәбиттің елдегі тойына қатысып, барып қайтпакшымын. Бірақ, құлайға шүкір, ешкімге салмақ салмаймын, аяқ өзімдікі. Тек сүйеніш үшін таяқ ұстауға тұра келеді. Сәбиттің әдемі емен таяғына сүйеніп, өүелі Құдай, сонан соң Сәбит қуат беріп, Мәриям 100-жылдық тойды тойлап қайтса, арман жок!

Туған халқымыз тұрғанда Сәбиттің аты ешқашан ұмытылмайтынына сенемін!

Сол жылдың аяғында «Алматы» санаторийінде Қожахметқызы Мәриям Мұқанкелінімен бір мезгілде дем алудың реті келді. Бізден екі-үш күн бұрын келген еken, Мәкең бізді көргенде:

— Сәбитсіз қалғаннан бері бірінші рет үйден аттап шыққаным осы. Қонылтақсып көніл хошым келмей жүр еді. Келін екеуінің санаторийге келгендерін жаксы болды ғой, — деп шының айтып салды. Сонымен, жиырма күннен астам бірге болдық; ауладағы серуенде де, концерт пен кино көрсек те, бөлмелеріміздегі шәй үстінде де, қаладан дос-жарандар әкелген дәмді татқанда да — бәрінде де Мәкеңнің аузынан көп-көп әңгіме естіп, колқалап сейлеттік те...

Неге десеніз: асыра мақтағандық емес, шыны да осы: туасыдана, ойлары сара казак қыздарының мандай алдылары көп болса, соның бірі Мәкең! Ең басты қасиеті адам таныптыштығы еken. Сол себепті аяулы Мәриям женгеміздің түске шейін шерткен әңгімесін мен түстен кейін қағазға түсірдім, түстен кейін айтқанын кешкіде хаттадым. Күндегі әдет сол болды. Сонымен сол бірге өткізген күндердегі естіген хикаялардан 30 беттей (машинакамен басылғандағысы) естелік қағаз бетіне түсти. Жиырма шакты күндей әңгімесін тындағанымда Мәкеңнің адамгершілігін де, айтқыштығын да терең тани түскендеймін... Оның үзінділері 1980 жылы «Жұлдыз» журналының №5 санында жарияланды. 1993 жылы Қожахметқызы Мәриям Мұқанкелінің «Мениң Сәбитім» атты естелігі «Шабыт» баспасынан 50 мың дана болып жарық қөрді. Кітапша көлемі 3 баспа табактай. Бірнеше суреттер берілген.

Сәбит Мұқановтың сыйласқан қаламdas дос інілерінің бірі болғандыктан кейін үлкен естелік те, қомакты зерттеме де жазған жайым бар.

Құдайға шүкір, Мәкеннің әңгімелерін елуінші жылдардың басынан бері үзбей тындал келемін. С.Мұқанов мұражайында 2-3 жылдай «Сәбит сабағын» жүргізгенімде де Мәкең әңгімелеріне қаныға түскен едім.

---

\*Бұдан алты жыл бұрын айтылған пікір-тілек

Айтқыш та ақылман қарияның артық-ауыс сөзі жок, ақыл-ойдың таразышысы секілді. Не жөнінде сөйлесе де кім жайында бага берсе де – ақиқаттан айнымайды, бүрган-бұлталагы, бүркеп- жасырғаны жок. Осының бәрінің басты себебі – адам танығыштығы, әр адамға, әр оқиғаға берер бағасын баяғыда-ак башайлап, бағамдап, буын-буын, түйін-түйін ой қорытып койғандығы. Өмірге ешкімнің көзімен қарамайды, өз көкірек көзімен көреді. Біреудің пікірінің уақытша «майын міну» деген ол кісіге атымен әдет емес... Тіпті, керек десеніз, ғұмырлық жұптасы-жұбайы Сәбиттің де сойылын соғып, сөзін сөйлемеп отыр-ау деп те айта алмайсыз. Тағы да айтайын: толғанысының бәрі өзінің тәл ойлары! Бұл – баға жетпес сапа қасиет. Мұндай дарын кейде оқымастыларға да, қаламгерлерге де жетіспей жатады. Мұндай айтқыштықта, ақиқатшылдықта бағыт-бағдар адастырмайды. Екінші тәнті ететіні – Мәриям жеңгейдің зеректігі, әрі зерде-жадының беріктігі, жасы ұлғайса да жаңылыстайтыны. Бұл да құдайдың өзі берген құт-сый, артықшылығы. Міне, осы қырлары «Менің Сәбитім» естелігінің мазмұндық, тартымдылық, тағылымдылық құндылығын арттырып, жоғары көтеріп түр... Кітап қызығылтықты оқылады. Естелік кілең бір жарқын детальдар мен автордың өзіндік бағамдарынан құралған. Оны мазмұндалап, дәйектемелер келтіріп жату артық болар еді.

Жетім бала, жалшы Сәбиттің ұлы талант иесі, жазушы академик, көрнекті қоғам қайраткері, құрескер, халық жанашыры әрі қамкоры болып танылғанға дейінгі өмір жолындағы азаматтық өзгешелігінен бірсыптыра мағлұмат алатыныңызға сенім мол. Қайшылықты, құрделі ғұмыр кешкен қызу қанды қайраткердің жолында кедір-бұдыр көп, қалысыз өтпегені де аян. Мәкең өз ойын былай түйеді: «Заман қалай құбылса да, менің анық білеғінім: нендей жұк арқаламасын, нендей әрекет етпесін – Сәбит халқына, отанына жақсылық тіледі, тынымсыз еңбек етті. Соңдықтан да мен үшін Сәбиттің жолы – ак жол, адаптация мен білмеймін!».

Кітапшада Сәбен бейнесімен қатар естелік иесінің өзінің де тұлғасы көзге айқын елеステЙДІ. Біреуі оқыған академик пен біреуі оқымаған академик! Адал жар, қамкор жұбай, балажан ана. көргенді келін, өнегелі ене, ақылтөй әже,

сыйымды абысын, сыйлас құрбы, жетелі женге – осы сапалардың бәрі де Мәкеннің бір басына сыйып тұр. Және биік денгейде! Бұл тұргыдан алғанда Мәриям Қожахметқызы – ұлағатты тәлімгер.

Әдette әдеби жазба жүргізгендер еркінсуге бейім. Автордың қаймағына сұт, сүтіне су құйып, сүйылтуға құмарлық байқалып қалатыны бар. Ол аз дегендей естелік иесінің өзіндік ойлау һәм сөйлеу мәнерін сактамай, сай өрлеу, ойларын бүрмалау немесе интеллектуалдық денгейін көтеремін деп сөзуарлыққа, қолдан жамау жапсыруға бойұрғыштықты талай естелік кітаптардан байқағанбайыз. Бір қуантатыны – естелікті қағаз бетіне түсірген Гүлнэр Құдабаева Мәкеннің әр сөзіне абылап қарал, сөйлеу мәнерін бек сақтаған, жанынан ештеңе қоса алмағаны айқын сезіледі.

Естелік кітаптың («Менің Сәбитімнің») ескерер жалғыз-ақ кемшилігі бар, оны елге естірте жасырмай айтудымыз ләзім: ол – Мокеннің жартығасырға жуық жайсан талант иесі Сәбитпен отасқан жылдарындағы түйген сырларын әлі түгелдей актарып түгеспегені, тәптіштей қотара баяндамағаны. Естуімше, С.Мұқанов музейінің тәжірибелі ғылыми қызметкері Гүлнэр Құдабаева Қожахметқызы Мәриямнің сыралғы досжаранындағы бауыр басқан, жасы кіші сырласы ретінде қасындағы кейуананың құнбе-құнгі ауыз-екі әңгімеліхикаиларын ерте демей, кеш демей қағазға түсіріп отырады, дейді. Міне, бұл әдеби сергектік, рухани жетелілік! Ендеше, «Менің Сәбитім» естелігі, халық қолды кітап үстемеленіп, толықтырылып, қалың болып, қайта басылуды керек етеді.

Өзі бас-көз болып шығарған «Шабыт» баспасы ма, әлде басқасы ма, бұл кітапқа мүдделі болар деп ойлаймыз.

Мұсафар ӘЛІМБАЕВ,  
Қазақстанның халық жазушысы,  
Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты.  
«Егемен Қазақстан», 03.06. 1994 ж.

**Сағынышым – Сәбитім**  
**(Естелік)**

*Естелікті хатқа түсіріп, баспаға өзірлеген Гұлнэр  
Жетпісқызы ҚҰДАБАЕВА – С.Мұқанов пен F.Мұсіреповтің  
мемлекеттік әдеби-мемориалдық мұражай кешені ғылыми  
бөлімінің меншерушісі.*

Редакторы Г.Құдабаева

Тех. редакторы А.Мұқышева

Суретшісі К.Бекенов

Компьютерде беттеген Г.Сихимова

Компьютерде безендірген А.Құрманғалиева

---

Теруге берілген күні 17.05.00. Басуға қол койылған  
күні 29.05.00. Пішімі 84x108 1/32. Шартты баспа табағы 6,05.  
Есепке атынаның баспа табағы 7,32. Тарапалмы 1500 дана.

Тапсырыс №416. Бағасы келісімді.

«Өмкө» баспасының өз баспаханасында басылды:

480002, Алматы қаласы. Достық даңғылы, 7.

т.: 33-22-21, 26-09-13.

каза,

16



Жол таптым бар қазактың, жүргөзіне,  
Осы да жеткі өзен тілесіне...

С. Сүтбеков

ӘКБ баспасы  
Алматы 2000